

СТАНДАРТТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ОРГАН

**Ғ. Мұхамбетов, Е. Кулешова,
Б. Абайұлы, Е. Хлопотных**

СТАНДАРТТАУ НЕГІЗДЕРІ

*Қазақстан стандарттау және
метрология институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған*

Астана 2023

ӘОЖ 006 (075.8)

КБЖ 30ц я73

М 92

*Қазақстан стандарттау және
метрология институтының Ғылыми кеңесі ұсынған*

Рецензенттер

Т.Б. Нұрашев, Еуразиялық экономикалық комиссияның Техникалық реттеу және аккредиттеу департаментінің директоры;

А.В. Юрченко, т.ғ.д., «Томск мемлекеттік университеті» ҰИ профессоры;

Т.Ю. Ратушная, т.ғ.к., ҚР еңбек сіңірген метрологы, ҚазСтандарт Ғылыми кеңесінің мүшесі.

М 92 Стандарттау негіздері: Оқулық/ Ғ. Мұхамбетов, Е. Кулешова, Б. Абайұлы, Е. Хлопотных / Қазақстан стандарттау және метрология институты. Астана: басылым, 2023. 212 б.

ISBN 978-601-80963-3-4

Оқулықта Қазақстан Республикасының заңнамасындағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, стандарттау жөніндегі негізгі ұғымдар, нормативтік, ұйымдастырушылық және әдістемелік қамтамасыз ету қарастырылған. Әртүрлі елдерде және әртүрлі экономикаларда стандарттау ерекшеліктері қамтылған. «Метрология, стандарттау, сертификаттау» пәнін оқитын жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған, сонымен қатар оқытушылар, аспиранттар, стандарттау және сапаны басқару саласындағы мамандар, сондай-ақ аралық арнайы пәндерді оқуда көптеген іскер адамдар пайдалана алады.

ISBN 978-601-80963-3-4

ӘОЖ 006 (075.8)

КБЖ 30ц я73

МАЗМҰНЫ

Алғысөз_	5
Қысқарған сөздер тізімі_	7
Кіріспе_	9
1-тарау. Стандарттау негіздері_	16
1.1 Қазақстан Республикасында стандарттаудың даму тарихы_	16
1.2 Қазіргі жағдайда стандарттау_	20
2-тарау. Ұлттық стандарттау жүйесі_	37
2.1 Стандарттаудың заңнамалық негізі_	37
2.2 Қазақстан Республикасындағы стандарттаудың ұйымдық құрылымы_	39
2.3 Стандарттау мақсаттары, объектілері, қағидаттары_	46
2.4 Стандарттау жөніндегі құжаттар_	52
2.5 Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер_	56
3-тарау. Мемлекетаралық стандарттау жүйесі_	61
3.1 Мемлекетаралық стандарттау жүйесінің ұйымдық құрылымы мен құқықтық негізі_	61
3.2 Мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу тәртібі_	66
3.3. Мемлекетаралық стандарттарды қолдану ерекшеліктері_	72

3.4. МАК қатысушы мемлекеттердегі стандарттау жүйесі	75
4-тарау. Халықаралық және өңірлік стандарттау	96
4.1 Стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдар	96
4.2 БАӘ стандарттау жүйесі	105
4.3 Түркия стандарттау жүйесі	107
4.4 ҚХР стандарттау жүйесі	110
4.5 Германия стандарттау жүйесі	120
5-тарау. Стандарттау процестері	126
5.1 Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу тәртібі	126
5.2 Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау	143
5.3 Экономика салаларында стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану және енгізу	146
6-тарау. Стандарттаудың өнім мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттырудағы және қамтамасыз етудегі рөлі	154
6.1 Стандарттау жөніндегі жұмыстардың тиімділігі	154
6.2 Стандарттауды дамытудың жаңа бағыттары	166
Қорытынды	208
Ұсынылатын әдебиеттер	209

АЛҒЫСӨЗ

Оқулық 2018 жылы қабылданған «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын, халықаралық модельге негізделген ұлттық стандарттау жүйесін құру мен анықтаудың негізгі қағидаттарын ескере отырып жазылды.

Оқулықта Қазақстан Республикасындағы стандарттаудың даму тарихы және қазіргі жағдайдағы стандарттау барысы баяндалған.

Сондай-ақ оқулықта мемлекетаралық стандарттау жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы мен құқықтық негізі, мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу тәртібі, мемлекетаралық стандарттарды қолдану ерекшеліктері көрсетілген.

Сонымен қатар БАӘ, ҚХР, Түркия, Германия сияқты шет елдерді мысал етіп, халықаралық және өңірлік стандарттау жөніндегі ұйымдары туралы түсінік берілген.

Оқулықта стандарттау процестері, стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу тәртібі берілген. Өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етудегі стандарттаудың рөлі көрсетілген. Стандарттау жөніндегі жұмыстардың тиімділігі және стандарттауды дамытудың жаңа бағыттары қаралды.

Оқулықпен жұмыс істеу барысында Қазақстанда және әлемде техникалық реттеу мен стандарттауды дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттардың

материалдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Стандарттау жөніндегі ұлттық органының мамандары жұмыс бабында жинақтаған тәжірибе пайдаланылды.

Материалды дайындауға және «Стандарттау» оқулығының жекелеген бөлімдерін жазуға Стандарттау жөніндегі ұлттық органның қызметкерлері қатысты, олар: А.Б. Шамбетова, А.А. Раззаренов, С.Ю. Радаев, Р.Ж. Аймағамбетова, М.А. Рамазанова, К.Т. Қалауова, Қ.З. Саттыбаева, Г.А. Лесбекова, А.М. Әміреева, Б.Б. Убиштаева, С.В. Кайликперова, Ә.К. Қойлыбай, А.М. Ілиясов, Т.Б. Агавов.

Авторлар оқулық жасауға қатысқандардың барлығына шын жүректен алғыс білдіреді.

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР ТІЗІМІ

ДСҮ	Дүниежүзілік сауда ұйымы;
IEC	Халықаралық электртехникалық комиссия;
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы;
ЕО	Еуропалық одақ;
ҚХР	Қытай Халық Республикасы;
АҚШ	Америка Құрама Штаттары;
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы;
SDO	Стандарттарды әзірлеу жөніндегі ұйым;
ASTM	Америка сынақтар мен материалдар қоғамы;
ASME	Америка инженер-механиктер қоғамы;
API	Америка мұнай институты – АҚШ ұлттық үкіметтік емес ұйымы;
«СТАНДАРТ-ИНФОРМ» ФМУК	«Ресей стандарттау институты» федерациялық мемлекеттік бюджеттік мекемесі;
AQSIQ	Қытай мемлекеттік нарық реттеу жөніндегі әкімшілігі;
CEI	Қытай өңірлік стандарттау жөніндегі ұйымы;
NTTAA	АҚШ технологияларды беру және дамыту туралы ұлттық заңы;
VDE – DKE	Германиядағы электр техника, электроника және ақпараттық технологиялар қауымдастығы;
ISI Karlsruhe	Карлсруэдегі Фраунгофер жүйелік және инновациялық зерттеулер институты;

МТК	Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі техникалық комитеті;
«ҰАО» РМК	«Ұлттық аккредиттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны;
«Атамекен» ҚР ҰКП	«Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы;
ЖЕАҚ	жария емес акционерлік қоғам;
ЗТБ	заңды тұлғалар бірлестіктері;
Е-ТК	электрондық техникалық комитеттер;
ЕАЭО ТР	ЕАЭО кедендік аумағында қолдануға және орындауға міндетті өнімге қойылатын талаптарды белгілейтін техникалық регламент;
ҚР ТР	Қазақстан Республикасының техникалық регламенті;
IDT	бірдей стандарт;
MOD	түрлендірілген стандарт;
НҚА	нормативтік-құқықтық акт;
MoU	өзара түсіністік туралы меморандум;
АКТ	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім;
МАК	Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес;
ISO	Халықаралық стандарттау ұйымы.

КІРІСПЕ

Адамның заттар мен процестерді ретке келтіруге деген ұмтылысы ғасырлар бойы қатал табиғатқа қарсы тұру барысында мүмкіндіктерді ұтымды пайдалану, пайда табу және шығындарды азайту мақсатында қалыптасты.

Қоғамның дамуы еңбек қызметін үнемі жетілдіріп отырды, жаңа еңбек құралдары мен түрлі бұйымдар жасалды, оларды қолданудың жаңа тәсілдері мен дағдылары пайда болды. Мұның бәрі табысқа кенелткен тәжірибені көбейту үшін осы қызметтің ең тиімді нәтижелерін іріктеп алу және көрсету қажеттілігіне әкелді.

Мұндай қарапайым ниет біртіндеп ежелгі дәуірдің өзінде пайда болған стандарттау сияқты қоғамдық қызметтің көп қырлы бағытын қалыптастыруға түрткі болды. Біртіндеп дами отырып, стандарттау өркениеттің барлық кезеңдерінде қоғамның мәдени, ғылыми, техникалық және экономикалық дамуына ықпал етті.

Заңдар мен моральдық нормалар, санау жүйесі, ақша бірліктері, салмақ өлшемі бірліктері, жазу, сәулет стильдері – бұлардың барлығы стандарттау көріністері.

Стандарттау нышандары осы ұғымның өзі пайда болғанға дейін әлдеқайда бұрын пайда болды. Айталық, б.д. дейінгі үшінші мың жылдықта Хеопс пирамидасын салу кезінде тек белгілі бір өлшемдегі тастар қолданылған. Ежелгі Египетте құрылыстарды салу кезінде барлық монументалды ғимараттар үшін белгілі бір өлшемдегі кірпіш қолданылды (қазіргі зерттеулер көрсеткендей 410 x 200 x 130 мм). Кірпіштің өлшемдерін арнайы тағайындалған шенеуніктер

бақылады. Бағаналары мен діңмаңдайшалары бар әйгілі грек храмдары аз мөлшердегі «стандартты» бөліктерден құрастырылған. Дәл осындай тәсіл Ежелгі Римде Еуропаның кейбір жерлерінде осы күнге дейін жұмыс істейтін әйгілі су құбырлары мен жолдарын салуда қолданылған. Су дөңгелектерінің өлшемдерін таңдау үшін римдіктер пропорционалды сандар әдісін қолданды.

Ежелгі уақытта Жапонияның орман қоймаларында стандартты өлшемдегі құрылыс бөлшектері сатылған. Құрылыс алаңын өлшеу үшін құрылыс эталоны ретінде ұзындығы орташа жапондықтардың бойына сәйкес келетін арнайы шитоқыма (татами) қолданылды.

Орта ғасырларда қолөнердің дамуы стандарттаудың қолданылу саласын арттырды. Сонымен, мысалы, тоқу өндірісі матаның параметрлерін, оның негізіндегі жіптердің санын, сондай-ақ шикізатқа қойылатын бірыңғай талаптарды қатаң реттеуге ықпал еткен уақыттың ең озық саласының дамуына ықпал етті.

Бірінші өнеркәсіптік төңкеріс – машиналарды қолдана отырып өндіріске көшу стандарттаудың айтарлықтай дамуына ықпал етті. Сонымен 1785 жылы француз инженері Леблан «дайындалған мылтықтардың кез келгеніне жарамды және өте сапалы, яғни бір-бірін алмастыра алатын» мылтықтарға арналған құлыптардың топтамасын жасап шығарды. Бұл идея әскерилердің назарын аударды және 1793 жылы америкалық өндіруші С. Витни АҚШ үкіметімен алмастырылатын бөліктері бар мылтықтардың үлкен топтамасын жеткізу туралы келісім жасасты, бұл олардың жаппай өндіріске шығарылуына жол ашты, бұдан мылтықтардың негізгі параметрлерін бекіту қажеттілігі туындады. Германиядағы осыған ұқсас міндеттерді шешу үшін

«Оберндорф» корольдік қару-жарақтар зауытында мылтыққа арналған стандарт қабылданды, осы стандартқа сәйкес мылтық калибрі 13,9 мм болуға тиіс деп бекітілді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап стандарттау барлық дерлік өнеркәсіптік кәсіпорындар жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұйымдарды зауытішілік стандарттау нәтижесінде аса жоғары пайда алу үшін өндіріс процестерін ұтымды етуге мүмкіндік туды. Стандарттау ірі фирмаларда, жеке кәсіпорындарда қарқынды дамыды.

Еңбек пен сауданы қоғамдық бөлуді дамыту стандарттауды ұлттық және халықаралық деңгейге көтерді. 1841 жылы Англияда, содан кейін басқа елдерде Джон Витворт әзірлеген бұрамалы бұrandаның бірыңғай параметрлерін енгізу атаулы оқиға болды. Осы жүйеде алдымен дюйммен өлшеуді қолданды, кейіннен бұл жүйе көптеген елдерде метрикалық жүйемен ауыстырылды. 1846 жылы Германияда теміржол жолтабаны енінің және вагон тіркемелерінің өлшемдерінің стандарты белгіленді. 1869 жылы алғаш рет илемделген болаттың стандартты профильдерінің өлшемдерін көрсететін анықтамалық жарық көрді. 1870 жылы кейбір Еуропа елдерінде кірпіш өлшемдеріне стандарттар белгіленді. Осы ұлттық және халықаралық стандарттаудың алғашқы нәтижелері елдер арасындағы сауданы дамыту үшін үлкен практикалық маңызға ие болды.

1878 жылы Парижде 19 ел өлшем бірліктерінің халықаралық бірізділенген жүйесін (SI) құруды бастаған Халықаралық метрикалық конвенцияны қабылдады. Метрикалық жүйе өлшеу дәлдігіне қойылатын талаптардың артуына және өнеркәсіп пен сауданың дамуына кедергі келтіретін осы саладағы негізсіз әртүрлілікті тоқтату қажеттілігіне байланысты құрылды.

Жиыrmасыншы ғасырдың басына дейін стандарттау жөніндегі жұмыстар негізінен жеке елдің, қаланың, кәсіпорынның аумағында бастамалар арқылы жүзеге асырылды.

XIX ғ. аяғында және XX ғ. басында Ұлыбританияның өнеркәсіптік өндірісін дамытуда үлкен жетістіктерге қол жеткізілді, бұл ұлттық өлшеу және стандарттау жүйесін үйлестіру және ұйымдастыру қажеттілігін тудырды. Осы проблеманы шешу үшін 1901 жылы Техникалық стандарттау комитеті ұйымдастырылды, ол кейінірек Британия стандарттау қауымдастығына (БСК) айналды.

XX ғ. басында көптеген елдерді табанды милитаризациялау өзара алмасу қағидатын міндетті түрде сақтай отырып, көп мөлшерде қару-жарақ өндіруді талап етті, бұдан өз кезегінде бірқатар ұлттық стандарттау ұйымдары, мысалы, Голландияда (1916), Германияда (1918), Францияда, Швейцарияда және АҚШ-та (1918) құрылды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін стандарттау барған сайын объективті экономикалық қажеттілік ретінде қабылдана бастады. Бельгияда және Канадада (1919), Италияда, Жапонияда және Венгрияда (1921), Австралияда және Швецияда (1922), Норвегияда (1923), Польшада және Финляндияда (1924), Данияда (1926) стандарттау жөніндегі ұйымдар құрылды.

1943 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан Стандарттау жөніндегі үйлестіру комитеті, сондай-ақ Лондонда және Нью-Йоркте бюро құрылды. 1946 жылы Лондонда аталған бюро негізінде 33 ел кірген Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO) құрылды. Қазіргі таңда ISO – шамамен 167 елдің өкілдері кіретін ең ірі халықаралық стандарттау ұйымдарының бірі.

ISO-дан басқа, стандарттауды енгізуді көптеген халықаралық және өңірлік ұйымдар жүзеге асырады. 1953 жылы алты ел – Франция, Бельгия, Нидерланды, ГФР, Италия және Люксембург үшін Еуропалық стандарттарды әзірлеуге уәкілетті Болат жөніндегі үйлестіру комиссиясы құрылды. 1961 жылы Париждегі отырыста Еуропалық экономикалық қоғамдастық пен Еуропалық еркін сауда қоғамының құрамына кіретін ұлттық стандарттау ұйымдарының өкілдері негізінен металлургия, құрылыс, кеме жасау, тоқыма және мұнай сияқты салаларда көптеген жұмыс топтары бар Еуропалық стандарттарды үйлестіру комитетін құрды.

Әлемдік стандарттау үлкен және қиын жолдан өтті, оны мынадай бірнеше кезеңге бөлуге болады:

I – стандарттаудың табиғи даму кезеңі (тілдің, жазудың, өлшемдер мен салмақтар жүйесінің пайда болуы);

II – стандарттаудың бастапқы кезеңі (XIX ғ. аяғы – XX ғасырдың бірінші жартысы); Ұлттық стандарттау жүйелерін дамыту;

III – заманауи стандарттау (XX ғ. екінші жартысы – 1990 жж.). Жаңа технологияларды және техниканың жаңа түрлерін енгізу;

IV – жоғары деңгейлі стандарттау (1990 ж. бастап). Стандарттаудың жалпы әлемдік сипаты, ақпараттық технологияларды дамыту.

Қазақстанда стандарттау бастапқыда Ресей мемлекетінің, содан кейін КСРО стандарттау қызметтерінің бөлігі ретінде дамыды. Стандарттау әдістері мен қағидаттары әртүрлі салаларда

қолданылғанына қарамастан, 1925 жылға дейін стандарттау мемлекеттік деңгейде дами алмады. Елде үш өлшем жүйесі жұмыс істеді – ескі орыс (аршын, фунт), британиялық (дюйм) және метрикалық (метр), бұл стандарттаудың дамуына және оның өнеркәсіп пен саудада кеңінен қолданылуына кедергі келтірді.

КСРО-да стандарттау пайда болған ресми күн 1925 жылдың 15 қыркүйегі – Еңбек және қорғаныс кеңесі жанындағы стандарттау комитетінің құрылған күні. Комитет мемлекеттік заңның күшімен бірдей алғашқы міндетті стандарттарды енгізді. Ұлы Отан соғысының басталар алдында КСРО-да 6000-нан астам стандарт қолданыста болды.

Соғыстан кейін стандарттау машина жасау, металлургия, химия салаларында айтарлықтай дамыды. Мемлекеттік стандарттаумен қатар салалық және зауыттық стандарттау дамыды. 1947 жылы КСРО ISO-ға мүше болды.

1954 жылы ел экономикасының салаларында стандарттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін КСРО Стандарттар, өлшемдер және өлшеу аспаптары комитеті құрылды. Технологиялық прогресті жеделдету, өнім сапасын жақсарту және өндірістің жалпы мамандануына негіз құру құралы ретінде стандарттаудың рөлі артты. Нормативтік-техникалық, жобалау-конструкторлық және технологиялық құжаттаманың бірыңғай жүйелері, салааралық жүйелер әзірленді.

Елдегі халық шаруашылығының қарқынды дамуынан, барлық салалардағы техникалық прогрестің қызу қарқынынан стандарттау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға жаңа, аса жоғары талаптар туындады. 1970 жылы Стандарттар, өлшемдер және өлшеу аспаптары комитеті Мемлекеттік стандарттау комитеті (Мемстандарт) болып қайта құрылды. XX ғасырдың 70 және

80 жылдары стандарттау жұмыстарының экономиканы дамыту бойынша маңызды міндеттер шешумен тығыз байланысы болғанымен сипатталады. Алғаш рет стандарттар мен техникалық шарттардың талаптарына сәйкес келмейтін өнім шығаруға экономикалық жазалау санкциялары қолданылады.

Қазақстан Республикасының егемен жолы 1991 жылдан бастау алды. 1994 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) және басқа да халықаралық ұйымдардың толыққанды мүшесі болып табылады.

Тарих тауарлардың, процестер мен көрсетілетін қызметтердің техникалық деңгейі мен сапасын үнемі арттырмай, өндірістің жаңа технологияларын енгізбей экономика мен өнеркәсіпті елестету мүмкін емес екенін көрсетті. Ішкі нарықтарда да, сыртқы нарықтарда да сатылатын өнімдер бәсекеге қабілетті болуға және ғылымның, техникалық өндірістің дамуының өзекті деңгейіне, эстетикалық және эргономикалық талаптарға, сондай-ақ тұтынушының қалауы мен сұраныстарына сәйкес келуге тиіс.

Осы міндеттерді шешудің тиімді тетіктерінің бірі стандарттау болып табылады, ал стандарттар дегеніміз экономика салаларындағы технологиялармен алмастырып, көбейтудің негізгі құралдарының бірі.

1-ТАРАУ

СТАНДАРТТАУ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Қазақстан Республикасында стандарттаудың даму тарихы

Қазақстан Республикасында бұрынғы КСРО нормативтерінің орнына өзінің нормативтік-техникалық құжаттары мен стандарттарын әзірлеу Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты.

1991 жылы желтоқсанда бұрынғы кеңестік кеңістікте ортақ экономикалық кеңістікті қалыптастыру мақсатымен ерікті негізде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды.

Бұрынғы Кеңес Одағы аумағында тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы осы елдердің стандарттау саласындағы жаңа ынтымақтастық түрлерін іздеуді талап етті.

Стандарттау саласында келісілген техникалық саясат жүргізу қажеттігін мойындай отырып, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің үкіметтері 1992 жылғы 13 наурызда Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясатты жүргізу туралы келісімге қол қойды.

Осы Келісімге қол қою, кейіннен Қазақстан Республикасының стандарттарын әзірлеу (ҚР СТ), мемлекетаралық стандарттарды (ГОСТ) әзірлеуге белсенді қатысу Қазақстан Республикасында стандарттау жүйесін қалыптастырудың бастамасы болды.

1992-2001 жылдар кезеңінде стандарттау жүйесінің алдында мынадай міндеттер тұрды:

- ▶ 1992 жылғы 13 наурыздағы Келісімге сәйкес мемлекетаралық стандарттауды дамыту;
- ▶ халықаралық нарықты игеру қажеттігіне және Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруге дайындыққа байланысты Қазақстан стандарттарын халықаралық стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмыстарды жандандыру;
- ▶ міндетті сертификаттауға жататын өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге арналған мемлекеттік стандарттарды бірінші кезекте әзірлеу; 9000 сериялы ISO халықаралық стандарттарын енгізу және осы стандарттарға сәйкес келетін отандық сапа жүйелерін құру.

Қойылған міндеттерді шеше отырып, Қазақстан Республикасында стандарттау біртіндеп кеңестік модельден халықаралық модельге көшті.

Тарихи тұрғыда стандарттауды дамытудың жаңа кезеңі 1993 жылы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу және қолдану арқылы тұтынушылардың мүдделерін мемлекеттік қорғау шараларын айқындаған «Стандарттау және сертификаттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануынан бастау алады. Осы Заңның күшіне енгізілуіне байланысты КСРО заңнамасында белгіленген стандарттардың жалпыға бірдей міндеттемесінен міндетті талаптарды да, ұсынылатын талаптарды да қамтитын стандарттарға көшу жүзеге асырылды.

1999 жылы «Стандарттау және сертификаттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстанның

дамуын және нарықтық реформалар жүргізілуін ескере отырып қайта қаралды және жаңа «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды.

Нарықтық қатынастар мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында қадағалау, сертификаттау және стандарттау органдарын бөлу мәселесін көтерді.

Стандарттау саласында қарқынды жұмыс жүргізілгеннен кейін 2004 жылғы 18 наурызда отандық стандарттау жүйесін толық қайта ұйымдастыруға арналған және «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшін жойған, 2004 жылғы 9 қарашада күшіне енген «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы қабылданды.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты мемлекеттік техникалық реттеу жүйесін реформалау негізі қаланды. Реформалаудың негізгі идеясы нарықтық экономикаға және халықаралық тәжірибеге сай келетін, өнімге, оны өндіру және іске асыру процестеріне міндетті және ұсынылатын талаптарды белгілеу және қолдану мәселелеріне жаңа тәсілді енгізу қажеттілігінен туындады [1].

Қазақстандағы көптеген кәсіпорындардың меншік нысанының өзгеруі, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің еркін нарықтарын, өндірістік саладағы нарықтық реттеу элементтерін қалыптастыру, технологиялық базаны жаңарту процестерін едәуір жеделдетудің және жаңа өнім жасаудың қажеттілігі, яғни соңғы жылдары орын алған ел экономикасының бүкіл құрылымының өзгеруі елде қазіргі заманғы стандарттау жүйесімен қамтамасыз етілуге және қолдау табуға тиіс.

2015 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік

Сауда Ұйымының (ДСҰ) толыққанды мүшесі болды, бұл елдің сыртқы экономикасын дамытуға қуатты серпін жасады.

Қазақстан Республикасы ДСҰ-ға кіруі үшін техникалық реттеу саласындағы заңнаманы халықаралық міндеттемелерге сәйкес келтіру қажет болды.

Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісім (СТК жөніндегі ДСҰ Келісімі) шеңберінде стандарттар ұсынымдық сипатта болуға тиіс, ұлттық стандарттар көп деңгейде халықаралық талаптарға сәйкес келуге тиіс, ал міндетті талаптар техникалық регламенттерде белгіленуге тиіс.

Стандарттау – ерікті сала, осы ескеріле отырып, ол техникалық реттеудің міндетті құқықтық жүйесі шеңберінде жұмыс істей алмайды және жеке заңнамалық реттеуді қажет етеді, стандарттаудың техникалық реттеу жүйесінен қоғамдық қатынастардың жеке саласына кешенді ауысуы қажет болды.

2014 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 10 маусымдағы №635 қаулысымен Техникалық реттеу және метрология жүйесін 2020 жылға дейін жетілдіру жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Кешенді жоспардың 11-тармағында «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу көзделген.

2018 жылы 5 қазанда стандарттаудың құқықтық негіздерін, оның ішінде ұлттық стандарттау жүйесінің жұмыс істеу қағидаттарын белгілейтін және стандарттау саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етуге бағытталған «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [2].

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұлттық стандарттау жүйесінің стратегиялық

мақсаттарын – Қазақстанның әлемдік экономикаға және халықаралық стандарттау жүйелеріне тең құқылы серіктес ретінде интеграциялануына жәрдемдесу, саудадағы техникалық кедергілерді азайту, қауіпсіздікті, адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін сақтауды қамтамасыз ететін өнімге қойылатын техникалық талаптарды белгілеу, қорғаныс қабілетін, экономикалық, экологиялық, ғылыми-техникалық және технологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарын айқындайды.

Заңда стандарттау саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, стандарттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді стандарттау саласындағы уәкілетті орган ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын Стандарттау жөніндегі ұлттық орган жүзеге асыратыны белгіленген.

1.2. Қазіргі жағдайда стандарттау

Халықаралық интеграциялар мен ынтымақтастық процестерінің қазіргі жағдайында сауда мен инновацияларды дамыту және ілгерілету құралы ретіндегі стандарттаудың рөлі үнемі артып келеді.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын, қауіпсіздігін және функционалдық үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін жаһандық алаңдағы қазіргі қоғам тек қана «стандарттар тілінде бір-бірімен сөйлесе алады» деп сенімді түрде мәлімдеуге болады.

Қазіргі заманғы стандарттау көптеген қызмет түрлерін дамытуда шешуші рөл атқарады және өндірістік-техникалық, сауда-экономикалық, әлеуметтік және басқа қатынастарды қамтиды. Заманауи экономика жағдайында өнімнің

сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты проблемалар өзекті бола түсуде. Бұл әсіресе азық-түлік өнімдеріне қатысты: оның қауіпсіздігі мен сапалық сипаттамаларының деңгейі сыртқы нарықтағы бәсекелестікте өте маңызды рөл атқарады. Бұл ретте нарықта мәлімделген сапа мен қауіпсіздік көрсеткіштеріне сәйкес келмейтін бірмаша өнімдер бар. Бұл жаһандық проблема және осымен барлық елдер бірлесіп күресуде. Стандарттау өнімнің сапасы, қауіпсіздігі және оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі мәселелерімен айналысады. Бұл дамыған нарықтық экономикасы бар елдердегі стандарттау жұмыстарының ауқымымен расталады.

Нарықта сапасыз өнімді жою бойынша стандарттаудың рөліне нормаларды, техникалық талаптар мен ережелерді белгілеу тұрғысынан баға жетпейді. Стандарттау тұтынушылардың сенімін арттырады, қоршаған ортаны қорғауға қызмет етеді, стандарттаудың түпкі нәтижесі халықтың өмір сүру сапасының деңгейін арттыру болып табылады.

Стандарттау саласы шағын және орта бизнесті дамытуда өте маңызды рөл атқарады, өйткені олардың ресурстары шектеулі, бизнесті жүргізуге қажетті бағыттар мен талаптарды алу үшін Стандарттау жөніндегі ұлттық органға жүгінеді.

Бүгінгі таңда экономиканың көптеген секторларындағы ғылыми-техникалық прогрестің әлеуеті, халықаралық ынтымақтастықтың өсу қарқыны стандарттау алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Стандарттау жүйесі өнімнің қауіпсіздігіне, сапасына және бәсекеге қабілеттілігіне кепілдік беретін, сол арқылы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін қызметтің маңызды секторларының біріне айналуға.

Қазақстан Республикасы белсенді интеграциялық саясат жүргізіп келеді, осы саясаттың аясында халықаралық және өңірлік стандарттарды үйлестіру бойынша жұмыстар жүйелі негізде жүргізілуде. Еліміздің халықаралық ынтымақтастыққа қатысуы қатысушы елдердің тауар айналымын дамытуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өнімдері мен көрсетілетін қызметтеріне сұранысты арттыруға ықпал етеді. Мұндай саясат Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау жүйесін қалыптастыру және дамыту процестеріне де әсер етті.

Осы аспект аясында ұлттық жүйеге ең алдымен интеграциялық экономикалық бірлестіктер, сондай-ақ біздің еліміз мүше болып табылатын стандарттау саласындағы халықаралық бірлестіктер шеңберінде алынған міндеттемелер әсер етеді.

Мәселен, сауда мәселелерін реттейтін ең ірі интеграциялық бірлестік Дүниежүзілік сауда ұйымы болып табылады. Осы ұйым шеңберіндегі стандарттау мәселелері Саудадағы техникалық кедергілер туралы келісімде [3] қозғалады.

Осы Келісімнің 4-бабы ДСҰ-ға мүше елдердің стандарттау жөніндегі үкіметтік органдарын стандарттарды әзірлеуге қатысты Әділ практика кодексін тануды және сақтауды қамтамасыз етуге шақырады. Стандарттау жөніндегі органдардың Әділ практика кодексінің ережелерін сақтауына қатысты мүшелердің міндеттемелері стандарттау жөніндегі органның Әділ практика кодексін (бұдан әрі – Кодекс) тануына немесе танымауына қарамастан қолданылады.

Кодекс орталық үкіметтік орган, жергілікті үкіметтік орган немесе үкіметтік емес орган болып табылатынына қарамастан, мүше мемлекеттің

аумағы шегіндегі кез келген стандарттау жөніндегі органдар үшін ашық.

Кодексті қабылдайтын немесе одан шығатын стандарттау жөніндегі органдар аталған факт туралы Женевадағы ИСО/МЭК Ақпараттық орталығына хабарлауға тиіс.

Кодексті қолдану мынадай базалық тәсілдерді енгізуді көздейді:

- ▶ стандарттарға қатысты стандарттау жөніндегі орган ДСҰ-ның кез келген басқа мүшесінің аумағынан шығарылатын тауарларға ұлттық шығарылған ұқсас тауарларға немесе кез келген басқа елден шығарылатын ұқсас тауарларға берілетін режимнен кем емес қолайлы режимді ұсынады;
- ▶ стандарттау жөніндегі орган стандарттар халықаралық саудада артық кедергілер тудырмайтындай немесе тудыруға әкелмейтіндей етіп әзірленуін және қолданылуын қамтамасыз етеді;
- ▶ егер халықаралық стандарттар қолданыста болса немесе оларды әзірлеу аяқталса, стандарттау жөніндегі орган мұндай халықаралық стандарттар немесе олардың тиісті бөлімдері тиімсіз немесе жарамсыз болған жағдайларды қоспағанда, мысалы, қорғау деңгейінің жеткіліксіздігі немесе елеулі климаттық немесе географиялық факторлардың немесе маңызды технологиялық проблемалардың салдарынан оларды немесе олардың тиісті бөлімдерін өзі әзірлейтін стандарттар үшін негіз ретінде пайдаланады;
- ▶ стандарттарды барынша кең негізде үйлестіру мақсатымен стандарттау жөніндегі

орган өз мүмкіндіктері шегінде стандарттарды қабылдаған немесе қабылдауды жоспарлаған салада халықаралық стандарттарды тиісті стандарттау жөніндегі халықаралық органдардың дайындауына толыққанды қатысады;

► мүше мемлекеттің аумағы шегіндегі стандарттау жөніндегі орган ұлттық аумақтағы басқа стандарттау жөніндегі органдардың қызметімен немесе тиісті стандарттау жөніндегі халықаралық немесе өңірлік органдардың жұмысымен ішінара сәйкес келу немесе қайталану болмауы үшін жан-жақты күш салады. Ол сондай-ақ әзірленетін стандарттар бойынша ұлттық негізде консенсусқа қол жеткізуге жан-жақты ұмтылады. Сол сияқты өңірлік стандарттау жөніндегі орган тиісті стандарттау жөніндегі халықаралық органдардың қызметінің қайталануын немесе ішінара сәйкес келуін болдырмауға жан-жақты тырысады;

► тиісті жағдайларда стандарттау жөніндегі орган тауардың конструкциясына қойылатын талаптарға немесе оның сипаттамасына емес, оның пайдалану сипаттамаларына қойылатын талаптарға негізделген стандарттарды бекітеді;

► стандарттау жөніндегі орган алты айда бір реттен кем мерзіммен өзінің атауы мен мекенжайын көрсете отырып, қазіргі уақытта әзірленіп жатқан стандарттар бойынша жұмыс бағдарламасын, сондай-ақ алдыңғы кезеңде бекітілген стандарттар жөніндегі ақпаратты жариялайды. Сұраныс бойынша стандарттардың нақты жобаларының атаулары ағылшын, испан немесе француз тілдерінде ұсынылады. Жұмыс бағдарламасының бар екендігі туралы хабарлама

стандарттау жөніндегі қызмет туралы ұлттық басылымда немесе мән-жайларға байланысты өңірлік басылымда жарияланады;

▶ стандарт қабылданғанға дейін стандарттау жөніндегі орган ДСҰ-ға мүше мемлекеттің аумағы шегінде мүдделі тараптардың стандарт жобасы бойынша ескертулер беруі үшін 60 күндік мерзімді белгілейді. Осы кезең қауіпсіздікке, денсаулыққа немесе қоршаған ортаға қатысты кезек күттірмейтін мәселелер туындаған немесе туындау қаупі болған жағдайларда қысқартылуы мүмкін. Стандарттау жөніндегі орган ескертулер беру үшін бөлінген кезеңнің басталуынан кешіктірмей арнайы басылымда ескертулер беруге бөлінген мерзім туралы хабардар ететін хабарлама жариялайды. Мұндай хабарламада стандарт жобасының тиісті халықаралық стандарттардан қаншалықты ауытқитындығы көрсетіледі.

▶ ДСҰ-ға мүше мемлекеттің аумағы шегіндегі кез келген мүдделі тараптың өтініші бойынша стандарттау жөніндегі орган ескертулер үшін өзі ұсынған стандарт жобасының мәтінін тез арада ұсынады немесе оны ұсыну үшін шаралар қабылдайды. Жеткізудің нақты құнын есептемегенде, осы қызмет үшін есептелетін кез келген төлемдер мен сыйақылар шетелдік және отандық тұлғалар үшін бірдей болып табылады;

▶ стандарттау жөніндегі орган стандарт бойынша одан әрі жұмыс процесінде ескертулер беру үшін бөлінген мерзім ішінде алынған ескертулерді ескереді. Тиісті өтініш бойынша, Әділ практика кодексін таныған стандарттау жөніндегі органдар арқылы алынған

ескертулерге жауап барынша қысқа мерзімде беріледі. Осы жауапта тиісті халықаралық стандарттардан ауытқу қажеттілігінің себептері көрсетіледі;

► стандарт қабылданғаннан кейін ол тез арада жарияланады;

► ДСҰ-ға мүше мемлекеттің аумағы шегінде кез келген мүдделі тараптың өтініші бойынша стандарттау жөніндегі орган өзінің ең соңғы жұмыс бағдарламасының немесе өзі әзірлеген стандарттың мәтінін тез арада ұсынады немесе оны ұсыну үшін шаралар қабылдайды. Нақты жеткізу құнын есептемегенде, осы көрсетілетін қызмет үшін есептелетін кез келген төлемдер мен сыйақылар шетелдік және отандық тараптар үшін бірдей болып табылады.

Қазақстан сонымен қатар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) осы интеграциялық бірлестік құрылған сәттен бастап толыққанды мүшесі болып табылады. ЕАЭО туралы шартқа сәйкес техникалық реттеу өнімге немесе өнімге қойылатын міндетті талаптармен байланысты жобалау (іздіструді қоса алғанда), өндіру, құрылыс, монтаждау, баптау, пайдалану, сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілеу, қолдану және орындау саласындағы құқықтық қатынастарды, сондай-ақ сәйкестікті бағалау саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу ретінде айқындалады.

Бұл ретте техникалық реттеудің негізгі қағидаттары ретінде Шартта, басқалармен қатар, мынадай стандарттау қағидаттары айқындалған (51-бап):

- стандарттарды қолдану еріктілігі;
- мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу және қолдану;
- мемлекетаралық стандарттарды халықаралық және өңірлік стандарттармен үйлестіру.

Бұдан басқа Шарттың 52-бабының 3-тармағында Одақтың техникалық регламентінің талаптарын орындау және Одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін бағалау үшін ерікті негізде халықаралық, өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар, ал олар болмаған жағдайда (өңірлік (мемлекетаралық) стандарттар қабылданғанға дейін), мүше мемлекеттердің ұлттық (мемлекеттік) стандарттары қолданылуы мүмкін екендігі айқындалған.

Стандарттар іс жүзінде екі ТМД мен ЕАЭО интеграциялық бірлестігі арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Ал жоғарыда айтылғандар ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағында іске асырудағы техникалық регламенттер, ең алдымен, мемлекетаралық стандарттарға (ГОСТ) негізделетінін көрсетеді. Бірақ бұл ретте өтпелі шара шеңберінде интеграциялық құрал ретінде бірыңғай ГОСТ әзірленгенге дейін қолданылатын ұлттық стандарттарды қолдану жалғаса береді.

Халықаралық және өңірлік стандарттау шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау жүйесі жұмысының аспектілерімен осы оқулықтың 3 және 4-тарауларында толық танысуға болады.

Қазіргі заманғы ұлттық стандарттау жүйесі «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI [2] және «Техникалық реттеу туралы» 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI [1] заңдарымен регламенттеледі және ұлттық техникалық

реттеу жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Техникалық реттеу жүйесі еуропалық модельдің (екі деңгейлі модель) жаңа жаһандық екі деңгейлі тәсілінің қағидаттарына негізделген.

Бірінші деңгей – өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін міндетті талаптар тұжырымдалған техникалық регламенттер.

Екінші деңгей – стандарттау объектілерінің сапасына қойылатын талаптарды қамтитын стандарттар.

Еуропада қабылданған жаңа тәсіл қағидаттарына сәйкес, техникалық регламенттерде өнімге қойылатын, яғни қауіпсіздіктің ең төменгі қажетті деңгейін айқындайтын маңызды талаптар ғана белгіленеді. Техникалық регламенттерде белгіленген талаптарды орындау үшін өндіруші қол жеткізуге міндетті нақты көрсеткіштер ерікті стандарттарға енгізіледі. Ерікті стандарттар тұтынушыға ең үздік өнімді жеткілікті мөлшерде және ең қолайлы бағамен ұсынуға мүмкіндік беру үшін өндірістің шығынсыз тәсілдері арқылы жоғары сапалы өнімдерді алуға ықпал етеді. Екінші жағынан, өндіруші де тауарға сұраныс пен ұсынысты ескере отырып, өнімді өндіруге арналған ерікті стандарттарды таңдай алады және осылайша оған қандай стандарттар қажет екенін және оларды қолданатынын-қолданбайтынын анықтай алады.

Екі деңгейлі модель қолданыстағы стандарттарды қолдана отырып, техникалық регламенттерді тиімдірек әзірлеуге мүмкіндік береді. ISO/IEC 2:2004 нұсқауына сәйкес, техникалық регламент – бұл техникалық талаптар тікелей немесе стандартқа, техникалық шарттар құжатына немесе ережелер жинағына сілтеме жасау арқылы немесе осы құжаттардың мазмұнын қосу арқылы қамтылған регламент. Техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде

мүмкіндігінше ұлттық стандарттарға сілтемелер пайдаланылуға тиіс. Бұл саудадағы кедергілерді жоюға ықпал етіп қана қоймай, ең бастысы заңнамалық қызметті жеңілдетеді әрі жеделдетеді [4].

Стандарттау – ерікті сала екені ескерілсе, ол техникалық реттеудің міндетті құқықтық жүйесі шеңберінде жұмыс істей алмайды және жеке заңнамалық реттеуді қажет етеді, стандарттаудың техникалық реттеу жүйесінен қоғамдық қатынастардың жеке саласына кешенді ауысуы қажет болды.

Осылайша, қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында техникалық реттеу мен стандарттау әртүрлі заңнамалық актілермен:

- «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы арқылы міндетті саладағы әкімшілік құрал ретінде;
- «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы арқылы ерікті салада регламенттеледі.

Әлемдік қоғамдастықта стандарттау – бұл сенімділікті қалыптастыратын, сонымен қатар саудадағы техникалық кедергілерді жоюға, экономиканың дамуын ынталандыруға, өнеркәсіптік саясатты анықтауға, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және инновацияларды дамытуға ықпал ететін өнім сапасын реттеудің маңызды құралы. Халықаралық стандарттау ұйымының (ISO) деректері бойынша, экономикада шешімдер қабылдау кезіндегі стандарттардың макроэкономикалық үлесі (Германия, Жаңа Зеландия, Франция, Австралия) ЖІӨ-нің жылдық өсімінің 1%-ын алуға және еңбек өнімділігін 30%-ға дейін көтеруге мүмкіндік береді.

Германия, Ұлыбритания, Испания, Австрия,

Норвегия және ҚХР сияқты елдерде стандарттау субъектілері арасында өнімдерге және олардың өмірлік циклінің процестеріне міндетті және ерікті талаптарды белгілеу және қолдану бойынша құқықтық қатынастарды белгілейтін заңдар қолданылады.

Қазақстан Республикасының Еуразиялық экономикалық одақ пен ТМД-дағы серіктесі болып табылатын Ресей Федерациясының стандарттау жүйесі осыған ұқсас жолмен дамуда («Ресей Федерациясындағы стандарттау туралы» Федерациялық Заң 2015 жылдан бастап қолданылады).

Сонымен қатар әлемдік тәжірибе көрсеткендей, стандарттау өнеркәсіпті дамытуда да, жалпы экономикада да экономикалық артықшылық беретін қуатты құрал болып табылады.

Осылайша, қазақстандық модельді үйлестіру «мемлекет – бизнес – тұтынушы» «тең құқылы» құқықтық қатынастарымен ұлттық стандарттау жүйесін құрудан тұрады, мұнда мемлекет техникалық саясаттағы қауіпсіздікпен тікелей байланысты мәселелерге ғана әкімшілік позициялардан араласу өкілеттігін өзіне қалдырады; сапа мәселелері нарықты реттеуге тиіс.

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде субъектілер мен олардың қатынастарының, сондай-ақ жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстың объектілері болып табылатын стандарттау жөніндегі құжаттар мен нормативтік техникалық құжаттардың жиынтығы ретінде айқындалған ұлттық стандарттау жүйесі енгізілді. Заңда стандарттау субъектілерінің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары, құзыреті мен өзара іс-қимыл рәсімдері нақты айқындалған.

Дамыған елдерде (Австрия, Германия,

Ұлыбритания, Бельгия, Испания) стандарттарды қабылдау процесі талдау кезеңінен бастап оларды іс жүзінде енгізуге дейін құрылған, мұнда стандарттарды жоспарлау, әзірлеу және қабылдау процесінің бірыңғай операторы болып табылатын стандарттау жөніндегі ұлттық органға шешуші рөл берілген.

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттау жүйесі – бұл стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде субъектілер мен олардың қатынастарының, сондай-ақ жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттық ресурстың объектілері болып табылатын стандарттау жөніндегі құжаттар мен нормативтік техникалық құжаттардың жиынтығы.

Уәкілетті органға стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты реттейтін органның рөлі берілген, мемлекеттік органдар саланың қауіпсіздігі мәселелеріне жауапты болады.

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Қазақстан стандарттау және метрология институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны стандарттау жөніндегі барлық процестерді үйлестіретін және барлық мүдделі тараптардың пікірлерінің консенсусы негізінде стандарттарды қабылдау үшін жағдайлар жасауға ықпал ететін Стандарттау жөніндегі ұлттық орган болып айқындалды. Стандарттау жөніндегі ұлттық орган ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу тәжірибесіне негізделген стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және стандарттау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді, стандарттау жөніндегі құжаттарды тарату және қолдану мақсатында стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жүргізуді, салалар бойынша стандарттау жөніндегі құжаттарға талдау және жүйелеу жүргізуді, халықаралық, өңірлік

және шетелдік ұйымдармен стандарттау жөніндегі келісімдерді жасасуды және жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлға болып табылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің басты мақсаты – қарқындап тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтердің барлық салаларының серпінді және пропорционалды дамуына жәрдемдесу.

Стандарттар қоғамға және бизнес ұйымдарына өзара түсіністік үшін негіз ұсынады, коммуникацияны, өлшем бірлігін, сауда мен өндірісті жеңілдету үшін құрал ретінде пайдаланылады, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізу үшін негіз қалыптастырады және әртүрлі ұйымдар мен кәсіпорындар жеткізетін өнімдер, компоненттер мен көрсетілетін қызметтер өзара үйлесімді болатынына кепілдік береді. Халықаралық сарапшылар мезгіл сайын халықаралық стандарттар ұсынатын артықшылықтар туралы зерттеулер мен сәйкестікті бағалауды жүргізеді. Оларға өнімнің қауіпсіздігін, өнімділігі мен сенімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ саудаға жәрдемдесу және жаңа нарықтарға қол жеткізу жатады. Сонымен қатар стандарттар мемлекеттік органдар заңнамада сілтеме жасай алатын техникалық шектеулерді, көрсеткіштер мен талаптарды ұсынады. Сонымен IEC/IECEE (IECEE – Халықаралық электртехникалық комиссияның органы болып табылатын IEC электр-техникалық жабдықтар мен компоненттер жүйесінің сәйкестігін бағалау жүйесі) стандарттарды және сәйкестікті бағалау жүйесін қолдану дамушы елдерге өз нарығына кіретін өнімдердің қажетті қауіпсіздік және өнімділік өлшемшарттарына сәйкес келетініне кепілдік беруге көмектесетінін анықтады. Бұл тұтынушылардың өмірін барынша қауіпсіз етеді, экономикалық дамуға ықпал етеді және инвестицияларға қол жеткізуді жеңілдетеді. Стандарттау кәсіпорындарға

өндірістік желінің тиімділігін арттырудан бастап робот техникасы, бизнес-сараптау, кеңейтілген сараптау процестерін автоматтандыру және тұтынушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін тұтынушы жолын көрсету сияқты өнімділікті арттырудың озық технологияларын енгізуге дейін бәсекелестікке қатысты көптеген артықшылықтар бере алады. Стандарттаудан салалардың дамуы және жаңа инновациялардың пайда болуы айқын көрінеді.

Алғашқы IT-шешімдер, компьютерлер мен Интернеттің пайда болуы, көліктің жаңа модельдері және осындай технологиялардың таралуы стандарттар арқылы жүзеге асты. Технология өте жылдам өзгереді, инновациялар пайда болады. Әлемнің барлық дамыған елдері, мысалы, Smart City элементтерін енгізу, озық өндірістік технологияларды (ӨӨТ), өтпелі ақпараттық технологияларды, нейротехнологияларды, Заттар интернетін және жасанды интеллектіні әзірлеу сияқты технологияларды пайдалана отырып, өз экономикасын толық цифрландыруға қол жеткізуге ұмтылып келеді. Банк жүйесі электрондық ақша айналымына көшеді, виртуалды ақша жүйесі дамуда. Стандарттауда халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымдарда жаңа техникалық комитеттер құру, осы тақырыптар бойынша стандарттар сериясын қабылдау арқылы осы барлық жаңалық бірдей қадағаланады. ISO стандарттарын әзірлеу нарықтың қажеттіліктеріне сәйкес, сондай-ақ ISO 2030 Стратегиясы аясында жүзеге асырылады. CEN-CENELEC (электртехника саласындағы еуропалық стандарттарға жауап беретін Еуропалық электртехникалық стандарттау комитеті. ETSI (телекоммуникациялар) және CEN (басқа техникалық салалар) бірге CENELEC еуропалық техникалық нормалау және стандарттау жүйесін құрайды. Осы мекемелердің стандарттары Еуропадан тыс көптеген елдерде еуропалық техникалық стандарттарға

сүйенетін стандарттардың жүйелі қабылдануымен келісіледі), ISO-ға ұқсас, өз қызметін CEN-CENELEC 2030 стратегиясына сәйкес қалыптастырады. IEC IEC Бас жоспарына (Стратегия) сәйкес жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы үшін таяу болашаққа арналған стандарттарды әзірлеу үшін мыналарға бағытталған стандарттарды әзірлеу басым бағыт болып табылады:

- ауыл шаруашылығы, оның ішінде органикалық өнім өндірісін дамыту мақсатында, халал-индустрия, машина жасау, жеңіл өнеркәсіп, экология, химия және металлургия салалары сияқты бағыттарда өндіріс көлемін кеңейту және экспортты дамыту, яғни өнімнің жаңа түрлеріне стандарттар әзірлеу;
- техникалық регламенттермен өзара байланысты стандарттарды әзірлеу арқылы техникалық регламенттердің талаптарын орындауды қамтамасыз ету;
- өнімнің неғұрлым көп сатып алынатын түрлеріне стандарттар әзірлеу арқылы мемлекеттік сатып алу бойынша жеткізілімдердің орындалуын қамтамасыз ету;
- көрсетілетін қызметтерді, өнімді сертификаттауды жүзеге асыру;
- мемлекеттік және салалық бағдарламаларды қамтамасыз ету және инвестициялық жобаларды, ақпараттық технологияларды қолдау.

Стандарттау жөніндегі ұлттық органдар стандарттарды әзірлеу процестерін жетілдіруге көп көңіл бөледі. ISO-ның 2021-2030 жылдарға арналған стратегиясында «Жаһандық қажеттіліктерді қанағаттандыру» деп аталатын 2-ші мақсат аясында халықаралық стандарттарды әзірлеу рәсімін

оңайлату көзделеді. Мысалы, қазір ISO халықаралық стандарттарды әзірлеуге байланысты жаңа IT-жобаларды енгізуде. ISO стандарттарын әзірлейтін болашақ орта барлық мүдделі тараптарды қамту және жоғары сапалы стандарттарды уақтылы және тиімді әзірлеу мүмкіндігі болуы үшін икемді және сенімді болуға тиістігін ISO мойындайды. Бұл инновациялық IT-құралдарын пайдалануды және үлкен шығындар мен уақытты қажет ететін бетпе-бет кездесулерге балама табуды білдіреді. Аталған жоба «ISO виртуалды жобасы» деп аталады.

Сонымен қатар ISO IEC-пен (ХЭК – Халықаралық электртехникалық комиссия) және ITU-мен (ХЭО – Халықаралық электрбайланыс одағы) бірлесіп ISO стандарттарын әзірлеудің тиімділігі мен жылдамдығын арттыру мақсатында стандарттарды әзірлеу процесін (әзірлеу кезеңдері, техникалық комитеттердің құрылымы, мүдделі тараптарды тарту процесі, мамандарды оқыту) қайта қарайды. Стандарттарды әзірлеу кезіндегі маңызды мәселе – киберқауіпсіздік. Деректерді қорғау мәселесі авторлық құқықты қорғау мәселелерін қамтиды.

Сонымен, мысалы, АҚШ-тың ұлттық стандарттау органы ANSI АҚШ ұлттық стандарттарына арналған өзінің авторлық құқығын қорғайтын арнайы бағдарламаны қолданады (ресми атауы: «консенсусқа негізделген стандарттар»), соның арқасында стандартты электронды форматта сатып алған пайдаланушы ғана стандартты ашып, оқи алады, бұл ретте стандартты үшінші тарапқа беру немесе стандарт мәтінін көшіру мүмкіндігі болмайды.

Осылайша, жаңа тенденциялар стандарттарды әзірлеу рәсімін жақсартуға мүмкіндік береді, ал сарапшылар ресурстарды көп қажет ететін жағдайларда қатыса алады, құжаттарды бірлесіп

әзірлеу, редакциялау үшін әртүрлі уақыт белдеулерінде өзара іс-қимылды жеңілдету мақсатында онлайн-құралдарды пайдалана алады.

Қорытындылай келе, қазіргі көп міндетті және қарқынды дамып келе жатқан әлемде табысты жұмыс істеу үшін стандарттау жүйесі икемді болуға, өзінің қағидаттары мен тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға және халықаралық ұйымдарға мүшелік арқылы ұсынылатын құралдарды белсенді қолданып, ұлттық мүдделерді алға тарта отырып, ел ішіндегі де, елден тысқары да барлық заманауи сын-тегеуріндерге жедел ден қоюға тиіс.

2-ТАРАУ

ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕСІ

2.1. Стандарттаудың заңнамалық негізі

Қазақстан Республикасында стандарттаудың құқықтық негіздері алғаш рет 1993 жылы қабылданған «Стандарттау және сертификаттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленді. 1999 жылы «Стандарттау және сертификаттау туралы» Заң Қазақстанның дамуын және нарықтық реформаларды жүргізуді ескере отырып қайта қаралды және 2003 жылғы 10 маусымда елеулі түрде өзгертілген және толықтырылған жаңа «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Нарықтық экономикаға көшу шеңберінде 2004 жылы «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда өнімге, өндіріс процестері мен көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптарды белгілеу мен қолданудың жаңа жүйесі айқындалды, оның қабылдануымен бұрын қолданыста болған «Сертификаттау туралы» және «Стандарттау туралы» заңдардың күші жойылды. Бұл заң техникалық реттеу, стандарттау және сертификаттау саласындағы бірыңғай саясатты белгіледі.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелері «Техникалық регламенттер мен стандарттар саласындағы ақпаратты ұсыну рәсімі туралы» ЕО директивасымен үйлестірілді және сауда қатынастарындағы құқықтар мен еркіндіктің кеңеюімен сипатталатын қазіргі заманғы әлемдік үрдістерге жауап берді.

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру процесінде субъектілер мен олардың қатынастарының жиынтығы, сондай-ақ стандарттау жөніндегі құжаттар ретінде айқындалған ұлттық стандарттау жүйесі енгізілді.

Заң стандарттау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, ұлттық стандарттау жүйесінің құқықтық негіздерін және стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу және қолдану арқылы өнімнің, процестердің (жұмыстардың) және көрсетілетін қызметтердің сапасы мәселелерінде мемлекет пен тұтынушылардың мүдделерін қорғау шараларын айқындайды.

Сондай-ақ халықаралық тәжірибені ескере отырып, Заңның қабылдануына байланысты стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің жұмысы мынадай бөлімдерде өзгертілді:

- салаларда стандарттарға талдау жүргізу және мүдделі тараптардың теңгерімі негізінде оларды қабылдау үшін талқылау мен дауыс беруді қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды беру;
- мүдделі тараптармен нақты функционалдық өзара іс-қимыл орнату;
- терминологияны талдауды, Қазақстан Республикасының стандартты енгізуге техникалық дайындығын айқындауды, техникалық талаптардың қайталануын болдырмауды, заңнамаға сәйкестігін тексеруді, қолданылатын ғылыми зерттеулердің болуын зерделеуді қамтитын ұлттық стандарттар жобаларын техникалық талқылау;
- стандарттарды қолдану мониторингіне стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің қатысуы.

2.2. Қазақстан Республикасындағы стандарттаудың ұйымдық құрылымы

Қазақстан Республикасының бүгінгі стандарттау жүйесінің ұйымдық-функционалдық құрылымы бұрынғы мемлекеттік стандарттау жүйесінің ерекшеліктерін сақтап қалды, бірақ бұл ретте оның ресурстық мүмкіндіктері айтарлықтай жетілдірілді.

2018 жылғы 5 қазандағы «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес ұлттық стандарттау жүйесінің құрылымын:

- 1 Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2 уәкілетті орган;
- 3 өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар;
- 4 стандарттау жөніндегі ұлттық орган;
- 5 стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер;
- 6 стандарттау жөніндегі техникалық сарапшылар;
- 7 жеке және заңды тұлғалар құрайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі стандарттау саласындағы құзыреті шегінде:

- стандарттау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың орындалуын ұйымдастырады;
- стандарттау жөніндегі ұлттық органды айқындайды;
- өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан

Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Техникалық реттеу және метрология комитеті стандарттау саласындағы ведомстволық уәкілетті орган болып табылады және оның құзыретіне:

- 1 ► стандарттау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2 ► стандарттау саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 3 ► стандарттау жөніндегі ұлттық органды айқындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс беру;
- 4 ► стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру;
- 5 ► ұлттық стандарттау жоспарын әзірлеу тәртібін айқындау;
- 6 ► ұлттық стандарттау жоспарын бекіту;
- 7 ► ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі ұсынымдарды, сондай-ақ оларға өзгерістерді бекіту;

- 8 ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу тәртібін айқындау;
- 9 нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын қалыптастыру, жүргізу және қолдап отыру, сондай-ақ нормативтік техникалық құжаттардың, ресми басылымдардың көшірмелерін тарату тәртібін айқындау;
- 10 нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорының жұмысын ұйымдастыру және үйлестіру;
- 11 техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарының депозитарийін құру және жүргізу тәртібін айқындау;
- 12 ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын нормативтік құқықтық актілерде қолдану тәртібін айқындау;
- 13 халықаралық, өңірлік стандарттарды (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды келісу, қолданысқа енгізу және олардың күшін жою) және шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық

ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдарын, шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану тәртібін айқындау;

14 ► стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, жұмыс істеу және тарату тәртібін айқындау;

15 ► ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда) және мемлекетаралық стандарттарды талдау мен әзірлеуді ұйымдастыру;

16 ► ұлттық стандарттарды Еуразиялық экономикалық одақтың тиісті техникалық регламенттеріне стандарттардың тізбелеріне енгізу жөнінде жұмыстар жүргізу;

17 ► Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Сондай-ақ ұйымдық құрылымға мыналарды:

1 ► Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық сыныптауыштарын,

стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және олардың күшін жою туралы ұсыныстарды дайындап, енгізуді;

2 уәкілетті органмен келісім бойынша ұлттық стандарттар мен ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын әзірлеуді;

3 стандарттау жөніндегі құжаттардың және ұлттық стандарттау жоспарының жобаларын қарауды;

4 стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

5 стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің және стандарттау жөніндегі ұлттық органның, халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымдардың жұмысына қатысуды;

6 «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыратын стандарттау саласындағы мемлекеттік органдар кіреді.

Өз қызметін жүзеге асыру үшін стандарттау жөніндегі ұлттық органның:

1 стандарттау жөніндегі құжаттарды таратуға және қолдануға халықаралық, өңірлік және шетелдік стандарттау жөніндегі ұйымдармен келісімдері;

- 2 ► ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуде, стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жасауда тәжірибесі;
- 3 ► салалар бойынша стандарттау жөніндегі құжаттарға талдау жүргізуде және жүйелеуде тәжірибесі болуға тиіс.

Стандарттау жөніндегі ұлттық органның қызметі отандық өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттігін дамыту мен олардың ішкі және сыртқы нарықтарға еркін қол жеткізуі, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау мақсатында ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің келісілген өзара іс-қимыл тетігін жүзеге асыруға бағытталады.

Стандарттау жөніндегі ұлттық орган өз құзыреті шегінде:

- 1 ► негізге алынатын ұлттық стандарттарды, техникалық регламенттердің стандарттар тізбелеріне өзара байланысты стандарттар ретінде енгізілетін ұлттық және мемлекетаралық стандарттарды және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеуді;
- 2 ► ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды тіркеуді;
- 3 ► стандарттау саласында ғылыми зерттеулер жүргізуді және (немесе) оларға қатысуды;
- 4 ► техникалық регламенттердің жобаларын,

техникалық регламенттерді, стандарттау жөніндегі құжаттарды талдауды және жүйелеуді;

5 ұлттық стандарттарды әзірлеу арқылы оларға сәйкес келетін қауіпсіздік көрсеткіштері жоғары өнімді өндіруге бағытталған инновациялық және инвестициялық жобаларды қамтамасыз етуді;

6 ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастыруды, сондай-ақ оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді;

7 стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама жасауды;

8 нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорын, стандарттау жөніндегі құжаттарды каталогтау жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және қолдап отыруды;

9 ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімін жүргізуді;

10 стандарттау жөніндегі халықаралық, өңірлік, шетелдік ұйымдармен, оның ішінде ақпарат алмасу, халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын Қазақстан Республикасының аумағында тарату және қолдану бойынша ынтымақтасуды;

11 нормативтік техникалық құжаттарды және стандарттау жөніндегі құжаттарды (әскери ұлттық стандарттарды және ұйым стандарттарын қоспағанда), сондай-ақ стандарттар мен каталогтардың ақпараттық көрсеткіштерін ресми басып шығаруға, таратуға және жариялауға қатысуды;

- 12 ► стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құруды, қызметін үйлестіруді және таратуды, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің құрамын және стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерге бекітіп берілген стандарттау объектілерін жаңартып отыруды;
- 13 ► стандарттау саласындағы мониторингті үйлестіруді;
- 14 ► стандарттау саласында мамандарды даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыруға қатысуды жүзеге асырады.

Стандарттау жөніндегі техникалық сарапшыларды ұйымның өзі мынадай: кәсіптік техникалық білімнің болуы және стандарттау объектісіне қатысты білімнің болуы; стандарттау саласында жұмыс тәжірибесінің болуы сияқты сипаттамалардың бірінің негізінде айқындайды.

2.3. Стандарттау мақсаттары, объектілері, қағидаттары

Заманауи әлемге жаңа технологиялардың үнемі пайда болу және қолданыстағы технологиялардың қарқынды даму үрдісі тән. Заманауи әлемде стандарттар қарқынды әрі өзгермелі ортада қолданылады. Халық санының үздіксіз өсуімен бірге жоғары технологиялық өнімдерді жаппай өндіру қажеттілігі туындайды. Бұл әсіресе азық-түлік өнімдеріне қатысты: оның сапа деңгейі сыртқы нарықтағы бәсекелестікке қарсы күресте өте маңызды рөл атқарады. Өкінішке орай, өнімнің мол болуы жоғары сапамен және қауіпсіздікпен

расталмайды. Біз өнімдерді бұрмалаудың әртүрлі түрлерімен бетпе-бет кездесеміз және біз көбінесе қалаған тауарымызды емес, басқасын аламыз.

Мұндай жағдайларда стандарттау технологиялық процестің маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

Нарықтардың жаһандануы, бизнестің жаңа секторларының пайда болуы, өнімді жылдам әзірлеу және оның өмірлік циклдерінің қысқаруы ұлттық және халықаралық стандарттаудың көптеген жаңа және барған сайын өзекті проблемаларға тап болуына әкеледі. Осы сын-тегеуріндермен бетпе-бет кездесуде стандарттау стратегиясын анықтау өзгеріп отырған жағдайға және отандық экономика мен жаһанданған әлемнің жаңа сұраныстарына қажетті жауап болып табылады.

Көптеген елдер үшін стандарттаудың стратегиялық мақсаттары біртұтас негізге ие, алайда оларды іске асыру кезеңдері ұлттық экономиканың дамуымен анықталады. «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында стандарттау мынадай мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- 1 отандық өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттігін арттыру;
- 2 табиғи және энергетикалық ресурстарды үнемдеу;
- 3 мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін және әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету;
- 4 өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру;

- 5 халықаралық стандарттау жүйесіне интеграциялау жағдайларын жасау үшін саудадағы техникалық кедергілерді жою;
- 6 өнімдердің, процестердің және көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын әрекеттердің алдын алу;
- 7 инновацияларды тиімді енгізуді және жоғары технологиялық өндірістерді дамытуды қолдау, сондай-ақ технологиялар мен үздік зертханалық практикалар трансфертіне жәрдемдесу;
- 8 халық өмірінің қауіпсіздігі мен сапасын жақсарту үшін жағдайлар жасау.

Стандарттау ғылым ретінде және қызмет түрі ретінде белгілі бір қағидаттарға негізделеді. Стандарттау қағидаттары стандарттарды әзірлеу процесінің негізгі заңдылықтарын көрсетеді, оның экономиканы басқарудағы қажеттілігін анықтайды, тиімді іске асыру шарттары мен даму үрдістерін анықтайды.

[2] сәйкес Қазақстан Республикасындағы стандарттау:

1) мынадай:

- стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану мақсатында таңдау;
- стандарттау саласындағы қызметке барлық мүдделі тараптардың қатысуы;
- өзара байланысты стандарттардан таңдау еріктілігі.

Стандарттарды таңдау еріктілігі заманауи

стандарттаудың басты қағидаты болып табылады және «Стандарттау туралы» Заңның негізін құрайды. Заң Қазақстан Республикасындағы стандарттардың құқықтық мәртебесін міндетті сипаты жоқ және тек ерікті негізде қолданылатын құжаттар ретінде айқындайды. Стандарттардың еріктілігі туралы толық пайымдау үшін кейбір әртүрлі мәндегі мәселелерді ескеру қажет. Егер кез келген өнімнің өндірушісі стандарттарда көрсетілген талаптарды өз еркімен орындағысы келсе, онда бұл талаптар ол үшін міндетті болады. Мысалы, егер өндіруші құжаттамада өнім шығарылған стандартты көрсетсе, онда бұл өнім көрсетілген стандартта белгіленген барлық талаптарға сәйкес келуге тиіс;

2) ұлттық стандарттау жүйесінің бірлігі мен тұтастығы.

Стандарттау жөніндегі жұмыстарға қатысушылар, бір жағынан, өнім өндіруші мен қызметті орындаушының мүмкіндіктеріне және, екінші жағынан, тұтынушының талаптарына сүйене отырып, жалпы келісім ретінде түсінілетін ортақ келісімге келуге тиіс;

3) стандарттаудың жүйелілігі мен кешенділігін қамтамасыз ету.

Жүйелілік деп әр объектіні неғұрлым күрделі жүйенің бөлігі ретінде қарастыру ретінде түсініледі. Мысалы, консерві ыдысы тұтыну ыдысы ретінде тасымалдау контейнерінің бөлігі – жәшік болып табылады, жәшік контейнерге салынады, ал контейнер көлік құралына орналастырылады.

Стандарттаудың кешенділігі дайын өнімдерге арналған стандарттарды құрастыру бірліктеріне, бөлшектерге, шала өнімдерге, материалдарға,

шикізатқа, сондай-ақ техникалық құралдарға, өндірісті ұйымдастыру және бақылау әдістеріне арналған стандарттармен байланыстыруды көздейді;

4) стандарттау объектілеріне бірыңғай терминологияны қолдану.

Ғылыми-техникалық терминологияны стандарттаудың негізгі міндеттері – әзірлеушілер, өндірушілер, өнім берушілер мен тапсырыс берушілер, өнімді тұтынушылар, стандарттарды қолданатын басқа да ғылыми-техникалық және шаруашылық қызмет субъектілері арасындағы өзара түсіністікті терминологиялық қамтамасыз ету.

Белгілі бір ұғымдар жүйесін құрмай және қолданбай, ешқандай ғылым болуы мүмкін емес. Ұғымдар қолданбалы және теориялық ғылымның бағыттарында терминдер мен анықтамалардың тиісті жүйесі түрінде бекітілген, ал терминдер мен анықтамаларды ретке келтіру және бекіту процесі де стандарттау болып табылады;

5) барлық мүдделі тараптардың қатысуы негізінде ұлттық стандарттарды әзірлеу процесінің ашықтығы.

Әзірлеу процесінің ашықтығына ұлттық стандарттарды әзірлеу бағдарламаларын жариялау және оларды әзірлеу, аяқтау және бекіту туралы хабарлау; ұлттық стандарттарды жария талқылау; ұлттық стандарттарды әзірлеу мен бекіту жөніндегі бірыңғай және дәйекті ережелер арқылы қол жеткізіледі;

6) мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын стандарттау

жөніндегі құжаттарды және авторлық құқық объектісі болып табылатын стандарттау жөніндегі құжаттарды қоспағанда, стандарттау жөніндегі құжаттар, оларды әзірлеу, бекіту және жариялау тәртібі туралы ақпараттың пайдаланушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар үшін ашықтығы.

Егер мемлекеттік, қызметтік немесе коммерциялық құпияны сақтау мүддесінде мұндай қолжетімділік шектелуге тиіс жағдайларды қоспағанда, мүдделі тұлғалардың құрылатын ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Пайдаланушылардың әзірленетін және бекітілген ұлттық стандарттар, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары және стандарттау жөніндегі ұсынымдар туралы ақпаратқа, сондай-ақ осы құжаттарға қол жеткізуін стандарттау жөніндегі ұлттық орган осы құжаттар туралы ресми ақпаратты интернет-ресурста, стандарттардың ақпараттық көрсеткіштерінде жариялауды ұйымдастыра отырып қамтамасыз етеді;

7) стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу кезінде ғылым мен техниканың жетістіктерін, сондай-ақ халықаралық, өңірлік стандарттарды, шет мемлекеттердің стандарттарын пайдалану.

Халықаралық стандарттар әлемнің экономикалық дамыған елдерінің озық тәжірибесін, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін, тұтынушылар мен мемлекеттік органдардың кең ауқымының талаптарын көрсетеді және көптеген елдер үшін ережелерді, жалпы қағидаттарды немесе сипаттамаларды білдіреді, сондықтан ұлттық стандарттарды әзірлеу кезінде халықаралық стандарттарды қолдану ұлттық өнімнің әлемдік нарыққа шығуының маңызды шарттарының бірі болып табылады;

8) стандарттаудың серпінділігі және оны озық дамыту

Стандарттар нақты заңдылықтарды үлгілейтіні белгілі. Алайда ғылыми-техникалық прогресс техникаға, басқару процестеріне өзгерістер енгізеді. Сондықтан стандарттар болып жатқан өзгерістерге бейімделуге тиіс. Серпінділік стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейге сәйкестігін мерзім сайын тексерумен, оларға өзгерістер енгізумен, өзгертілетін заңнамаға қайшы келетін, даму векторларына қатысты ескірген стандарттау жөніндегі құжаттардың күшін жоюмен қамтамасыз етіледі. Көптеген жағдайларда қайта әзірленетін стандарттың моральдық ескіруі аз көлемде болғаны оңтайлы, ол технологияның дамуынан озық болуға тиіс. Озық даму өнім номенклатурасына, сапа көрсеткіштеріне, бақылау әдістеріне қойылатын перспективалық талаптарды стандартқа енгізумен қамтамасыз етіледі.

2.4. Стандарттау жөніндегі құжаттар

Стандарттау процесінде стандарттау жөніндегі құжат түрінде ресімделетін стандарттау объектісіне қатысты нормалар, ережелер, талаптар, сипаттамалар әзірленеді.

Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын стандарттау жөніндегі құжаттарға мыналар жатады:

- 1 халықаралық стандарттар, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары;
- 2 өңірлік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдарды стандарттау

жөніндегі қағидалар мен ұсынымдар;

3 ұлттық стандарттар және ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары;

4 стандарттау жөніндегі ұсынымдар;

5 стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі қағидалары, нормалары мен ұсынымдары;

6 ұйым стандарттары.

Осы стандарттардың барлық санаттары көптеген тұтынушылар ортасына арналған.

Стандарттау жөніндегі құжаттардың мазмұнын қарастырайық.

Ұлттық стандарт – консенсус негізінде әзірленген, уәкілетті орган бекіткен, белгілі бір салада оңтайлы реттілік дәрежесіне қол жеткізуге бағытталған стандарттау жөніндегі құжат. Жалпыға ортақ және бірнеше рет пайдалану үшін стандартта әртүрлі қызмет түрлеріне немесе олардың нәтижелеріне қатысты жалпы қағидаттар, ережелер, сипаттамалар белгіленеді.

Ұлттық стандарттар:

- негізге алынатын ұлттық стандарттарға;
- өнімдерге, процестерге және көрсетілетін қызметтерге, өнімдерді, процестерді және көрсетілетін қызметтерді бақылау әдістеріне арналған ұлттық стандарттарға;
- әскери ұлттық стандарттарға бөлінеді.

3. Ұлттық стандарттарда:

- 1 өнімдерді, көрсетілетін қызметтерді жіктеу;
- 2 өнімнің бірдейлік, сәйкестік және өзара айырбасталу көрсеткіштері;
- 3 терминдер мен анықтамалар;
- 4 функционалдық мақсатының көрсеткіштерін қоса алғанда, өнімдер мен көрсетілетін қызметтер сапасының деңгейін айқындайтын олардың тұтынушылық қасиеттері мен сипаттамалары;
- 5 өнімді өндіру, қайта өңдеу, қабылдау, буып-түю, таңбалау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою қағидалары;
- 6 өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін сынау әдістері;
- 7 барлық ресурс түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын талаптар;
- 8 менеджмент жүйелерін енгізуді қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 9 белгілі бір қызмет саласына арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы ережелер, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен қағидалар белгіленуі мүмкін.

Ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары – техникалық-экономикалық ақпарат объектілері сыныптауыш топтарының кодтары мен атауларының жүйеленген жиынтықтарын білдіретін стандарттау жөніндегі құжаттар, бұларға ұлттық

техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары және шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштары жатады.

Сыныптау объектілері мыналар: статистикалық ақпарат, қаржылық және құқық қорғау қызметі, банк ісі, стандарттау, өнім өндіру, қызметтер көрсету және т.б. Сыныптаудың негізгі мақсаты – қызметтің барлық салаларында ақпараттық үйлесімділікті қамтамасыз ету.

Экономика салаларында пайдаланылатын және есепке алуды талап ететін техникалық-экономикалық ақпарат техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын бекіту арқылы сыныптауға және кодтауға жатады.

Ұйым стандарттары. «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қабылданған терминологияға сәйкес: «Ұйым стандарты – ұйым өз мақсаттарын іске асыру үшін дербес қабылдаған стандарттау жөніндегі құжат». Бұл «ұйым стандартын» «ұйым» мәртебесіне жататын және техникалық реттеу объектілеріне (өнімдер, процестер) қатысты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес пайдалану құқығына ие кез келген мүдделі заңды тұлға, оның ішінде: мемлекеттік орган, оқу орны, ғылыми-зерттеу институты, ғылыми-өндірістік бірлестік, өнімді өндіруші және тұтынушы, қоғамдық бірлестік және т.б. әзірлеп, бекіте алады дегенді білдіреді. Осылайша, нарықтық экономика жағдайында кез келген мүдделі тұлғада нарық субъектілерімен және мемлекетпен, оның ішінде өндірушімен немесе өнім берушімен; тұтынушымен және өндірушімен; мемлекеттік

органмен және өндірушімен өз қарым-қатынасын реттейтін өзінің ұйым стандарты болады [2].

Ұйым стандарттары өнімге, процестерге немесе көрсетілетін қызметтерге әзірленеді және ұлттық стандарттау жүйесінің тізілімінде есепке алуға және тіркеуге жатпайды.

Ұйым стандарттары техникалық шарттар түрінде, оның ішінде өнімге қойылатын техникалық талаптар түрінде қабылданады.

Ұйым стандарттарын:

- 1 ► бір ұйым;
- 2 ► салалық қауымдастық (үкіметтік емес);
- 3 ► консорциум;
- 4 ► өзін-өзі реттейтін ұйым қабылдайды.

Стандарттау объектілерін Қазақстан Республикасының аумағында айналысқа шығаратын стандарттау жөніндегі құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

Стандарттау жөніндегі ұсынымдар қолданылуы ерікті, стандарттау, сондай-ақ өлшем бірлігін қамтамасыз ету және сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге қатысты, тиісті ұлттық стандартты қолдануға ықпал ететін ұйымдастырушылық-әдістемелік ережелерді немесе ұлттық стандартта белгілегенге дейін практикада алдын ала тексеру орынды болатын ережелерді қамтиды.

2.5. Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді

құруды Стандарттау жөніндегі ұлттық орган қолданыстағы «Стандарттау туралы» ҚР Заңының, техникалық комитеттерді құру, жүргізу және тарату процесін белгілейтін заңға тәуелді актілер мен негізде алынатын стандарттардың аясында іске асырады.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитет – стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыру және бекітіп берілген стандарттау объектілері немесе қызмет бағыттары бойынша ұлттық стандарттау жүйесін құруға қатысу үшін экономика салаларында ерікті негізде құрылатын консультативтік-кеңесші орган.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің қызметі Ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастыруға қатысты ұсыныстарды дайындауға қатысумен байланысты.

Кез келген техникалық комитеттің негізгі міндеті ұлттық стандарттау жүйесінің ілгерілеуіне жәрдемдесу болып табылады.

Техникалық комитеттің құрамы мемлекеттік органдардың, оқу және ғылыми ұйымдардың, сараптамалық кеңестердің, сынақ зертханаларының, кәсіптік қауымдастықтар мен одақтардың, сондай-ақ стандарттау саласындағы жұмысқа мүдделі тұлғалардың өкілдерінің қатарынан құралады. Техникалық комитеттің құрамына техникалық комитеттің отырыстарында дауыс беру құқығынсыз сарапшы-бақылаушы рөлін атқаратын Стандарттау жөніндегі ұлттық органның өкілі міндетті түрде енгізіледі.

Техникалық комитеттің қызметін үйлестіру мақсатында техникалық комитеттің хатшылығын жүргізу бекітіп берілетін базалық ұйым айқындалады.

Техникалық комитеттің құрылымы мынадай:

- техникалық комитеттің төрағасы,
- төрағаның орынбасары (бар болса),
- жауапты хатшы;
- техникалық комитеттің (кіші комитеттің) мүшелері.

Базалық ұйым техникалық комитет қабылдайтын жұмыс бағдарламасын жүзеге асырады, сонымен қатар стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру және ТК қызметін қолдау мәселелерін шешеді.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер экономика салаларында құрылатындықтан, оларға стандарттардың халықаралық сыныптауышына сәйкес арнайы кодтармен белгіленетін белгілі бір стандарттау объектілері бекітіліп беріледі.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитетті құрудың міндетті шарттарының бірі – осы кезде жұмыс істейтін техникалық комитетпен стандарттау объектісінің қайталануының болмауы.

Яғни, стандарттау объектісі стандарттардың халықаралық сыныптауышының коды бойынша әрбір техникалық комитет үшін бірегей болып табылады.

Стандарттау объектілерін стандарттардың халықаралық сыныптауыштарының кодтарына сәйкес бекіту техникалық комитеттің қай салада жұмыс жүргізіп жатқанын дәл анықтауға және, қажет болған жағдайда, сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Бірқатар техникалық комитеттерде жекелеген стандарттау объектілері бойынша кіші комитеттер құрылады.

Өз құзыреті шегінде және бекітілген стандарттау объектілеріне сәйкес техникалық комитеттер мынадай қызметті жүзеге асырады:

- ▶ ұлттық стандарттау жоспарына енгізуге өз тақырыбы бойынша өтінімдер қалыптастырып, жолдайды;
- ▶ техникалық комитет мүшелерінің қатысуымен әзірленетін стандарттар жобаларын міндетті техникалық талқылауды ұйымдастырады және жүргізеді;
- ▶ стандарттарды әзірлейді және оларды әзірлеуге қатысады;
- ▶ мемлекетаралық және халықаралық техникалық комитеттер құрамында жұмыстар жүргізеді;
- ▶ стандарттау саласындағы ғылыми зерттеулерге қатысады;
- ▶ стандарттарды қолдану мониторингін жүргізеді;
- ▶ стандарттарды қабылдау үшін дауыс беру кезінде мемлекеттік ұстанымды әзірлеу мақсатында басқа елдер әзірлеген мемлекетаралық стандарттардың жобаларын қарайды;
- ▶ халықаралық стандарттарды әзірлеу бойынша ұсыныстарды қарайды;
- ▶ техникалық регламенттерге стандарттар тізбесін қалыптастыруға қатысады;
- ▶ нормативтік құқықтық актілерде қолданылатын стандарттарға талдау жүргізеді.

Халықаралық стандарттау желісі бойынша техникалық комитеттер ұлттық стандарттарды халықаралық стандарттармен үйлестіру мәселелерімен айналысады, халықаралық ұйымдардағы стандарттар жобалары бойынша дауыс

беру үшін Қазақстанның ұстанымының негіздемесін дайындайды, стандарттау жөніндегі халықаралық (өңірлік) ұйымдардың техникалық комитеттерінің жұмысына қатысады.

Техникалық комитеттер 1992 жылы ТМД-ға мүше елдер қабылдаған «Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясатты жүргізу туралы келісім» негізінде ТМД шеңберіндегі стандарттау жөніндегі жұмыс органдары ретінде қарастырылады.

Стандарттау жөніндегі техникалық комитеттерді құру, жұмыс істеу және тарату тәртібі стандарттау саласындағы уәкілетті органның қағидаларымен және ҚР СТ 1.15 – негізге алынатын ұлттық стандартымен регламенттеледі.

Сондай-ақ жыл сайын Стандарттау жөніндегі ұлттық орган стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер қызметінің тиімділік рейтингісін есептеу бойынша жұмыстар жүргізетінін атап өткен жөн. Рейтинг қорытындысы бойынша белсенді, белсенділігі орташа, орташа белсенділіктен төмен, пассив техникалық комитеттер айқындалады. Техникалық комитеттер қызметінің тиімділігін бағалау стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер қызметінің негізгі бағыттарының іске асырылуын мониторингілеу мақсатында жүргізіледі және пассив техникалық комитеттерді тарату үшін негіз бола алады.

3-ТАРАУ

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАУ ЖҮЙЕСІ

3.1. Мемлекетаралық стандарттау жүйесінің ұйымдық құрылымы мен құқықтық негізі

1992 жылғы 13 наурыздағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі Ынтымақтастық туралы келісім мемлекетаралық стандарттау саласындағы Достастық елдерінің белсенді диалогы мен интеграциясын білдіреді.

Қазақстан осы Келісімге қол қоюшы және құрамына Қазақстан Республикасының, Әзірбайжан Республикасының, Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қырғыз Республикасының, Молдова Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының, Түрікменстанның, Өзбекстан Республикасының, Украинаның және Грузияның стандарттау жөніндегі ұлттық органдарының басшылары кіретін ТМД Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің (МАК) мүшесі болып табылады (3.1-сурет).

МАК мақсаты – өнімнің үйлесімділігін, өзара алмастырылуын, оның адам өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету; сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастықтағы техникалық кедергілерді жою, өндіріс тиімділігін арттыру үшін келісілген саясатты әзірлеу.

Даму қағидаттары бірыңғай стандарттар, өлшем бірлігі және сәйкестікті бағалау нәтижелерін өзара тану болып табылады.

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес

Құқықтық база

1992 ж. 13 наурыздағы Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы келісілген саясат туралы келісім

Кеңестің құрамы

	Әзірбайжан		Қырғызстан		Тәжікстан		Беларусь
	Армения		Қазақстан		Түрікменстан		Грузия
	Молдова		Өзбекстан		Ресей		Украина

МАК жоғарғы органы – МАК мүшелерінің отырысы

МАК мүшелері – стандарттау, метрология, сертификаттау жөніндегі ұлттық органдар басшылары

Даму қағидаттары

- Бірыңғай стандарттар (ГОСТ)
- Өлшем бірлігі
- Өзара тану

3.1-сурет – Стандарттау, метрология және сертификаттау
жөніндегі мемлекетаралық кеңес

МАК жоғарғы органы МАК мүшелерінің – стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық органдардың басшыларының отырысы болып табылады.

Халықаралық стандарттау ұйымы Кеңесінің 1995 жылғы 14 қыркүйектегі ISO 40/1995 қарарына сәйкес МАК стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым болып табылады және нормативтік құжаттамада, халықаралық, өңірлік және шетелдік ұйымдармен өзара қарым-қатынаста стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдарға қойылатын ISO талаптарына сәйкес Кеңес қабылдаған атауды, аббревиатураны және эмблеманы пайдаланады.

Кеңес техникалық регламенттерді үйлестіру, стандарттау, метрология, сәйкестікті бағалау (растау) жөніндегі кеңестің жұмыстарын орындау және ТМД Атқарушы комитетіне материалдар дайындау үшін Стандарттар жөніндегі бюроны құрады.

Стандарттар жөніндегі бюроның орналасқан жері Минск қаласы, Беларусь Республикасы болып табылады.

Кеңестің ресми тілі – орыс тілі.

Кеңес қабылдаған шешімдер мен құжаттар ұлттық заңнамаға сәйкес Келісімге қатысушы мемлекеттерде қолданысқа енгізіледі.

Кеңес өз отырыстарын, қажеттілігіне қарай, бірақ жылына екі реттен кем емес кезеңділікпен өткізеді.

Кеңес Келісімге қатысушы мемлекеттердің өкілетті өкілдерінен тұрады.

Отырыстарға Кеңес мүшелерінен басқа, шешуші дауыс құқығынсыз мемлекеттердің басқа да өкілдері, Келісімге қатысушы мемлекеттердің жетекші өнеркәсіп салаларының өкілдері қатыса алады.

Кеңес отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен ТМД Атқарушы комитетінің өкілі қатысады.

Кеңестің және оның жұмыс органдарының отырыстарын өткізуді ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді отырыстарды аумағында өткізетін мемлекет жүзеге асырады.

Мемлекеттер өз өкілдерінің Кеңестегі және оның жұмыс органдарындағы жұмысына байланысты барлық шығындарды көтереді.

Кеңесте төрағалық етуді Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысы оның өкілдері атынан бір жылдан аспайтын мерзімге ротациялау қағидаты негізінде кезекпен жүзеге асырады. Төраға Кеңестің отырыстарын басқарады және оның жұмысын отырыстар арасындағы кезеңде ұйымдастырады.

Кеңестің алдыңғы төрағасы әрбір жаңа мерзімге оның тең төрағасы болып табылады.

Отырыстардың күн тәртібі Кеңес қабылдаған МАК рәсімінің қағидаларына сәйкес қалыптастырылады, Келісімге қатысушы мемлекеттердің отырысына қатысушылардың көпшілік дауысымен бекітіледі.

Шешімдерді Келісімге қатысушы мемлекеттер консенсус негізінде қабылдайды.

Келісімге қатысушы кез келген мемлекеттің мүдделерін қозғайтын шешімдер ол болмаған кезде қабылданбайды.

Рәсімдік мәселелер бойынша шешім Келісімге қатысушы мемлекеттердің көпшілік дауысымен қабылданады.

Кеңес отырысы, егер оған Келісімге қатысушы мемлекеттердің жартысынан астамы қатысса, заңды деп есептеледі.

Кеңес Төрағасы:

- техникалық реттеу, стандарттау, метрология, сәйкестікті бағалау (растау) саласындағы функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік биліктің ұлттық органдарымен келісім бойынша өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын және экономиканың басқа да салаларын дамыту жөніндегі көпжақты уағдаластық шеңберінде бағдарламалардың бірлескен жобаларын дайындауға қатысу үшін Келісімге қатысушы мемлекеттердің мамандарын тартады;

- техникалық регламенттерді үйлестіру, стандарттау, метрология және сәйкестікті бағалау (растау) мәселелерін қарау кезінде ТМД Экономикалық кеңесінің, ТМД Экономикалық Кеңесінің жанындағы Экономикалық мәселелер жөніндегі комиссияның, басқа мемлекетаралық органдардың отырыстарына қатысады. Кеңес төрағасының тапсырмасы бойынша аталған отырыстардың жұмысына оның өкілеттігі шегінде Кеңестің басқа мүшесі қатыса алады.

Стандарттар жөніндегі бюроны Кеңес құрады және тұрақты негізде жұмыс істейтін Кеңес қызметінің негізгі бағыттары жөніндегі мамандардан тұрады.

Стандарттар жөніндегі бюроның сандық құрамын Кеңес айқындайды.

Кеңестің жұмысын ұйымдастыруға және аппаратты ұстауға байланысты Стандарттар жөніндегі бюроның шығыстарын қаржыландыру Келісімге қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік билігінің ұлттық органдарының Кеңесте ұсынылған жыл сайынғы жарналары, сондай-ақ ақпараттық-консультациялық және әдістемелік-ұйымдастырушылық қызмет нәтижесінде түскен қаражат, орналасқан елдің қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаруашылық жүргізуші субъектілердің стандарттау жөніндегі жұмыстарға және басқа да көздерге төлеген төлемі есебінен жүзеге асырылады.

МАК шеңберіндегі дамудың негізгі бағыттары (3.2-сурет) мыналар:

- ▶ стандарттау;
- ▶ метрология;
- ▶ сәйкестікті бағалау;
- ▶ аккредиттеу;
- ▶ мемлекеттік қадағалау.

МАК дамуының негізгі бағыттары



СТАНДАРТТАУ

Стандарттау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (СБГТК)



СӘЙКЕСТІКТІ БАҒАЛАУ

Сәйкестікті бағалау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (СБГТК)



МЕМЛЕКЕТТІК ҚАДАҒАЛАУ

Қағдалау және бақылау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (ҚГТК)



МЕТРОЛОГИЯ

Метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (МетрГТК)



АККРЕДИТТЕУ

Аккредиттеу жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (АГТК)

3.2-сурет – МАК дамуының негізгі бағыттары

МАК 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясын оның жекелеген кезеңдерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарымен жүзеге асырады, олардың әрқайсысы мемлекетаралық стандарттау жүйесін жоспарлы жетілдіруді қамтиды.

3.2. Қазақстан Республикасында мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу тәртібі

Ұлттық стандарттарды әзірлеуге қатысты мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу басымдығын белгілеу МАК негізгі қағидаты болып табылады.

ЕАЭО шеңберінде техникалық реттеудің негізгі қағидаты ретінде сондай-ақ ГОСТ-тарды басым қолдану тіркелген.

Сонымен қатар Стратегия мыналарды қамтиды:

- негізге алынатын стандарттарға енгізілген мемлекетаралық стандарттаудың негізгі қағидаттарын іске асыру және дамыту;
- ұлттық, өңірлік және халықаралық стандарттау жүйелеріндегі қызметті синхрондау;
- инновациялық дамуды жеделдету үшін стандарттарды тұтынушылардың қажеттіліктеріне барынша жедел ден қою мақсатында стандарттарды әзірлеу мерзімін қысқарту;
- мемлекетаралық стандарттау жөніндегі жұмыстарды цифрлық трансформациялау;
- электрондық кітапханаларды машинамен оқылатын және машинамен түсінілетін стандарттармен толтыру;

► ескірген және өзекті емес стандарттардың кейіннен күшін жою/қайта қарау арқылы мемлекетаралық стандарттардың қолданылуы мен өзектілігіне мониторинг жүргізудің бірыңғай тетігін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

МАК шеңберіндегі стандарттау жөніндегі қызмет мыналарды қамтиды:

- мемлекетаралық стандарттау бағдарламасына мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу бойынша ұсыныстарды қалыптастыру арқылы жұмыстарды жоспарлау, сондай-ақ оны іске асыру;
- мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу;
- мемлекетаралық техникалық комитеттердің отырыстарына қатысу және қызметін үйлестіру.

Мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу арқылы бірлестіктің барлық қатысушылары көздеген жалпы техникалық талаптарды біріздендіру жүзеге асырылады. Сонымен қатар ЕАЭО техникалық регламенттері мен ГОСТ-тарын халықаралық және еуропалық стандарттармен үйлестіруге бағыт іске асырылады, бұл ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде өндірілетін өнімді халықаралық және еуропалық нарықтарға жылжытуға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда ТМД елдерінде танылған және қолданылатын ГОСТ-тар тізбесі алты мыңнан астам атауды қамтиды. МАК қорында стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдардың озық тәжірибесін қолдануға негізделген 26 мыңнан

астам мемлекетаралық стандарттау жөніндегі құжат бар. Бүгінгі таңда ГОСТ әзірлеудің көп бөлігін Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы және Беларусь Республикасы жүзеге асырады, олардың аумағында ірі ғылыми-зерттеу институттары мен бейінді мемлекетаралық стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер шоғырланғандықтан, алаңдарында ГОСТ-тар әзірленеді.

Қазақстан өнеркәсібін сауда нарықтарында қорғау және нарықта қауіпсіз және сапалы өнімнің болуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан ұлттық өнімді ортақ нарықта ілгерілету мақсатында ЕАЭО және ТМД алаңдарында ГОСТ мәселелері бойынша өзінің ұлттық мүдделерін ескере отырып, белсенді түрде әзірлейді және өз ұстанымын білдіреді.

Еліміз ЕАЭО шеңберінде мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуді жыл сайын ұлғайтуға ұмтылады. Өткен жылдары жыл сайын 70 ГОСТ дейін, 2020 жылы 104 ГОСТ әзірленді, 2022 жылдан бастап жыл сайын кемінде 140 ГОСТ әзірлеу жоспарлануда.

Стандарттарды әзірлеу – қажырлы еңбекті талап ететін жауапты миссия.

ГОСТ әзірлеуді жоспарлау рәсімі ГОСТ 1.6-2019 «Мемлекетаралық стандарттау жүйесі. Мемлекетаралық стандарттау бағдарламасы. Іске асыру мониторингін қалыптастыру, қабылдау, өзгерістер енгізу және жүзеге асыру қағидалары» стандартында регламенттеледі [5].

Елдердің ұсыныстары МАК ААЖ ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

Елдер ұсыныстарды келіскеннен кейін ГОСТ әзірлеу процесі басталады. Мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу процестерін белгілейтін негізге алынатын стандарт ГОСТ 1.2-2015 «Мемлекетаралық

стандарттау жүйесі. Мемлекетаралық стандарттар, мемлекетаралық стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсынымдар. Әзірлеу, қабылдау, жаңарту және күшін жою қағидалары» болып табылады [6].

Бұл бағыттағы жұмыс екі кезеңмен жүргізіледі. Бірінші кезеңде ГОСТ-тың бірінші редакциясы жасалады, оны Қазақстан Республикасындағы мамандар қарайды. Екінші кезеңде ГОСТ келісім және оны ТМД кеңістігінде қабылдау жасалады, бұл 3 жылға дейін созылуы мүмкін.

Мемлекетаралық стандарттар жобаларын әзірлеушілер ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілері болып табылады.

Бірінші кезеңде әзірлеудің басталғаны туралы хабарлама дайындалады, сондай-ақ мемлекетаралық стандарт жобасының бірінші редакциясы және оған түсіндірме жазба дайындалады, олар Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарына сәйкес күнтізбелік 60 күн ішінде жария талқылау үшін ұлттық стандарттау органының сайтына орналастырылады.

Мемлекетаралық стандарттың жобасын қарау және келісу қорытындылары бойынша мүдделі субъектілердің қабылданған және қабылданбаған ескертулері мен ұсыныстарын енгізе отырып, пікірлер жинағын дайындау жүзеге асырылады. Пысықталған жоба барлық құжаттармен бірге әзірлеуші мемлекеттің стандарттау жөніндегі ұлттық органына сараптамаға жіберіледі.

Сараптама қорытындылары бойынша мемлекетаралық стандарттың жобасы әзірлеуші мемлекеттің стандарттау жөніндегі ұлттық органының ғылыми-техникалық кеңесінің қарауына беріледі, одан оң шешім алынған жағдайда мемлекетаралық стандарттың жобасы ілеспе құжаттар жиынтығымен

бірге стандарттау саласындағы уәкілетті органның ведомствосына бекіту үшін енгізіледі.

Оң шешім қабылданған кезде стандарттау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы мемлекетаралық стандарт жобасының бірінші редакциясын МАК ААЖ Автоматтандырылған интеграциялық жүйесінде «Қарау» сатысына орналастыру туралы, ал мемлекетаралық стандарт жобасын халықаралық (өңірлік) стандартпен бірдей ұлттық стандартты қайта ресімдеу жолымен дайындаған жағдайда, стандарт жобасының түпкілікті редакциясын МАК ААЖ-де «Түпкілікті стандарт» сатысына орналастыру туралы шешім қабылдайды.

Келісімге қатысушы мемлекеттерде мемлекетаралық стандартты әзірлеудің екінші кезеңі МАК ААЖ пайдаланумен жүзеге асырылады.

Мемлекетаралық стандарттың жобасын МАК ААЖ-на орналастыру кезінде стандарт жобасының бірінші редакциясын қараудың басталғаны туралы хабарламаларды Келісімге қатысушы барлық мемлекеттердің ұлттық органдарының электрондық поштасына автоматты түрде жіберу орындалады.

Ұлттық органдардың мемлекетаралық стандарт жобасының бірінші редакциясын қарау мерзімі МАК ААЖ-да орналастырылған күннен бастап үш айды құрайды. Егер бұл объективті себептерге байланысты болса, бұл мерзім екі айға дейін қысқартылады. Мерзімнің қысқару себебі мемлекетаралық стандарт жобасына түсіндірме жазбада және МАК ААЖ-да көрсетіледі.

МАК ААЖ-да бірінші редакцияны қарау мерзімі өткеннен кейін әзірлеуші мүдделі тұлғалар мен ұлттық органдардың ұсыныстары мен ескертулерін ескере отырып, сондай-ақ МТК хатшылығының (ұлттық

ТК хатшылығының) тиісті ұсынымдарын ескере отырып, стандарт жобасының түпкілікті редакциясын дайындайды. Бұл ретте мемлекетаралық стандарт жобасының бірінші редакциясын қарау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен ескертулер мен ұсыныстарды есепке алудың орындылығын әзірлеуші айқындайды.

Мемлекетаралық стандарт жобасының түпкілікті редакциясы ретінде, егер осы стандарт орыс тілінде жазылса және халықаралық немесе өңірлік стандартпен бірдей болса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарты ұсынылады.

Халықаралық (өңірлік) стандартпен бірдей ұлттық стандарт негізінде мемлекетаралық стандартты әзірлеу кезінде әзірлеуші ұлттық стандартты ГОСТ 1.3, ГОСТ 1.5 сәйкес мемлекетаралық стандарттың түпкілікті редакциясының жобасына қайта ресімдейді және мемлекетаралық стандартқа түсіндірме жазба дайындайды.

Дауыс беру үшін мемлекетаралық стандарт жобасының түпкілікті редакциясының дайындығы туралы шешімді стандарттау саласындағы уәкілетті органның ведомствосы стандарттау жөніндегі ұлттық органның ғылыми-техникалық кеңесінің ұсынымы негізінде қабылдайды, ол мемлекетаралық стандарт жобасының түпкілікті редакциясын, сондай-ақ оған түсіндірме жазбаны және МАК ААЖ-дағы бірінші редакцияға пікірлер жинағын МАК қатысушы мемлекеттердің ұлттық органдарының қарауы үшін және кейіннен дауыс беруі үшін «Түпкілікті редакция» сатысына орналастырады. Бұл ретте мемлекетаралық стандарт жобасының түпкілікті редакциясын қарау мерзімі МАК ААЖ-да орналастырылған күннен бастап екі айды құрайды.

Мемлекетаралық стандарт жобасы бойынша дауыс беруден оң нәтиже алынған кезде мемлекетаралық стандарт жобасының түпкілікті редакциясын қарау мерзімі өткеннен кейін әзірлеуші жобаны ҚР СТ 1.23 және ГОСТ 1.2 белгілеген рәсімдерге сәйкес қабылдауға дайындайды.

ГОСТ қабылдаудың басты шарты – дауыс беруге қатысатын ұлттық органдар арасында консенсусқа қол жеткізу. Егер түпкілікті редакцияда «қарсы» дауыстар болмаған кезде кемінде төрт мемлекет «жақтап» дауыс берсе, ГОСТ қабылданды деп есептеледі. Осыған байланысты, әзірлеуші болмаса да, Қазақстан ГОСТ барлық жобаларын қарайды. Қазақстанның қатысуынсыз ГОСТ-тар МАК деңгейінде қабылдана алмайды. Еліміздің барлық стандарттау мүмкіндіктері мен құралдарын ілгерілетуге қатысуы мемлекетіміздің де, ЕАЭО мен ТМД елдерінің де экономикалық дамуына елеулі серпін береді. Қазақстан әзірлейтін ГОСТ, сауатты сараптамалық қолдау және конструктивтік ынтымақтастық ЕАЭО мен ТМД-да өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

3.3. Мемлекетаралық стандарттарды қолдану ерекшеліктері

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, егер бұл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында нұсқаулар болса, мемлекетаралық стандарттар қолдану үшін міндетті болып табылады.

Мемлекетаралық стандарттар Қазақстан Республикасының аумағында қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады.

Қолданысқа енгізілмес бұрын мемлекетаралық стандарттар ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілерімен келісіледі.

Стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғайтын мемлекетаралық стандарттар бойынша қолданысқа енгізу туралы шешім мүдделі мемлекеттік органдармен міндетті келісу қорытындылары бойынша қабылданады.

Стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғамайтын мемлекетаралық стандарттар бойынша қолданысқа енгізу туралы шешім ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілерінің ұстанымы негізінде қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасы бұрын «қалыс қалу» ұстанымын білдірген болса, ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің бастамасы бойынша стандарттау жөніндегі ұлттық орган ГОСТ-қа қосылу туралы оң шешіммен дауыс беру бюллетенін МАК-қа жіберіп, бұдан әрі қабылданған мемлекетаралық стандартқа қосылуға құқылы.

Қазақстан Республикасы ерікті негізде қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесіне және зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламентінің талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған

жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесіне енгізілген мемлекетаралық стандарттарға Еуразиялық экономикалық одақ белгілеген тәртіппен көрсетілген тізбелер бекітілген сәттен бастап қосыла алады.

Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттың күшін жою ұлттық стандарттау жүйесі субъектілерінің ұсыныстары және стандарттау жөніндегі ұлттық орган жүзеге асыратын стандарттарды қолдану мониторингі негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты ретінде мемлекетаралық стандарттың қолданысын оның күшін жоюға немесе біржақты тәртіппен күшін жоюға байланысты тоқтату туралы ақпарат мерзімді ақпараттық көрсеткіштің кезекті нөмірінде жарияланады.

Мемлекетаралық стандартты ұлттық стандарт ретінде қолдануды тоқтату туралы ақпаратты жариялау осы мемлекетаралық стандарттың Қазақстан Республикасындағы кез келген қолданысын тоқтату үшін негіз болып табылады.

Бұған Қазақстан Республикасында ғана мемлекетаралық стандарттың қолданысын тоқтату жатпайды. Бұл жағдайда мемлекетаралық стандарт МАК келісіміне қатысушы мемлекеттерге өнімді экспортқа дайындау және жеткізу үшін немесе МАК келісіміне қатысушы мемлекеттерге қызметтер көрсету үшін мемлекетаралық қатынастарда, сондай-ақ Келісімге қатысушы мемлекеттермен шарттарда (келісімшарттарда) келісілген өзге де жағдайларда қолданылады.

3.4. МАК қатысушы мемлекеттердегі стандарттау жүйесі

Әзірбайжан Республикасы

Әзірбайжан Республикасы атынан 2008 жылы 19 қарашада Баку қаласында құрылған Әзірбайжан Республикасының Стандарттау, метрология және патенттер жөніндегі мемлекеттік комитеті (AZSTAND) өкілдік етеді.

Әзірбайжандағы стандарттаудың негізгі мақсаты елдегі ұлттық стандарттау жүйесін халықаралық талаптарға бейімдеу, өнімнің қауіпсіздігін, сапасын, бәсекеге қабілеттілігін және экспорттық әлеуетін арттыру болып табылады.

Комитеттің негізгі функциялары өнеркәсіптік меншік объектілерін стандарттау, метрология, сертификаттау және қорғау жөніндегі мемлекеттік саясатты жүргізу; мемлекеттік бағдарламаларды дайындау және іске асыру, метрология және стандарттау саласында зерттеулер жүргізу, өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғауды ұйымдастыру; стандарттау, метрология, сертификаттау саласындағы құжаттарды Әзірбайжанда шығарылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыру мақсатында жаңарту, импортталатын және экспортталатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің стандарттардың, метрологиялық ережелер мен нормалардың, өнеркәсіптік меншік объектілерін сертификаттау және қорғау, сынақ орталықтарын аккредиттеу ережелерінің талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету болып табылады.

Әзірбайжан стандарттарын AZSTAND тіркейді

және оларда ЭЗС аббревиатурасы болады. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) Стандарттау және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесі қабылдаған өңірлік стандарттар (ГОСТ) Әзірбайжанда да қолданылады.

Әзірбайжан комитеті Халықаралық стандарттау ұйымымен (ISO), Халықаралық электртехникалық комиссиямен (IEC), Еуропалық стандарттау жөніндегі комитетімен (CEN/CENELEC), Неміс стандарттау институтымен (DIN), Америка материалдарды сынау қоғамымен (ASTM International), Британия стандарттау институтымен (BSI) және басқа да стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдармен және шет мемлекеттердің стандарт жөніндегі ұлттық органдарымен ынтымақтасады.

Әзірбайжан Республикасының аумағында 3900-ге жуық мемлекетаралық стандарт қолданылады.

Стандарттау жүйесінің негізгі ережелері «Стандарттау туралы» Әзірбайжан Республикасының Заңында белгіленген.

Армения Республикасы

Армения Республикасы атынан Ереван қаласында орналасқан Армения Республикасы Экономика Министрлігінің «Стандарттау және метрология жөніндегі ұлттық орган» ЖАҚ («СМҰО» ЖАҚ) өкілдік етеді.

Стандарттау жөніндегі жұмыстар «Стандарттау туралы» Армения Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен кәсіпкерлерді қордың құрамына енгізілген стандарттау және сәйкестікті растау саласындағы қолданыстағы құжаттардың бар-жоғы туралы

нақты және шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету негізгі мақсаты болып табылатын Ұлттық қорда 45 мыңға жуық құжат бар.

Өз қызметі кезеңінде институт жанынан құрылған стандарттау жөніндегі техникалық комитеттер Армения ұйымдарымен бірлесіп экономика салалары үшін халықаралық стандарттармен (ИСО) және еуропалық стандарттармен (ЕН) үйлестірілген 1015 ұлттық стандарт әзірленіп, енгізілді.

Институт сонымен қатар халықаралық талаптарға сәйкес 120 ұйымдастырушылық-әдістемелік және терминологиялық стандартты әзірледі.

Дүниежүзілік сауда ұйымының талаптарын орындау және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында республиканың Экономика министрлігінің тапсырмасы бойынша институт 45-тен астам техникалық регламент дайындады.

Стандарттау жөніндегі жұмыстарды дамыту үшін институт мамандары өнімдерді және сапаны басқару жүйелерін сертификаттау, зертханалық сынақтар, стандарттарға сараптама, стандарттау және сәйкестікті растау саласындағы ақпараттық қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқарды.

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасы атынан Минск қаласында орналасқан Стандарттау жөніндегі мемлекеттік комитет (МЕМСТАНДАРТ) өкілдік етеді.

Қазіргі уақытта Мемстандарт жүйесіне елдің барлық өңірлерінде орналасқан 53 ұйым кіреді, оған орталық аппарат, құрылымдық бөлімшелер мен департаменттер, аумақтық орталықтар, мемлекеттік қадағалау инспекциялары, сынақ орталығы, сондай-ақ мынадай ведомстволық бағынысты ұйымдар кіреді:

- ▶ «Беларусь мемлекеттік стандарттау және сертификаттау институты» ғылыми-өндірістік республикалық унитарлық кәсіпорны (БелМССИ);
- ▶ «Беларусь мемлекеттік метрология институты» республикалық унитарлық кәсіпорны (БелММИ);
- ▶ «Беларусь мемлекеттік стандарттау, метрология және сапа менеджменті бойынша кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты» УҚ;
- ▶ «Беларусь мемлекеттік аккредиттеу орталығы» РУК;
- ▶ «Главгосстройэкспертиза» РУК;
- ▶ «УПНР» ашық акционерлік қоғамы.

Мемстандарт техникалық нормалау, стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау және аккредиттеу, энергия тиімділігі, құрылыста қадағалауды жүзеге асыру және жобалау құжаттамасына мемлекеттік сараптама жүргізу, сондай-ақ техникалық регламенттер мен стандарттарды қадағалау, отынды, электр және жылу энергиясын ұтымды пайдалану саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу жөніндегі республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Беларусь Республикасының Министрлер Кеңесі жоғары мемлекеттік орган болып табылады.

Стандарттауға қойылатын талаптар «Техникалық нормалау және стандарттау туралы» Беларусь Республикасының 2004 ж. 01 мамырдағы № 262-З Заңымен белгіленген (2016 ж. 24 қазандағы ред.).

Сондай-ақ Беларусь Республикасының 2030 жылға

дейінгі кезеңге арналған стандарттауды дамыту стратегиясы қабылданды.

Сонымен қатар, стандарттаудан, метрологиядан, сертификаттаудан және аккредиттеуден басқа, Комитет ойын автоматтары, лицензиялау, энергияны үнемдеу, құрылысты қадағалау, кассалық жиынтық аппараттар және т.б. сияқты қызмет салаларын реттейді.

Мемстандарт Беларусь Республикасының мынадай халықаралық және өңірлік ұйымдармен ынтымақтастық мәселелері жөніндегі республикалық бас мемлекеттік басқару органы болып табылады:

- ▶ Халықаралық заңнамалық метрология ұйымы (OIML);
- ▶ Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO);
- ▶ Халықаралық электртехникалық комиссия (IEC);
- ▶ Жаңартылатын энергия жөніндегі халықаралық агенттік (IRENA);
- ▶ Зертханаларды аккредиттеу жөніндегі халықаралық ынтымақтастық (ILAC);
- ▶ Халықаралық аккредиттеу форумы (IAF);
- ▶ Халал аккредиттеу жөніндегі халықаралық форумы (IAFORUM);
- ▶ Өлшемдер мен салмақтар жөніндегі бас конференция (BIPM);
- ▶ Мемлекеттік метрологиялық мекемелердің Еуро-Азиялық ынтымақтастығы (COOMET);
- ▶ Еуропалық стандарттау жөніндегі комитеті (CEN);

- Еуропалық электртехникадағы стандарттау жөніндегі комитет (CENELEC);
- Еуропалық аккредиттеу жөніндегі ынтымақтастық (EUROPEAN-ACCREDITATION);
- Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиясы (UNECE).

Ынтымақтастық аясында мынадай елдермен келісімдерге қол қойылды:

Әзірбайжан Республикасы, Египет Араб Республикасы, Аргентина Республикасы, Израиль мемлекеті, Иран Ислам Республикасы, Пәкістан Ислам Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Испания Корольдігі, Қырғыз Республикасы, Латвия Республикасы, Ливия Араб Джамахириясы, Литва Республикасы, Моңғолия, Біріккен Араб Әмірліктері, Армения Республикасы, Болгария Республикасы, Үндістан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Корея Республикасы, Куба Республикасы, Молдова Республикасы, Польша Республикасы, Сербия Республикасы және Черногория, Словения Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Сирия Араб Республикасы, Словакия Республикасы, Вьетнам Социалистік Республикасы, Түрікменстан, Түркия Республикасы, Украина, Германия Федеративтік Республикасы және Чехия Республикасы.

Грузия

ТМД Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңесте (МАК) Грузия атынан Грузияның Экономика және тұрақты даму министрлігінің жүйесіне кіретін, Тбилиси қаласында

орналасқан Грузия Ұлттық стандарттар және метрология агенттігі (GeoSTM) өкілдік етеді.

Ұлттық стандарттарды әзірлеу үшін жыл сайын «Грузия стандарттар бағдарламасы» қалыптастырылады.

Консенсус негізінде әзірленген және стандарттау жөніндегі орган тіркеген Грузия ұлттық стандарты – әмбебап және бірнеше рет пайдалану үшін белгілі бір саладағы әртүрлі қызмет/әрекеттер немесе олардың нәтижелері үшін ережелерді, жалпы қағидаттарды немесе сипаттамаларды белгілейтін құжат.

Грузияда стандарттарды әзірлеуді, тіркеуді және таратуды Грузияның Экономика және тұрақты даму министрлігі, Грузия ұлттық стандарттар және метрология агенттігі қоғамдық құқығының заңды тұлғасы (ҰМК) жүзеге асырады.

Электрондық стандарттар дүкені халықаралық және ұлттық стандарттарды ресми таратуды жүзеге асырады. Жеке тізбеде лифтілерді қауіпсіз пайдалануға арналған, серуендеуге арналған су көлігі, арқан құрылғылар, қысымдағы жабдық, қысымдағы қарапайым ыдыс, құрылыс тауарлары, әлеуетті жарылыс қауіпті орта, машиналар, газ отынымен жұмыс істейтін техника, жеке қорғаныс құралдары, ойыншықтардың қауіпсіздігі, пестицидтер тақырыптарына арналған үйлестірілген стандарттардың тізімі қалыптастырылған.

Грузия стандарттау жүйесіне мынадай 7 техникалық комитет кіреді:

- 1 ▶ Электртехникалық комитет (ТК 1);
- 2 ▶ Сәйкестікті басқару және бағалау (ТК 2);

- 3 ► Тамақ өнімдері (ТК 3);
- 4 ► Туризм және онымен ілестес көрсетілетін қызметтер (ТК 4);
- 5 ► Құрылыс және қауіптілігі жоғары объектілер (ТК 5);
- 6 ► Табиғи газ жөніндегі техникалық комитет (ТК 6);
- 7 ► Энергия тиімділігі (ТК 7).

Агенттік төмендегілер сияқты ірі ұйымдармен ынтымақтасады:

- Халықаралық стандарттау ұйымы (ИСО);
- Халықаралық электртехникалық комиссия (МЭК);
- Еуропалық стандарттау жөніндегі комитеті (CEN);
- Еуропалық электртехникалық стандарттау жөніндегі комитеті (CENELEC);
- Еуропалық телекоммуникациялық стандарттар институты (ETSI);
- Америка сынақтар және материалдар қоғамы (ASTM);
- Стандарттау, метрология және аккредиттеу жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК);
- Британия стандарттар институты (BSI);
- Стандарттау жөніндегі өңіраралық қауымдастық (IRSA).

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы атынан Бішкек қаласында орналасқан Қырғыз Республикасының Экономика және коммерция министрлігі жанындағы Стандарттау және метрология орталығы (Қырғызстандарт) өкілдік етеді.

Қырғызстанның техникалық реттеу құрылымына екі институт, Қырғызстандарт, оның құрылымдық бөлімшелері және аумақтық сынақ, стандарттау және метрология орталықтары, сондай-ақ Қырғыз аккредиттеу орталығы кіреді.

Стандарттау жүйесінде 27740 стандарт және 25 техникалық комитет бар.

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды ресми таратуды стандарттар интернет-дүкені жүзеге асырады. Орталық сертификаттаудан өткен және сапа менеджменті жүйесін енгізген кәсіпорындардың жыл сайынғы тізбесін жүргізеді.

Халықаралық ынтымақтастық:

- ▶ Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO);
- ▶ Халықаралық электртехникалық комиссия (IEC);
- ▶ Халықаралық заңнамалық метрология ұйымы (OIML);
- ▶ БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (UNECE);
- ▶ Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы (FAO);
- ▶ Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК);

- Стандарттау жөніндегі өңіраралық қауымдастық (СӨҚ);
- Ислам елдерінің стандарттау және метрология институты (SMIIC);
- Еуропалық стандарттау жөніндегі комитеті;
- Еуропа электртехникадағы стандарттау жөніндегі комитеті;
- PTB (Германия федерациялық физикалық-техникалық институты);
- DAkkS (Германия аккредиттеу жөніндегі органы);
- KOOMET (Еуро-Азиялық мемлекеттік метрологиялық мекемелер ынтымақтастығы).

Молдова Республикасы

Молдова Республикасы атынан МАК-та Молдова Республикасының, Кишенев қ. орналасқан Экономика министрлігі өкілдік етеді.

Молдова Республикасындағы техникалық реттеу құрылымы мынадай үш ұлттық институтты құрайды:

- Молдова стандарттау институты (ISM);
- Ұлттық метрология институты (INM);
- Ұлттық аккредиттеу орталығы (MOLDAC).

Молдова стандарттау институты (МСИ) — Экономика министрлігіне бағынатын және Ұлттық стандарттау жөніндегі 2016 ж. 04 наурыздағы № 20 Ұлттық стандарттау туралы Заңның ережелеріне сәйкес стандарттау саласындағы ұлттық саясатты

жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік мекеме. МСИ ұйымдастыру және жұмыс істеуі Үкіметтің Жүйені реформалау жөніндегі кейбір шаралары туралы 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 996 қаулысымен бекітілген Молдова стандарттау институтын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі туралы ережемен реттеледі.

Ұлттық стандарттарды әзірлеу үшін жыл сайын «Қызмет жоспары» қалыптастырылады.

Стандарттау жөніндегі ұлттық техникалық комитеттер мүдделі тараптардың сұрауы бойынша құрылады және МСИ шешімімен бекітіледі.

Техникалық комитеттердің құрамы жағдайға байланысты осы саладағы өндірушілер, сатушылар, пайдаланушылар, шағын және орта кәсіпорындар (ШОК), ғылыми орта және әзірлемелер, жобалау, білім беру, сынақ зертханалары, сертификаттау жөніндегі органдар, кәсіби қауымдастықтар немесе ұйымдар, тұтынушылар қауымдастықтары, нарықты қадағалау жөніндегі органдар, сондай-ақ осы саладағы реттеуші органдар сияқты мүдделі тараптардың теңдестірілген өкілдігін қамтамасыз етуге тиіс.

Стандарттау жөніндегі кеңес сапа инфрақұрылымына жауапты орталық мамандандырылған мемлекеттік басқару органының, реттеуші органдардың, кәсіби қауымдастықтардың, тұтынушылардың, ғылыми ортаның және басқа да мүдделі тараптардың өкілдерінен тұрады.

Стандарттау жөніндегі кеңес 2016 жылы 1 желтоқсанда Молдова стандарттау институты бекіткен Ұйымдастыру және жұмыс істеу туралы ережеге сәйкес құрылды және жұмыс істейді.

Кеңес регламенті «Ұлттық стандарттау туралы» 2016 жылғы 4 наурыздағы № 20 Заңының негізінде

әзірленді және Кеңес қызметінің өкілеттіктерін, құқықтары мен ұйымдастыру тәсілдерін белгілейді.

Халықаралық ынтымақтастық мына ұйымдармен жүзеге асырылады:

- ▶ Халықаралық стандарттау ұйымы (ИСО);
- ▶ Халықаралық электртехникалық комиссия (МЭК);
- ▶ Халықаралық электр байланыс одағы (ХЭО);
- ▶ Еуропалық стандарттау жөніндегі комитеті (CEN);
- ▶ Еуропалық электртехникадағы стандарттау жөніндегі комитет (CENELEC);
- ▶ Еуропалық телекоммуникациялық стандарттар институты (ETSI);
- ▶ Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК);
- ▶ Стандарттау жөніндегі өңіраралық қауымдастық (IRSA).

Ресей Федерациясы

Ресей атынан МАК-та Ресей федерациясының Мәскеу қаласындағы Техникалық реттеу және метрология жөніндегі федерациялық агенттігі (РОССТАНДАРТ) өкілдік етеді.

Федерациялық техникалық реттеу және метрология жөніндегі агенттік мемлекеттік қызмет көрсету, техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік мүлікті басқару функцияларын жүзеге асыратын атқарушы биліктің федерациялық органы болып табылады. Федерациялық техникалық реттеу және метрология жөніндегі агенттік өлшеу құралдарын

жасау және жөндеу қызметін, сонымен қатар мемлекеттік метрологиялық бақылау және қадағалау функцияларын лицензиялауды жүзеге асырады. Федерациялық агенттік сонымен қатар Ресей Федерациясының Үкіметі бұл функцияларды басқа атқарушы биліктің федерациялық органдарға беру туралы шешім қабылдағанға дейін ұлттық стандарттар мен техникалық регламенттердің міндетті талаптарының сақталуын бақылайды және қадағалайды.

Федерациялық техникалық реттеу және метрология жөніндегі агенттік өз қызметін тікелей, өзінің аумақтық органдары арқылы және ведомстволық бағынысты ұйымдар арқылы жүзеге асырады.

Стандарттарды ресми таратуды Ресей стандарттау институты негізінде құрылған Федерациялық ақпараттық стандарттар қоры Росстандарттың 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №2074 бұйрығымен жүзеге асырады.

ЕҚТ анықтамалықтарын әзірлеу кезінде бірыңғай тәсілдерді жасау үшін Росстандарттың бұйрығымен «Ең үздік қолжетімді технологиялар» бейінді стандарттау жөніндегі техникалық комитеті құрылды. Кадрларды даярлау жөніндегі жұмыс маңызды болып табылады, ол ЕҚТ Бюросы мен Стандарттау, метрология және сертификаттау академиясының ағымдағы бірлескен жұмысы шеңберінде жүзеге асырылады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде ірі халықаралық ұйымдармен өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды.

Стандарттау және метрология саласында:

- Халықаралық заңнамалық метрология ұйымы (ХЗМҰ);
- Халықаралық өлшемдер және салмақтар бюросы (ХӨСБ);
- Еуро-Азиялық мемлекеттік метрологиялық мекемелер ынтымақтастығы (КООМЕТ);
- Заңнамалық метрология жөніндегі Азия-Тынық мұхит форумы (ЗМАТФ);
- Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ТМД мемлекетаралық кеңесі;
- Халықаралық стандарттау ұйымы (ИСО);
- Халықаралық электртехникалық комиссия (МЭК);
- БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК);
- Эталондар бойынша Еуропалық ынтымақтастық (Евромет);
- Америка мұнай институты (API);
- Еуропалық сапа жөніндегі ұйым (ЕОQ);
- Энтерпрайз Сингапур.

Сондай-ақ мынадай елдердің стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы ұлттық органдарымен:

Венгрия, Қазақстан, Сербия, Беларусь, Армения, Қырғыз Республикасы, Куба, Абхазия, Австрия, Албания, Алжир, Аргентина, Болгария, Босния және Герцеговина, Бразилия, Венесуэла, Вьетнам, Германия, Греция, Египет, Израиль, Үндістан, Иран,

Испания, Палестина, Сауд Арабиясы, КХДР, ҚХР, Корея, Куба, Македония, Моңғолия, БАӘ, Сирия, Словения, Словакия, АҚШ, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан, Чехия, Оңтүстік Осетия елдерінің ұлттық органдарымен өзара түсіністік туралы меморандумдарға қол қойылды.

Тәжікстан Республикасы

Тәжікстан атынан МАК-та Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы, Душанбе қаласында орналасқан Стандарттау, метрология, сертификаттау және сауда инспекциясы агенттігі (ТӘЖІКСТАНДАРТ) өкілдік етеді.

Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы Стандарттау, метрология, сертификаттау және сауда инспекциясы жөніндегі агенттік (бұдан әрі – Агенттік) атқарушы биліктің орталық органы болып табылады және стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу, стандарттар мен техникалық регламенттер талаптарының енгізілуі мен сақталуын, шикізаттың, өнімнің сапасын, Тәжікстан Республикасының кәсіпорындарында, ұйымдарында, сауда саласында, ауыл шаруашылығында және басқа да ұйымдарында ұйымдық-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, сауда өлшем бірлігі мен қағидаларды қамтамасыз етуді мемлекеттік қадағалау мен бақылауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

Директор бір мезгілде Тәжікстан Республикасының сауда стандарттарын, өлшеу құралдары мен сауда ережелерін қадағалау жөніндегі Бас мемлекеттік инспекторы, сондай-ақ Үйлестіру кеңесінің, өнімнің (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің) сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі басшысы болып табылады.

Құқықтық негізді «Стандарттау туралы» Тәжікстан Республикасының Заңы құрайды.

Тәжікстан Республикасы стандарттарының мемлекеттік қоры Тәжікстан Республикасының ақпараттық ресурстар тізіліміне енгізілген және оның ішінде ұлттық, өңірлік және халықаралық стандарттар кіретін 20 мыңнан астам стандартты қамтиды.

Бүгінгі таңда «Тәжікстандарт» агенттігі мынадай халықаралық және өңірлік ұйымдармен белсенді ынтымақтастық жүргізуде:

- Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК);
- Халықаралық стандарттау ұйымы (ИСО);
- Германия федерациялық физикалық-техникалық институты (РТВ);
- ГмбХ халықаралық ынтымақтастық қоғамы (GIZ);
- Еуро-Азиялық мемлекеттік метрологиялық мекемелер ынтымақтастығы (COOMET);
- Халықаралық электртехникалық комиссия (МЭК);
- Халықаралық электр байланыс одағы (ХЭО);
- Кодекс Алиментариус комиссиясы (КАК);
- Халықаралық заңнамалық метрология ұйымы (OIML);
- БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясы (БҰҰ ЕЭК);
- БҰҰ өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы (UNPD);
- Еуропалық стандарттау жөніндегі комитеті (CEN);

- ▶ Еуропалық электртехникадағы стандарттау жөніндегі комитет (CENELEC);
- ▶ Халықаралық өлшемдер және салмақтар бюросы (BIPM);
- ▶ Зертханаларды аккредиттеу саласындағы ынтымақтастық жөніндегі халықаралық ұйым (ILAC);
- ▶ Халықаралық аккредиттеу форумы (IAF);
- ▶ Азия-Тынық мұхит аккредиттеу ынтымақтастығы (APLAC);
- ▶ Халықаралық стандарттарды пайдаланушылар федерациясы (IFAN);
- ▶ Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ);
- ▶ Стандарттау жөніндегі өңіраралық қауымдастық (СӨҚ);
- ▶ АҚШ халықаралық даму жөніндегі агенттігі (USAID);
- ▶ Халықаралық сауда орталығы (ITC).

«Тәжікстандарт» агенттігі Армения, Әзірбайжан, Беларусь, Грузия, Германия, Қазақстан, Қырғызстан, Қытай, Молдова, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Түрікменстан, Түркия сияқты серіктес мемлекеттермен стандарттау, сертификаттау және метрология жөніндегі ұйымдармен, министрліктермен және институттармен ынтымақтасады.

Түрікменстан

Түрікменстан атынан МАК-та Түрікменстанның Ашхабад қаласында орналасқан «ТҮРІКМЕНСТАНДАРТЛАРЫ» Бас мемлекеттік қызметі өкілдік етеді.

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі импортты алмастыру болып табылады. Экспортқа бағдарланған өнім өндірісін үдемелі арттыру және импорттық аналогтарды отандық тауарлармен біртіндеп алмастыру «Түрікменстан Президентінің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі 2019 – 2025 жылдарға арналған бағдарламасында» белгіленген бірінші кезектегі міндеттер қатарында тұр.

2020 жылғы 14 наурызда «Стандарттау туралы» Түрікменстан Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң қабылданды, ал 2020 жылғы 22 тамызда «Сертификаттау туралы» Түрікменстан Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң қабылданды. Осылармен қатар «Өлшемдердің бірыңғайлығын қамтамасыз ету туралы», «Тұтынушы құқығын қорғау туралы» заңдар және Түрікменстанның Еңбек кодексі қабылданды. Аталған шаралар стандарттау саласының заңнамалық негізін жаңғыртуға бағытталған.

Ақпараттық технологияларды стандарттау – ғылым, ағарту және цифрлық экономиканы дамыту саласында жүргізілетін мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі.

Халық шаруашылығының барлық салаларын цифрландырудың, елде өндірілетін өнімнің, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің әлемдік нарықтарда бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің маңызды шарты ұлттық стандарттардың халықаралық стандарттарға сәйкестігі болып табылады.

ТҮРІКМЕНСТАНДАРТЛАРЫ мынадай:

- Халықаралық стандарттау ұйымы (ИСО);
- Халықаралық электртехникалық комиссия (МЭК);

- ▶ Стандарттау жөніндегі өңіраралық қауымдастық (СӨҚ);
- ▶ Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК);
- ▶ Еуро-Азиялық мемлекеттік метрологиялық мекемелер ынтымақтастығы (КОOMET) сияқты ірі халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады.

Өзбекстан Республикасы

Өзбекстан Республикасы атынан МАК-та Өзбекстан Республикасының Инвестициялар және сыртқы сауда министрлігі жанындағы Өзбек техникалық реттеу агенттігі өкілдік етеді.

Өзбек техникалық реттеу агенттігі техникалық реттеу және метрология саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі республикалық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

Стандарттау «Стандарттау туралы» 1993 ж. 28 желтоқсандағы №1002-XII Заңымен реттеледі.

Стандарттау, сертификаттау және техникалық реттеу ғылыми-зерттеу институты (Стандарттар институты) Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2019 жылғы 14 наурыздағы №220 қаулысына сәйкес стандарттау, техникалық реттеу, метрология және сәйкестікті бағалау, кадрларды қайта даярлау және кадрлардың біліктілігін арттыру саласындағы мемлекеттік ғылыми мекеме болып табылады.

Қазіргі уақытта Өзбек техникалық реттеу агенттігі мынадай халықаралық және өңірлік ұйымдарда:

- ▶ Халықаралық стандарттау ұйымында (ISO - ИСО) – толыққанды мүше ретінде;

- Халықаралық заңнамалық метрология ұйымында (OIML - МОЗМ) – корреспондент-мүше ретінде;
- Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі Мемлекетаралық Кеңесінде (МАК);
- Стандарттау жөніндегі өңіраралық қауымдастықта (СӨҚ);
- Еуро-Азиялық мемлекеттік метрологиялық мекемелер ынтымақтастығында (COOMET - КООМЕТ) – толыққанды мүше ретінде
Өзбекстан Республикасының мүдделерін білдіреді.

Өзбек техникалық реттеу агенттігі ТМД-ға мүше мемлекеттер, Египет Араб Республикасы, Иран Ислам Республикасы, Литва Республикасы, Словакия Республикасы, Түркия, Сингапур Республикасы, Оңтүстік Корея, Греция, Германия, Чехия Республикасы, Ұлыбритания, Венгрия, Вьетнам, Үндістан, Индонезия, Испания, Қытай, Латвия, Польша, Франция сияқты мемлекеттердің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі ұлттық ұйымдарымен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Агенттік пен оның ведомстволық бағынысты ұйымдары арасында құжаттар алмасу толығымен электрондық түрге ауыстырылды және қағазсыз электрондық құжат айналымы мен іс жүргізу жүйелері енгізілді.

2021 жылы техникалық реттеу саласында көрсетілетін қызметтерді цифрландыру және

автоматтандыру үшін 3 ақпараттық жүйе әзірленіп, енгізілді.

Украина

Украина атынан МАК-та Киев қаласында орналасқан Украинаның Экономика министрлігі өкілдік етеді.

Украинада ұлттық стандарттау жүйесінің қалыптасуы 1992 ж. бастау алады. Стандарттау саласында негізгі жұмыстарды жүргізудің бірыңғай ұйымдастырушылық-әдістемелік ережелері әзірленді. Осы кезеңде стандарттар Украина Министрлер Кабинетінің «Стандарттау және сертификаттау туралы» Декретінің, бұрынғы КСРО стандарттау тәжірибесіне, құқықтық нормаларына негізделді және халықаралық стандарттау ұйымдарының тиісті қағидаттары мен ережелері ескерілді.

Украинадағы экономикалық және әлеуметтік қатынастарды реформалау, жалпы алғанда, ұлттық стандарттау мен техникалық реттеу жүйесін дамыту, Украинаның Еуропалық одаққа интеграциялануына және Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне қатысты басымдықтарын нормативтік-құқықтық актілерде анықтау техникалық реттеу саласында жаңа заңнаманы (Украинаның «Стандарттау туралы», «Сәйкестікті растау туралы», «Сәйкестікті бағалау жөніндегі органдарды аккредиттеу туралы» заңдарын) әзірлеуге және ұлттық стандарттаудың негізге алынатын стандарттары кешенінің жаңа нұсқаларын жасауға түрткі болды.

4-ТАРАУ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК СТАНДАРТТАУ

4.1. Стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдар

Халықаралық сауда жүйесі бүгінде 164 ел мүше болып кірген Дүниежүзілік сауда ұйымының (ДСҰ) ережелері негізінде жұмыс істейді. Жеті мемлекет кіру туралы келіссөздер жүргізуде. Бұл көп қырлы сауда ұйымы ДСҰ-ға мүше мемлекеттер өздерінің сауда қатынастарында ұстануға тиіс халықаралық ережелер негізінде әрекет етеді.

ДСҰ-ға кіретін әрбір мемлекет тауарлар мен көрсетілетін қызметтер нарығына қол жеткізуге қатысты міндеттемелер алады. Даулы мәселелерді қарау ережелері және бақылау жөніндегі комиссиялары бар, ДСҰ көпжақты келісімдердің орындалуын қадағалайды.

Кедендік баждарды төмендету мәселесін шешкеннен кейін екінші орында еркін халықаралық сауда үшін жағдайлар жасау кезінде техникалық кедергілерді жою мәселесі туындайды, көбінесе белгілі бір елде ұлттық деңгейде қолданылатын стандарттар мен техникалық регламенттер техникалық кедергілер болып табылады. Әлемдік сауданың 80%-ға жуығы техникалық регламенттердің және/немесе стандарттардың талаптарына жататын тауарларға тиесілі және осы өнімге, әдетте, белгілі бір елдің ұлттық жүйесінде сәйкестікті бағалау нәтижелерін (сертификаттау, сынау, тексеру, тіркеу және т.б.) ұсыну талап етіледі.

Ұлттық нарықты протекционистік қорғау немесе

жергілікті өндірушілерге артықшылық беру ретінде пайдаланылатын ұлттық стандарттардың және өнімді реттеудің көптеген мысалдары бар.

Техникалық регламенттер мен стандарттарды сақтай отырып, саудадағы техникалық кедергілерді азайту үшін ДСҰ саудадағы техникалық кедергілер туралы келісімді (ДСҰ-ның СТК жөніндегі келісімі) қабылдады. Аталған келісімде техникалық регламенттердің, стандарттардың және сәйкестікті бағалау рәсімдерінің саудадағы қажетсіз кедергілерді тудырмайтындығына кепілдік беретін ережелер қамтылған.

ДСҰ-ның СТК жөніндегі келісімі мемлекеттерден халықаралық талаптарға сәйкес келетін стандарттар мен техникалық регламенттерді енгізуді талап етеді. Бұл ұлттық техникалық регламенттердің:

- ▶ ашық;
- ▶ негізделген;
- ▶ кемсітушілікке жатпайтын;
- ▶ халықаралық стандарттарға негізделген (мүмкіндігінше) болуға тиістігін білдіреді.

Халықаралық стандарттар әлем елдерінің стандарттау жөніндегі ұлттық органдары мүшелері болып табылатын стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың алаңында әзірленеді.

Халықаралық стандарттарды әзірлеу өнімге, процестерге, көрсетілетін қызметтерге қойылатын техникалық талаптарды біріздендіруге мүмкіндік береді. Халықаралық стандарттар сауда рәсімдерін жеңілдету үшін қажетті шарт болып табылатын ұлттық техникалық талаптарды үйлестіру үшін қажетті негіз жасайды.

ДСҰ-ның көмегімен әлемдік сауда жүйесін дамытумен қатар заманауи үрдіс өңірлік нарықтарды немесе еркін сауда аймақтарын құру мақсатында жекелеген өңірлерде ынтымақтастықты белсенді дамыту болып табылады. Өңірлік кооперация үшін көптеген себептері бар. Өңірішілік сауданы тиімді дамыту үшін өңірлік деңгейде стандарттау саласындағы ынтымақтастық та қажет.

Осылайша, халықаралық және өңірлік стандарттау саудадағы техникалық кедергілерді әлсірету құралы және жаһандану элементі ретінде әлемдік сауданы дамыту мен ілгерілетудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Халықаралық стандарттарды қолдана отырып, кәсіпорындар әлемдік деңгейге көтеріліп қана қоймай, өз өнімдерін шет елдерге экспорттауға мүмкіндік алады.

Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдар

Бүгінгі таңда мынадай үш халықаралық ұйым халықаралық деңгейде стандарттау саласындағы көпжақты ынтымақтастықтың негізгі орталықтары болып табылады:

- 1 Халықаралық стандарттау ұйымы (International Organization for Standardization) – қысқаша ISO немесе ИСО;
- 2 Халықаралық электртехникалық комиссия (International Electrotechnical Commission) – қысқаша IEC немесе ХЭК;
- 3 Халықаралық электр байланысы одағы (International Telecommunication Union) – қысқаша ITU немесе ХЭО.

Осы тарауда біз олардың тек екеуін ғана – ISO және IEC туралы егжей-тегжейлі қарастырамыз, өйткені ITU қызметінің профилі кең емес және негізінен телекоммуникацияны қамтиды. ITU-мен, әдетте, ұлттық стандарттау органдары емес, өз елінде телекоммуникация қызметін үйлестіруге уәкілетті мемлекеттік органдар немесе ұйымдар өзара әрекеттеседі. Керісінше, ISO және IEC әлемдік стандарттау жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, бұлармен әлемнің барлық дерлік елдері тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO)

ISO тәуелсіз үкіметтік емес халықаралық стандарттау ұйымы болып табылады, оның қызметіне стандарттау жөніндегі ұлттық органдар тартылған.

ISO 1947 жылы ақпанда құрылды және ISO халықаралық стандарттарын әзірлеумен айналысады, қазірдің өзінде олардың саны 24 мыңнан асады.

ISO стандарттау саласындағы көшбасшы екені және дәл осы ұйым халықаралық және ұлттық стандарттауды дамытатын бағытты белгілейтіні сөзсіз.

ISO БҰҰ немесе ДСҰ сияқты көптеген әртүрлі халықаралық ұйымдармен ынтымақтасады.

Әлемнің 160-тан астам елі ISO мүшелері болып табылады. ISO штаб-пәтері, халықаралық ұйымдардың көпшілігі сияқты, Швейцария Конфедерациясында, Женева қаласында орналасқан.

ISO мақсаты өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге арналған халықаралық стандарттарды әзірлеу және оларды бүкіл әлемде қолдану үшін шарттарды қамтамасыз ету болып табылады.

ISO халықаралық тауар алмасуды және өзара көмекті қамтамасыз ету үшін әлемдік ауқымда

стандарттауды дамытуға жәрдемдесуді, сондай-ақ зияткерлік, ғылыми, техникалық және экономикалық қызмет саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуді өзіне міндет етіп қояды.

Халықаралық электртехникалық комиссия (IEC)

IEC – 1906 жылы құрылған электрлік және электрондық технологияларды стандарттау жөніндегі халықаралық коммерциялық емес ұйым.

IEC құрамына әлемнің 90-ға жуық елі кіреді.

Бүгінгі таңда IEC 7000-нан астам халықаралық стандартты әзірледі. IEC жұмысы техникалық инновацияларға, қолжетімді инфрақұрылымды дамытуға, энергияға тиімді және тұрақты қол жеткізуге, зияткерлік урбанизация мен көлік жүйелеріне, климаттың өзгеруінен болатын салдарларды жұмсартуға және адамдар мен қоршаған ортаның қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Егер ISO стандарттары электроника мен электр техникадан басқасының барлығына қолданылатын болса, онда IEC стандарттарының таралу саласы тікелей электроника және электр техника болып табылады.

Өзінің барынша тар мамандануына қарамастан, IEC халықаралық стандарттау мен әлемдік тауар айналымын дамытудағы рөлінің маңызы ISO-дан кем емес. Электр-техникалық аспаптар бүкіл әлемде қолданылады және олардың барлығын бірыңғай стандарттардың талаптарына сәйкес өндіру өте маңызды.

Стандарттау жөніндегі қызметінен басқа, IEC сонымен қатар өзінің сертификаттау жүйелерін әзірлеп, алға жылжыту арқылы электроника мен электр техниканың сәйкестігін бағалау

мәселелерімен айналысады, осылайша елдер арасындағы сәйкестікті бағалау жұмыстарының нәтижелерін өзара тану процесіне ықпал етеді.

Стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдар

Халықаралық сауданы дамыту мәселесі шекаралары ортақ және/немесе географиялық жағынан бір-біріне жақын орналасқан елдер арасында өзекті болып табылады.

Осыған байланысты көршілес елдер сауда қатынастарын дамытуға жәрдемдесу үшін өңірлік бірлестіктер құрады, сонымен қатар бұл стандарттау мәселелеріне де қатысты.

Әрбір ірі өңірдің шамамен барлығында өз өңірі үшін бірыңғай стандарттар әзірлейтін өздерінің стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдары жұмыс істейді.

Осы тараушада біз олардың кейбіреулерін қарастыратын боламыз.

Еуропалық стандарттау жөніндегі комитет (European Committee for Standardization – CEN) және Еуропалық электртехникалық стандарттау жөніндегі комитеті (European Committee for Electrotechnical Standardization – CENELEC)

Еуропалық стандарттау жөніндегі комитеті CEN – Еуропалық өңірлік стандарттау жөніндегі орган, ол негізінен ISO-ның еуропалық ұқсасы болып табылады, яғни оның қызмет саласына электроника мен электр техникадан басқа, іс жүзінде барлығы кіреді.

CEN 1961 жылы құрылған, оның негізгі мақсаты еуропа стандарттарын әзірлеу арқылы тауарлар мен көрсетілетін қызметтер саудасын дамытуға ықпал ету болып табылады.

Еуропалық электртехникалық стандарттау

жөніндегі комитеті CENELEC – Еуропалық өңірлік электртехникалық стандарттау органы, ол IEC-тің еуропалық аналогы болып табылады, сәйкесінше оның қызмет саласына электроника мен электр техника кіреді.

CENELEC 1973 жылы Еуропада электр техника саласындағы стандарттауға бұрын жауапты болған екі ұйымның – CENELCOM және CENEL бірігуінің нәтижесінде құрылды.

CEN және CENELEC мүшелікке негізделген, оның құрамына Еуропаның 34 елі, сонымен қатар еуропалық емес елдерден көптеген серіктес органдар кіреді.

Бір-бірімен тығыз жұмыс жасайтын, бірақ екі тәуелсіз ұйым ретінде әрекет ететін ISO мен IEC-тен айырмашылығы, CEN және CENELEC – бір хатшылығы бар біртұтас ұйым (CEN-CENELEC басқару орталығы – CEN-CENELEC Management Center CCMC).

CEN және CENELEC техникалық комитеттерінің базасында өздерін әлемдегі ең үздік стандарттардың бірі ретінде танытқан, EN белгіленетін еуропалық стандарттар әзірленеді.

Парсы шығанағы Араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің стандарттау жөніндегі ұйымы (Gulf Cooperation Council Standardization Organization – GSO)

Парсы шығанағы Араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі (Gulf Cooperation Council – GCC) – құрамына Біріккен Араб Әмірліктері, Сауд Арабиясы, Катар, Оман, Кувейт және Бахрейн кіретін Парсы шығанағы араб елдерінің өңірлік интеграциясы.

GCC – бұл, шын мәнінде, Еуропалық комиссияның немесе Еуразиялық экономикалық комиссияның Парсы аймағындағы аналогы, яғни, бұл кеден, сауда,

техникалық реттеу және т.б. салаларды қамтитын мүше елдер арасында бірыңғай экономикалық кеңістік құру және дамыту мәселелерімен айналысатын ұйым.

GCC базасында стандарттау жөніндегі ұйым – GSO жұмыс істейді, оның рөлі өзара сауданы дамыту және ілгерілету мақсатында өңір үшін бірыңғай техникалық регламенттер мен стандарттарды әзірлеу болып табылады.

GSO 2004 жылы құрылған және содан бері 20000-нан астам стандарт пен 1000-нан астам GSO техникалық регламенті әзірленді, бұл ретте GSO стандарттарының шамамен 80%-ы халықаралық стандарттар негізінде әзірленді.

Парсы өңірінің техникалық реттеу жүйесінің басқалардың барлығынан басты айырмашылығы – тек қауіпсіздік талаптары қамтылған және тиісінше міндетті болып табылатын стандарттар техникалық регламенттер деп аталады.

Мысалы, ЕО директивалары мен регламенттері немесе ЕАЭО техникалық регламенттері өнім топтарына (тамақ, машина жасау, химиялық және т.б.) қолданылады, ал Парсы шығанағында техникалық регламенттер негізінен өнімнің нақты бірыңғай түрлеріне (нан, нан өндіруге арналған жабдықтар, сиыр еті және т.б.) қолданылады.

Тиісінше, егер ЕАЭО-да тек 40-тан астам техникалық регламент болса, Парсы шығанағында 1000-нан астам техникалық регламент бар.

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК)

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық кеңес (МАК) Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінің стандарттау,

метрология, аккредиттеу, сәйкестігін бағалау мәселелеріне жауапты өңірлік орган болып табылады.

Бұрын КСРО-да стандарттар ГОСТ деп белгіленді және елде міндетті болып табылды. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін оның бұрынғы мүше елдеріне өздерінің ұлттық стандарттау жүйесін құруды бастау қиынға соқты, өңірдегі өзара сауданы дамыту мен ілгерілетудің маңыздылығы мен қажеттілігін айтпағанда, өндірушілер мен бизнес субъектілері стандарттарға мұқтаж болды. Сондықтан кеңес мемлекетінен кейін таралған барлық мемлекеттер жиналып, 1992 жылғы 13 наурызда «Стандарттау, метрология және сертификаттау саласында келісілген саясат жүргізу туралы келісімге» қол қойды, бұл ТМД елдерінің стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымының құрылуына бастау болды.

МАК КСРО-дан мұраға барлық ГОСТ-тарды алды, бұл ретте ГОСТ-тар қолдану үшін ерікті болды, өйткені өңірдің барлық елдері екі деңгейлі техникалық реттеу жүйесін (техникалық регламенттер – міндетті, стандарттар – ерікті) білдіретін капитализм мен нарықтық қатынастар жолын таңдады.

Қазіргі уақытта МАК аясында бағыттар мен салалардың шамамен барлығын қамтитын 26 мыңнан астам ГОСТ әзірленіп, қолданысқа енгізілді. ГОСТ-тар жалпы саны 150-ден асатын мемлекет аралық техникалық комитеттің базасында әзірленеді.

МАК алаңында стандарттардан басқа метрология, аккредиттеу және сәйкестікті бағалау саласындағы маңызды өңірлік мәселелер де шешіледі.

Ұйым жанынан құрылған ғылыми-техникалық комиссиялар айналысатын МАК қызметінің мынадай бес негізгі бағытын бөліп көрсетуге болады:

- ▶ стандарттау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (СҒТК);
- ▶ метрология жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (МетрҒТК);
- ▶ сәйкестікті бағалау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (СБҒТК);
- ▶ аккредиттеу жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (АҒТК);
- ▶ қадағалау және бақылау жөніндегі ғылыми-техникалық комиссия (ҚҒТК).

4.2 БАӘ стандарттау жүйесі

БАӘ техникалық реттеу, стандарттау және сәйкестікті бағалау саласындағы уәкілетті орган Индустрия және озық технологиялар министрлігі (MoIAT) болып табылады, ол сонымен қатар БАӘ ұлттық стандарттау жөніндегі органы, аккредиттеу жөніндегі органы және бақылау-қадағалау органы болып табылады.

БАӘ-де міндетті талаптарды белгілейтін құжаттардың мынадай екі түрі қолданылады: техникалық регламенттер және стандарттар.

Техникалық регламенттер мен стандарттар ұлттық деңгейде де, өңірлік деңгейде де қабылданады.

Өңірлік деңгейдегі техникалық регламенттерді GSO қабылдайды. Бұл – GSO Директорлар Кеңесі бекіткен құжат, осы құжатта өнімнің сипаттамалары және онымен байланысты өндіріс процестері мен әдістері, оның ішінде міндетті орындалуға тиісті әкімшілік ережелер жазылған.

Ұлттық деңгейдегі техникалық регламенттер БАӘ Министрлер Кабинетінің шешімімен қабылданады. Нақты техникалық регламентті әзірлеуге мемлекеттік құрылымдардың, өндірушілердің немесе сатушылардың сұранысы бойынша немесе MolAT жүргізген нарық қажеттіліктері мен өнімнің тұтынушыға әсерін талдау негіз болады. Техникалық регламенттерді бастапқыда MolAT стандарт түрінде әзірлейді, содан кейін БАӘ Министрлер Кабинетінің шешімімен олар міндетті құжаттарға айналады.

Стандарттың техникалық регламентке айналатындығы туралы шешім әдетте стандарт әзірленгенге дейін қабылданады. Алайда, кейбір жағдайларда қолданыстағы стандарт техникалық регламентті әзірлеуге негіз бола алады. Міндетті стандарттың (техникалық регламенттің) түпкілікті жобасын Министрлер Кабинетіне мақұлдау үшін жіберер алдында MolAT Директорлар кеңесі мақұлдауға тиіс. БАӘ-де қолданылатын стандарттарды сондай-ақ GSO және MolAT әзірлейді.

GSO стандарты – GSO техникалық кеңесі бекіткен, қайта пайдалануға болатын құжат, онда тиісті өнімдердің, процестердің және өндіріс әдістерінің сәйкес келуі міндетті болып табылмайтын ережелері, нұсқаулықтары немесе сипаттамалары жазылған және өнімдерге, процестерге немесе өндіріс әдістеріне қолданылатын терминдерді, анықтамаларды, таңбалауды қамтуы немесе арнайы қарастыруы мүмкін.

БАӘ стандарттарын MolAT қабылдайды. MolAT жариялаған стандарттардың көпшілігі GSO стандарттарына негізделген, олар өз кезегінде халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Егер GSO техникалық регламенттері мен стандарттары «GSO» болып белгіленсе, онда БАӘ

техникалық регламенттері мен стандарттары «УАЕ» болып белгіленеді.

4.3. Түркия стандарттау жүйесі

Түркияның негізгі ерекшеліктерінің бірі 1995 жылдан бастап Түркияның Еуропалық Одақпен (ЕО) Кеден одағында болғандығы болып табылады.

Түркияның кеден одағына мүшелік шарттарының бірі Түркия ЕО техникалық реттеу жүйесін енгізуі болып табылады.

ЕО мен Түркия арасындағы кеден одағы өнеркәсіптік және қайта өңделген тамақ өнімдерін реттеу саласын ғана қамтиды.

ЕО техникалық заңнамасы горизонталды және вертикалды сфераларға бөлінеді. Горизонталды заңнама техникалық талаптар ЕО ішінде, тиісінше Түркия мен ЕО арасында үйлестірілген және үйлестірілмеген өнімдердің барлық түрлерін қамтиды.

ЕО (салалардың) үйлестірілген техникалық талаптары ЕО директивалар немесе регламенттер нысанында бірыңғай техникалық талаптар қабылданған талаптар деп түсініледі.

Тиісінше, ЕО (салалардың) үйлестірілмеген техникалық талаптарына ЕО шеңберінде бірыңғай талаптар қабылданбайтын және ЕО әрбір мүшесі, сондай-ақ Түркия меншікті техникалық регламенттерін қабылдайтын техникалық талаптар жатады.

ЕО вертикалды заңнамасы нақты бір өнімге қойылатын техникалық талаптардан тұрады.

Түркия техникалық реттеу жүйесі ЕАЭО техникалық

реттеу жүйесімен көп жағынан ұқсас. Ол өнімнің белгілі бір түрлеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін ұлттық стандарттар мен техникалық регламенттерге негізделген. Түркия техникалық реттеу жүйесінің негізгі айрықша ерекшелігі ЕО бірқатар директиваларын қолдану болып табылады.

«Өнім туралы техникалық заңнаманы дайындау және іске асыру туралы» Түркия Республикасының № 4703 Заңының 5-бабына сәйкес өндірушілер нарықта тек қауіпсіз өнімдерді орналастыруға тиіс. Тиісті техникалық регламенттерге жауап беретін өнімдер қауіпсіз болып саналады. Тиісті техникалық регламент болмаған кезде өнімнің қауіпсіздігі ұлттық немесе халықаралық стандарттарға, ал олар болмаған кезде – тиісті сектордағы тиісті практика кодекстеріне немесе ғылым мен техниканың жай-күйіне немесе тұтынушы күткен қауіпсіздікке сәйкес бағалануға тиіс. № 4703 заң және «СЕ» таңбалау туралы Регламент талаптарды нормалау жүйесі құжаттарының мынадай түрлерін белгілейді: Техникалық регламент – өнімді өңдеу мен өндірудің сипаттамалары немесе әдістері баяндалған немесе тиісті терминология, символдар, буып-түю, затбелгі жапсыру, таңбалау және сәйкестікті бағалау рәсімдері сипатталған кез келген міндетті құжат.

Түркияның техникалық регламенттері көп жағдайда ЕО директивалары мен техникалық регламенттеріне негізделген.

ЕО-мен үйлестірілмеген салаларда Түркия халықаралық стандарттар негізінде техникалық регламенттерді әзірлейді және Түркия мен ЕО арасындағы тауарлардың еркін айналымын қолдайтын өзара тану туралы заңнамаға тиісті ережені енгізеді. Комиссияның №2003/С 265/02 түсіндірме хабарламасында ЕО-ға мүше мемлекет

тауарды, егер басқа ЕО-ға мүше мемлекетте немесе Түркияда заңды түрде дайындалған немесе өткізілген болса, оны нарықта орналастыруға рұқсат беруге тиіс екендігі нақты көрсетіледі. Түркия 83/189/ЕЕС директивасы келісілген сәттен бастап хабарлама тітігінің мүшесі болып табылады. Осы Регламент ЕО-дағы техникалық заңнама мен стандарттар туралы хабарлама қағидаттары мен рәсімдерін қамтиды және ЕО-дан алынған хабарламаларды мемлекеттік органдарға беру үшін қолданылады.

Түркия ұлттық стандарттау органы Түрік стандарттар институты (TSE) болып табылады, оның функцияларына Түркия субъектілерінің стандарттау саласындағы қызметін үйлестіру, Түркия ұлттық стандарттарын әзірлеу және бекіту, елді халықаралық, өңірлік және шетел стандарттарына қолжетімділікпен қамтамасыз ету, өнімнің сәйкестігін бағалау кіреді.

Стандарт қолданыстағы шарттарда тәртіптің оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында ұлттық немесе халықаралық стандарттау органы қабылдаған кез келген ерікті құжатты білдіреді, ол өнімнің сипаттамасын, өңдеу және өндіру әдісін жалпы және бірнеше рет қолдану үшін немесе өнімге қатысты бір немесе бірнеше терминдерді, символдарды, буып-түюді, таңбалауды және сәйкестікті бағалау рәсімдерін белгілеу үшін қабылданады.

Стандарттар:

►► үйлестірілген (EN) – мынадай еуропалық стандарттау органдарының бірі қабылдаған стандарттар: Еуропалық стандарттау комитеті (CEN), Еуропалық электр техникалық стандарттау комитеті (CENELEC), Еуропалық телекоммуникация стандарттарының институты (ETSI);

- үйлестірілген ұлттық – ЕО-ның үйлестірілген стандартын ұлттық заңнамаға көшіру үшін TSE Түркия ұлттық стандарты ретінде қабылдаған стандарттар;
- ұлттық – TSE қабылдаған ерікті стандарттар;
- халықаралық – халықаралық ұйымдар қабылдаған стандарттар.

Үйлестірілген және халықаралық стандарттар Түркияда ұлттық стандарттарға имплементациялау арқылы қолданылатынын назарға алу қажет.

Түркия ұлттық стандарттары «TS» деп белгіленеді.

4.4. ҚХР стандарттау жүйесі

ҚХР сапасының барлық инфрақұрылымының айрықша ерекшелігі қауіпсіздік талаптарын қамтитын міндетті ұлттық стандарттар рөл атқаратын техникалық регламенттердің болмауы болып табылады.

Қалыптасқан жағдайдың себебі 20-ғасырдың басынан басталады, атап айтқанда 1925 жылдың 15 қыркүйегінде КСРО Халкомкеңесі Стандарттау комитетін құрды. Комитет тарапынан мемлекеттік күшіне енген стандарттар қабылданды, барлық стандарттарға міндетті мәртебе берілді және заңнамалық актілерге теңестірілді.

ҚХР КСРО сияқты социалистік мемлекет бола отырып, дәл осындай жолмен жүрді. Алайда Одақ ыдырағаннан кейін ТМД елдері батыс елдерінің тәжірибесін ұстанды және техникалық реттеудің екі деңгейлі жүйесіне көшті: техникалық регламенттер мен стандарттар, ал ҚХР сапа стандарттарын қолданудың еріктілігі тұжырымдамасын енгізу

бөлігінде кейбір өзгерістермен бірдей жүйені ұстанды, бұл нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі және әлемдік деңгейдегі жаһандық бәсекеге қабілеттілік болып табылады.

Мұның бәрі 1989 жылдың 1 сәуірінде «Стандарттау туралы» ҚХР жаңа Заңы күшіне енген кезден басталды, оның шеңберінде ҚХР қазіргі стандарттау жүйесі қалыптаса бастады.

ҚХР стандарттау жүйесінің құрылымы

Қытай Мемлекеттік Кеңесі (General Council, GC) Қытайдың орталық үкіметтік органы болып табылады. Бүгінгі таңда Мемлекеттік Кеңестің құрамына 20 Министрлікті, екі Комиссияны, екі Департаментті, Қытай Банкін және Аудит қызметін қоса алғанда 26 мемлекеттік орган кіреді. Сонымен қатар Мемлекеттік нарықты реттеу әкімшілігін (State Administration for Market Regulation, SAMR) және Қытайдың Бас кеден әкімшілігін (General Administration for customs of China, GACC) қоса алғанда 10 мемлекеттік ұйым Мемлекеттік Кеңеске тікелей бағынады.

2018 жылдың наурыз айында Қытай бірлескен функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен агенттіктер санының қысқаруына байланысты қайта құру жүргізу туралы жариялады. Нәтижесінде, 2018 жылдың күзінде Мемлекеттік сапаны бақылау, инспекция және карантин жөніндегі әкімшіліктің (General Administration for Quality Supervision, Inspection and Quarantine, AQSIQ), Қытайдың тамақ өнімдері және дәрі-дәрмек жөніндегі әкімшіліктің (China Food and Drug) функцияларын біріктірді әкімшілік, CFDA) және Мемлекеттік индустрия және коммерция жөніндегі әкімшілігінің (State

Administration of Industry and Commerce, SAIC) функциялары біріктірілген Мемлекеттік нарықты реттеу әкімшілігі (SAMR) құрылды. Барлық үш мемлекеттік орган кейінірек жойылды. Сондай-ақ, тамақ өнімдерін импорттауды мен экспорттауды бақылау және инспекциясы бөлігіндегі AQSIQ функцияларының бір бөлігі Қытайдың Бас кеден әкімшілігіне (GACC) берілді.

SAMR сондай-ақ монополияға қарсы реттеу, баға белгілеуді бақылау, фармацевцияны реттеу, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бақылау, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау функциялары берілген.

Жүргізілген қайта құру Қытайдың Бас кеден әкімшілігінің (GACC) функцияларын кеңейтті. AQSIQ персоналы бар бөлімшелердің көпшілігі GACC, оның ішінде қытай порттарында орналасқан Қытайдың Инспекциялық және карантиндік қызметінің аумақтық бөлімшелеріне (China Inspection and Quarantine, CIQ) берілді. GACC бірінші кезекте қоғамдық қауіпсіздік және шекараны қорғау, тауарлардың кіруі мен шығуын тексеру, сондай-ақ әкелу және әкету баждарын жинау мәселелерімен айналысады. Тамақ және ауылшаруашылық өнімдерін инспекциялау және карантин функциялары импорттау және экспорттау кезінде бақылауды қоса алғанда GACC құзыретіне көшті. GACC импорттау мен экспорттау кезінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі департаменті Қытайға экспорттау үшін белгілі бір тамақ және ауылшаруашылық өнімдерін өндіретін шетел кәсіпорындарын тіркеуге жауап береді. Бұл функцияны бұрын Сертификаттау және аккредиттеу әкімшілігі (CNCA) басқаруында болған.

ҚХР Стандарттау жөніндегі мемлекеттік әкімшілігі (Standardization Administration for China,

SAC) өнеркәсіптік өнім стандарттарын әзірлеу процесін үйлестіретін уәкілетті орган болып табылады.

SAC ұлттық стандарттау жоспарларын әзірлейтін Қытайдың стандарттау жөніндегі уәкілетті органы болып табылады, тамақ өнімдерін қоспағанда, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге арналған ұлттық стандарттарды бекітеді және жариялайды, стандарттау саласындағы саясаты, әкімшілік қағидалары, бағдарламалар және хабарландырулар сияқты басқа құжаттарды бекітеді және жариялайды. Сондай-ақ, SAC халықты міндетті ұлттық стандарттар туралы хабардар етеді, өнеркәсіпке, жергілікті аумақтарға, ұйымдар мен кәсіпорындарға қатысты стандарттарды әзірлеу және енгізу бойынша жұмысты үйлестіреді, бағыттайды және бақылайды.

Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің ұлттық стандарттарын әзірлеуге жауапты орган Тамақ өнімдері және дәрі-дәрмектер жөніндегі әкімшілігімен (органымен) (FDA) бірге Ұлттық денсаулық сақтау комитеті (NHC) болып табылады. Бұл жағдай тамақ өнімдері қауіпсіздігі стандарттарына қатысты ережелер «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» ҚХР салалық Заңында қарастырылғандығына байланысты. Бұл ретте SAC ұлттық стандарттарға сериялық нөмірлер береді.

Тамақ өнімдеріндегі пестицидтер мен ветеринариялық препараттардың қалдықтар нормалары туралы, сондай-ақ тексеру әдістері мен рәсімдері туралы ережелерді денсаулық сақтау әкімшілігі (NHC) және ауыл шаруашылығы әкімшілігі (MARA) тамақ өнімдері мен дәрілік

заттар әкімшілігімен (CFDA) бірлесіп әзірлейді. Мал мен құсты сою рәсімдеріне қойылатын талаптарды ауыл шаруашылығы әкімшілігі (MARA) денсаулық сақтау әкімшілігімен (NHC) бірлесіп әзірлеуге тиіс.

Стандарттау жөніндегі ұлттық орган.

ҚХР Стандарттау жөніндегі мемлекеттік әкімшілігі (Standardization Administration of China, SAC) – SAMR ведомстволық бағынысты мемлекеттік ұйым. Осы орган стандарттау саласындағы құқықтық актілерді әзірлеуге жауапты болып табылады және мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Ұлттық стандарттар жоспарын, анықтамалық материалдарды әзірлеуге, үйлестіруге, қайта қарауға және жариялауға жауап береді;
- стандарттау саласындағы заңнаманы әзірлеуге және жетілдіруге қатысады;
- ұлттық стандарттарды (тамақ өнімдерінің ұлттық стандарттарынан басқа) әзірлеуді және қайта қарауды ұйымдастырады;
- бірыңғай сараптаманы ұйымдастырады, ұлттық стандарттардың нөмірленуін және жариялануын бекітеді;
- ұлттық деңгейде стандарттау қағидаттарын және тиісті әкімшілік қағидаларды әзірлейді және енгізеді;
- стандарттау институттарын құрады;
- ұлттық стандарттарды әзірлеу мен қайта қарауды қаржыландыруды, сондай-ақ

стандарттау бойынша зерттеулер жүргізуге арналған қорларды басқарады;

- стандарттау жөніндегі ұлттық техникалық комитеттерді үйлестіруді және оларға басшылық етуді жүзеге асырады;

- салалық және жергілікті стандарттау комитеттерін үйлестіреді және басшылық етеді;

- салалық және жергілікті стандарттардың тізілімі мен құжаттамасын жүргізеді;

- Қытай халықаралық немесе өңірлік стандарттау ұйымдарында өкілдік етеді, халықаралық келісімдерге қол қояды және орындайды;

- стандарттау саласындағы халықаралық ынтымақтастық пен алмасуды, стандарттау саласындағы халықаралық қатысу жөніндегі қызметті шолуды жүзеге асырады;

- штрих-кодтар мен тауарлардың нөмірленуін басқарады.

Стандарттардың түрлері

Өнімге қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін құжаттар.

Қытайдың Техникалық реттеу жүйесі иерархиялық құрылым, міндетті сипаттағы құжаттардың түрлері және осы құжаттарды бекітетін әртүрлі мемлекеттік органдар тұрғысынан күрделі және көп деңгейлі болып табылады. Жалпы Қытайдың техникалық реттеу жүйесі өнімге қойылатын міндетті талаптарды қамтитын ұлттық стандарттардан тұрады. ҚХР

аумағында өткізілетін барлық өнімдер ҚХР стандарттарына сәйкес келуге тиіс.

Бүгінгі таңда Қытайда осы стандарттарды қабылдаған мемлекеттік органдардың мәртебесіне байланысты стандарттар иерархиясы бар. Атап айтқанда, бұл 4.1-суретте көрсетілген стандарттардың бес түрі.

Ұлттық стандарттар міндетті және ұсынылатын (ерікті) болып бөлінеді.

Мемлекеттік органдар стандарттарының түрлері

- | | | |
|---|---|--|
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Ұлттық міндетті стандарттар ▪ Қауіпсіздік ▪ Экономикалық және әлеуметтік басқару қажеттіліктері | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Ұлттық ұсынылған (ерікті) стандарттар ▪ Міндетті ұлттық стандарттарды енгізу ▪ Техникалық талаптарды қанағаттандыру | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Салалық стандарттар ▪ Ұлттық стандарттар болмаған кезде ▪ Нақты шарттар ұлттық деңгейде кәсіби салада сақталуға тиіс |
| <ul style="list-style-type: none"> ▪ Жергілікті стандарттар ▪ Табиғи жағдайлар мен ғұрыптар сияқты жергілікті арнайы техникалық талаптарды қанағаттандыру үшін | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Қауымдастық стандарттары ▪ Тиісті нарық қатысушыларымен үйлестіру мақсатында ▪ Нарық және инновация талаптарын қанағаттандыру үшін | <ul style="list-style-type: none"> ▪ Кәсіпорын стандарттар ▪ Меншікті дамыту жоспарларын іске асыру үшін ▪ Ұлттық және жергілікті стандарттарға қарағанда өте қатан болуы мүмкін |

4.1-сурет - Мемлекеттік органдар стандарттарының түрлері

Міндетті ұлттық стандарттар ҚХР-ға өндірілетін және импортталатын өнімге қойылатын міндетті талаптарды белгілейді. Міндетті ұлттық стандарттар GB индексімен (GuoBiao, «ұлттық стандарт») белгіленеді. GB стандарттарына сәйкес сертификатталған өнеркәсіптік өнімдер CCC белгісімен таңбаланады. Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігінің ұлттық стандарттарына қатысты тамақ өнімдеріне қатысты басқа да міндетті стандарттарды белгілеу мүмкін емес («Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» ҚХР Заңының 25-бабы). Ұлттық тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі стандарттарының кейбір ерекшеліктері төменде сипатталған.

Ұсынылатын (ерікті) ұлттық стандарттар техникалық талаптарды қанағаттандыру, міндетті ұлттық стандарттарды қолдау (енгізу) үшін әзірленуі мүмкін және тиісті салаларда жетекші рөл атқарады. Ерікті ұлттық стандарттар GB/T индексімен (Guobiao/Tuijian, «ерікті ұлттық стандарт») белгіленеді.

Бүкіл елде қолданылатын салалық стандарттар ұлттық стандарттар болмаған жағдайда, нақты шарттар ұлттық деңгейде кәсіби салада сақталуға тиіс кезде әзірленеді.

Жергілікті стандарттар жергілікті реттеуші органдар табиғи жағдайлар мен әдет сияқты жергілікті арнайы техникалық талаптарды қанағаттандыру үшін әзірленеді. Алайда, баламалы ұлттық стандарттар әзірленген жағдайда, егер жергілікті стандарттар өте қатаң болып табылған жағдайларды қоспағанда олар жергілікті немесе салалық стандарттарды ауыстырады.

Қауымдастық стандарттары 2017 жылы заңға енгізілген түзетулердің нәтижесінде жаңа санат ретінде енгізілді. Атап айтқанда, мұндай стандарттарды, мысалы, сауда палаталары немесе технологиялық бірлестіктер қабылдауы мүмкін.

Егер тиісті ұлттық стандарт қабылданса, онда салалық және жергілікті стандарттардағы ұқсас талаптар өз күшін жоғалтады.

Кәсіпорын стандарттары. Қажеттілігіне қарай кәсіпорындар өздерінің стандарттарын әзірлей алады немесе кәсіпорындар мен/немесе қауымдастықтардың стандарттарын әзірлеу үшін басқа кәсіпорындармен біріктіре алады. Кәсіпорындарға ұлттық, салалық немесе жергілікті стандарттарға қарағанда қатаң талаптары бар кәсіпорын стандарттарын әзірлеу және қолдану ұсынылады.

Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің ұлттық стандарттарын төрт санатқа бөлуге болады: жалпы стандарттар, өнімге өндіріс және өткізу процестеріне арналған стандарттар және инспекция және зерттеу стандарттары. Жалпы стандарттар тамақ өнімдеріне арналған нақты стандарттарға параллель болып табылады. Сынау әдістеріне арналған стандарттар максималды рұқсат етілген деңгейлер (МРД) стандарттарымен толықтырылады. Тамақ өнімдеріне арналған стандарттар процестерге арналған стандарттармен толықтырылады.

Тамақ өнімдеріне арналған жалпы стандарттарына тамақ өнімдеріндегі микроағзалардың, пестицидтердің қалдықтарының, ветеринариялық препараттардың, ауыр металдардың, ластаушы заттардың, микотоксиндердің және басқа да зиянды заттардың максималды рұқсат етілген деңгейі (МРД) кіреді. Сондай-ақ, бұл топқа тағамдық қоспаларды қолдану стандарттары және таңбалауға қойылатын(затбелгі) талаптар кіреді. Жалпы стандарттар тамақ өнімдерінің қауіпсіздігінің жалпыжәне әмбебап тәуекелдер мен шараларын анықтайды. Осы стандарттар тамақ өнімдерінің кең спектріне қолданылады.

Тамақ өнімдеріне арналған стандарттарына тамақ өнімдеріне, тағамдық қоспаларға және тамақ өнімдерімен байланысатын материалдарға арналған стандарттар кіреді. Сүт, ет, балық өнімдеріне, сусындарға, сапа стандарттарына және тағамдық қоспалардың сипаттамаларына, сондай-ақ орауыш материалдарға, тамақ өнімдерін жууға және дезинфекциялауға арналған стандарттарды мысал ретінде келтіруге болады. Осы стандарттар жалпы стандарттардың мазмұнымен қабаттасқан жағдайда, соңғысы қолданылады. Белгілі бір өнімдердің спецификациясына және ықтимал қауіпсіздік

тәуекелдеріне байланысты тамақ өнімдеріне арналған тиісті стандарттарда арнайы көрсеткіштер, шектеулер (немесе шаралар) және басқа да қажетті техникалық талаптар көрсетілуге тиіс.

Процестерге арналған стандарттар «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» ҚХР Заңының ережелеріне негізделген, атап айтқанда, бұл тамақ өнімдерін өндіруге және өткізуге қойылатын талаптар. «Тамақ өнімдерін өндіру және өткізу (дистрибуция)» Заңының 4-тарауында жоспарлауға, жабдыққа және жабдықты орналастыруға, сондай-ақ персоналдың гигиенасына қойылатын талаптар көрсетілген. Мысалы, тағамдық қоспалардан басқа химиялық заттарды қосуға немесе адам денсаулығына қауіпті басқа заттарды қосуға, сондай-ақ бөгде заттармен араласқан немесе жалған өнімдерге тағамдық емес шикізаты бар өнімдерді пайдалануға тыйым салу.

Инспекция және зерттеу әдістері мен рәсімдерінің стандарттары негізінен шекті мәндердің көрсеткіштерін тексеру үшін қолданылатын әдістерді, қағидаттарды, аспаптар мен жабдықтарды және олардың тиісті техникалық сипаттамаларын, жұмыс рәсімдерін, нәтижелерді анықтауды және есептерді ұсынуды нақтылайды. Мысалы, зерттеу әдістеріне арналған стандарттар бір немесе бірнеше компоненттерді анықтауға жатады және физика-химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық және паразитологиялық әдістерге бөлінеді. Зерттеудің физика-химиялық және микробиологиялық әдістері жалпы стандарттар мен өнім стандарттарындағы көрсеткіштермен біріктірілген.

Егер өнім GB стандартына сәйкес келмесе, онда ол ұсынылған ұлттық стандартқа, ол болмаған жағдайда – салалық стандартқа немесе ҚХР

кәсіпорнының стандартына сәйкес келуге тиіс. Жергілікті стандарттар тек тиісті провинцияда өндірілген өнімдерге қолданылады, өйткені оларда белгілі бір аймақта өндірістік қызметті жүзеге асыру шарттары бар. Тиісінше, экспорттаушылар ҚХР-ның жергілікті стандарттарына қолданысына түспейді.

Стандарттарды әзірлеу тәртібі

Ұлттық стандарттарды (міндетті және ұсынылатын) ҚР министрліктері мен ведомстволарының аналогтары болып табылатын және SAC-та тіркелетін тиісті мемлекеттік органдар жанындағы техникалық комитеттер әзірлейді. Ұлттық стандарттарды әзірлеу және қайта қарау сегіз кезеңнен тұрады (4.2-суретті қараңыз).



4.2-сурет - Ұлттық стандарттарды әзірлеу және қайта қарау кезеңдері

4.5 Германия стандарттау жүйесі

1917 жылы Германияда ұлттық стандарттау жүйесінің пайда болу күні болып саналатын жалпы

машина жасау үшін Нормаль комитеті құрылды. Комитет атауын екі рет өзгертті: 1926 жылы – Германия стандарттар комитеті және 1975 жылы – Неміс стандарттау институты (DIN).

1990 жылдан бастап Стандарттау, метрология және өнімді бақылау басқармасымен (бұрынғы ГДР ұлттық ұйымы) қатынастарды реттеуге күш салынды, нәтижесінде халықаралық және еуропалық стандарттарға сәйкес келетін біріккен Германияның бірыңғай нормативтік құжаттарын әзірлеу туралы шешім қабылданды. Осы жылдан бастап неміс стандарттау институты (DIN) Германияның ұлттық стандарттау органы болды және елдің халықаралық (ISO және IEC) және еуропалық (CEN және CENELLEC) стандарттау ұйымдарындағы жалғыз өкілетті өкілі болды.

Институт пен үкімет арасында келісім жасалды, оған сәйкес DIN бүкіл қоғамның мүддесі үшін әрекет етуге және саудадағы техникалық кедергілерді жоюға, сондай-ақ еңбекті қорғауға, тұтынушылар мен қоршаған ортаны қорғауға үлес қосуға міндеттенеді. DIN қызметі Еуропада бірыңғай нарық құруға, халықаралық және еуропалық стандарттарды қолдануға бағытталған.

DIN негізгі ұйымнан және еншілес бөлімшелерден тұрады (4.3-сурет). Институттың жалпы штатында барлығы 750 адам бар. DIN мүшелері фирмалар (кәсіпорындар) немесе басқа заңды мүдделі тұлғалар, сонымен қатар жеке мамандар, ғалымдар, практиктер – өнеркәсіп, шағын бизнес, сауда және қызмет көрсету саласының өкілдері, ғылыми-зерттеу институттары, сынақ зертханалары, бақылау және қадағалау қызметтері, қоғамдық ұйымдар мен мемлекеттік органдар.



4.3-сурет - DIN еншілес компанияларының міндеттері

DIN жұмыс органдары ұлттық стандарттарды әзірлеп қана қоймай, сонымен қатар халықаралық және еуропалық деңгейдегі техникалық комитеттердің неміс бөлігінің жұмысын қамтамасыз ететін комитеттер болып табылады. Комитеттерде 36 мыңға жуық штаттан тыс қызметкерлер – фирмалардың, институттардың, кәсіпорындардың және т.б. мамандары жұмыс істейді.

Германияда стандарттау мынадай салаларды қамтиды: құрылыс, электр техника, химиялық өндіріс, дәл механика және оптика, фотография және кинематография, құжаттама және іс жүргізу, денсаулық сақтау, атом техникасы, ауыл шаруашылығы, бояу өндірісі, машина жасау және кеме жасау, авиация, спорт және демалыс, сағат, зергерлік және тіс дәрігері, су шаруашылығы және кәріз және басқалары. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау және негізге алынатын стандарттарды құру саласында стандарттауға ерекше орын беріледі.

DIN 820 негізге алынатын стандартына сәйкес

стандарттар ұсынымдық сипатта болады, оларға тек қажетті талаптар қойылады. Жаңадан қабылданған стандарттар міндетті түрде қолданыстағы нормативтік құжаттармен үйлесімділікке тексеріледі. Егер ол федералдық заңнамалық нормалар қолданылатын салада қолданылса ұлттық стандарт міндетті сипаттамаға ие болады.

2022 жылдың деректері бойынша отыз төрт мыңнан астам DIN стандарттары бар.

Кез келген ұйым стандартты әзірлеуге тапсырыс бере алады. Стандарттарды әзірлеу тәртібі 4.4-суретте көрсетілген. Жаңа стандартпен жұмыс істеу барысында өндірістік және тұтыну секторлары, сауда ұйымдары, ғылыми институттар, мемлекеттік органдар, сондай-ақ бақылаушы институттар қатысады. Бұл құрылымдардың барлығы өз сарапшыларын өз кезегінде салалар бойынша бөлінген 70-ке жуық нормативтік комитеттерді құрайтын көптеген DIN техникалық комитеттеріне жібереді. DIN қызметкерлері әзірлеу процесін үйлестіреді және жобаны басқаруды жүзеге асырады.



4.4-сурет - DIN стандарттарын әзірлеу тәртібі

Стандартты әзірлеу барысында сарапшылар техникалық және экономикалық талаптарды ескере отырып, барлық ұстанымдар бойынша бірыңғай көзқарасқа қол жеткізуді мақсат етеді. Содан кейін әзірленген стандарт жобасы ашық талқылауға ұсынылады. Барлық ұстанымдар бойынша түпкілікті талқылау мен келісуден кейін ғана стандартты бекітуге және жариялауға болады.

Қазіргі заманғы техника мен технологияның қарқынды дамуына байланысты стандарттарды әзірлеу процесі де тұрақты жаңғыртуды талап етеді. Ақпараттық технологиялар сияқты белгілі бір салаларда толық келісілген стандарттар әрдайым талап етілмейді. Бұл салада белгілі бір мәселелерді шешуді көбінесе мүдделі компаниялардың шектеулі тобы жасайды. Осыған байланысты DIN стандарт мәртебесі бар құжаттаманы ғана емес, сонымен қатар басқа құжаттарды – жалпыға қолжетімді сипаттамаларды әзірлеуді бастады. Қызметтің бұл түрі халықаралық деңгейде де қолданылады.

DIN қызметі нормативтік құжаттардың мүдделі тараптары – тапсырыс берушілері бар шарттар негізінде қаржыландырылады. Сонымен, мысалы, 90-шы жылдардың бірінші жартысында Неміс металлургтер одағы өз саласы бойынша стандарттарды әзірлеу үшін 20 млн. марка төледі. Бюджеттің шығыс баптары 62%-ға баспа қызметінен түсетін кірістермен, 28%-ға нормативтік құжаттарға тапсырыс берушілердің жарналарымен жабылады, мемлекеттік органдардың дотациялары 10%-ды құрайды.

Германия сарапшылары жүргізген зерттеулер ұлттық экономика ауқымында стандарттауды жүргізудің жиынтық әсері 17 млрд. еуроны құрайды.

Нарыққа бағытталған стандарттар мен спецификациялар жаһандық саудаға ықпал етеді және ұтымдылықты, сапаны қамтамасыз етуді және қоғам мен қоршаған ортаны қорғауды, сондай-ақ қауіпсіздік пен байланысты арттыруды ынталандырады.

5-ТАРАУ

СТАНДАРТТАУ ПРОЦЕСТЕРІ

5.1. Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеу тәртібі

Экономика салаларын жедел индустриялық дамыту үшін салалық зертханаларда, сынақ орталықтарында техникалық жарақтандырудың жаңа деңгейіне шығуды қамтамасыз ету, сапа мен қауіпсіздік бойынша жоғары көрсеткіштері бар стандарттарды қабылдау қажет.

Сондай-ақ, стандарттау процесіне саланың техникалық сарапшыларын кеңінен тарту қажет, әзірленетін және қабылданатын стандарттардың сапасы осыған байланысты.

Халықаралық талаптарды ескере отырып, стандарттарды әзірлеу үшін, ең алдымен, қазақстандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді экспортқа шығару үшін халықаралық стандарттарды мұқият зерделеу және зерттеу қажет.

Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі құжаттары екі санатқа бөлінген:

- пайдаланушылардың кең ауқымына арналған ұлттық стандарттар;
- ішкі пайдалануға арналған ұйым стандарттары.

Ұйымдардың стандарттары олардың қызметін реттеу үшін қабылданады, түпкілікті өнімнің сапасына бағытталған, тек ішкі пайдалану үшін қызмет етеді және мемлекеттік орган тарапынан реттеуге жатпайды. Бұл бизнеске арналған стандарттар және оларды әзірлеу жөніндегі ережелерді ұйымдар дербес белгілейді.

Ұйым стандарттарында белгіленген талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

Ұлттық стандарттар пайдаланушылардың кең ауқымы үшін әзірленеді, барлық мүдделі тараптардың пікірлерінің консенсусы негізінде көзделген стандарттау мақсаттары үшін уәкілетті орган бекітеді және мыналарды белгілейді:

- 1 өнімдердің, қызметтердің жіктелуі;
- 2 өнімді біріздендіру, үйлесімділік және өзара алмастыру көрсеткіштері;
- 3 терминдер мен анықтамалар;
- 4 функционалдық мақсаттағы көрсеткіштерді қоса алғанда, олардың сапа деңгейін айқындайтын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің тұтынушылық қасиеттері мен сипаттамалары;
- 5 өнімді өндіру, қайта өңдеу, қабылдау, буып-түю, таңбалау, тасымалдау, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою қағидалары;
- 6 өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін сынау әдістері;
- 7 ресурстардың барлық түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын талаптар;
- 8 менеджмент жүйелерін енгізуді қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 9 қызметтің белгілі бір саласы үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы ережелер, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен қағидалар.

Ұлттық стандарттарды әзірлеуді ұлттық стандарттау жоспарына сәйкес ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілері жүзеге асырады (5.1-сурет).



5.1-сурет - Ұлттық стандарттарды әзірлеу кезеңдері

Ұлттық стандарттарды әзірлеу процесі ұлттық стандарттарды әзірлеу процесінің ашықтығы және барлық мүдделі тараптардың қатысуы бөлігінде ДСҰ талаптарына сәйкес келеді.

Ұлттық стандарттарды әзірлеу бірнеше кезеңнен тұрады.

I. Стандарттардың бірінші редакциясын әзірлеу

Осы жұмыс түрлері мыналарды қамтиды:

- бастапқы дереккөзге талдау жүргізу, стандартты әзірлеуді ұйымдастыру, қажетті құжаттарды (халықаралық келісімдер, техникалық регламенттер, халықаралық стандарттар және т. б.) зерделеу;

- ▶ ұлттық стандарт жобасын әзірлеудің басталуы мен аяқталуы туралы хабарлама жасау;
- ▶ түпнұсқа тілінен орыс тіліне аудару;
- ▶ стандарт жобасының бірінші редакциясын әзірлеу және стандартты әзірлеу негізі, стандарттау объектісінің сипаттамасы, стандарт жобасының Қазақстан Республикасының заңнамасына, халықаралық стандарттарға, техникалық регламенттерге сәйкестігі туралы ақпарат келтірілетін түсіндірме жазба жасау;
- ▶ Стандарттау жөніндегі ұлттық органның веб-сайтында түсіндірме жазбаны және стандарттың бірінші редакциясын орналастыру;
- ▶ аударманың теңтүпнұсқалығын жүргізу үшін стандарт жобасын жіберу.

Түсіндірме жазбасы бар жобаның қалыптастырылған бірінші редакциясы жария талқылауды жүргізу үшін Стандарттау жөніндегі ұлттық органға жіберіледі.

II. Стандарттың түпкілікті (екінші) редакциясын пысықтауға байланысты жұмыстарды жүргізу.

Пікірлер жинағын жасау, стандартты бекіту

Осы жұмыс түрлері стандарттау объектісіне байланысты стандарт жобасын келісуге: әзірлеуге тапсырыс берушіге, олардың құзыреті шегінде мүдделі мемлекеттік органдарға, сәйкестікті растау жөніндегі органдарға, аккредиттелген зертханаларға, ғылыми - зерттеу институттарына, стандарттау жөніндегі бейінді техникалық комитеттерге жіберуді қамтиды.

Стандарт жобасын келісу мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1 жария талқылау;
- 2 ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілерімен келісу;
- 3 стандарттау жөніндегі техникалық комитетте өндірушілердің, тұтынушылардың, «Атамекен» ҚР қауымдастықтары мен ҰКП, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің, сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен техникалық талқылау, оның ішінде терминологияны талдау, Қазақстан Республикасының стандартты енгізуге техникалық дайындығын айқындау, техникалық талаптардың қайталануын болдырмау, заңнамаға сәйкестігін тексеру, ғылыми зерттеулердің болуын зерделеу. Ұлттық стандарттарды бекітудің міндетті шарты консенсусқа қол жеткізу болып табылады (5.2-сурет).



5.2-сурет - Ұлттық стандарттарды әзірлеу кезінде консенсусқа қол жеткізу

Консенсус – стандарттау объектілерінің қауіпсіздігі мәселелерін қозғайтын ұлттық стандарттарды қоспағанда, ұлттық стандарттау жүйесінің мүдделі субъектілерінің көпшілігінің келісіміне қол жеткізу;

1

бекіту алдында ұлттық стандарт жобасының қалыптастырылған ісі сараптама жүргізу үшін Стандарттау жөніндегі ұлттық органға жіберіледі.

Стандарттау саласындағы оператор ретінде стандарттау жөніндегі ұлттық орган сараптама жүргізу барысында стандарттаудың барлық рәсімдерінің сақталуын, оның ішінде стандарт жобасын келісу кезінде барлық мүдделі тараптардың қамтылуын тексереді;

2

бекітуге дайындық кезеңінде стандарт Стандарттау жөніндегі ұлттық органның базасында жұмыс істейтін ғылыми-техникалық кеңесте қаралады.

Бекітілген стандарттар ұлттық стандарттау жүйесінің тізіліміне енгізіледі.

5.1.1. Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын сараптау

Стандарттау жөніндегі құжаттарды әзірлеудің негізгі кезеңдерінің бірі сараптама болып табылады.

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес стандарттар жобаларына сараптама жүргізу Стандарттау жөніндегі ұлттық органға бекітілген [2].

Стандарттар жобаларына сараптама стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын жария талқылау рәсімінен кейін жүзеге асырылады.

Сараптамаға ҚР СТ 1.22 бойынша қалыптастырылған стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының ісі жіберіледі.

Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын сараптау:

- стандарт жобаларының «Стандарттау туралы» ҚР Заңының 4-бабында белгіленген мақсаттарға сәйкестігін бағалау [2];
- стандарт пайдаланылатын терминологияны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеру;
- стандарт жобаларының Қазақстан Республикасының негізге алынатын ұлттық стандарттарында белгіленген қағидаларға сәйкестігін тексеру;
- мүдделі тұлғалардан алынған ескертулер мен ұсыныстар стандарт жобаларында есепке алудың толықтығын бағалау;
- стандарттау объектілеріне қойылатын талаптарды стандарттарда белгілеудің толықтығын бағалау;
- мәтінді орыс және мемлекеттік тілдерге аударудың теңтүпнұсқалығын анықтау.

Стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының «Стандарттау туралы» ҚРЗ 4-бабында белгіленген мақсаттарға сәйкестігін бағалау кезінде [2]:

- стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының ғылымның, техника мен технологиялардың қазіргі

даму деңгейіне, озық отандық және шетелдік тәжірибеге және әзірленіп жатқан стандартты қолдану нәтижесінде ұлттық экономиканың қажеттіліктерін қанағаттандырудың әлеуетті дәрежесіне сәйкестігі;

► шығарылатын өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) бәсекеге қабілеттілігін арттыру, пайдалану мен кәдеге жарату шығындарын азайту, оны құру және (немесе) өндірісте игеру мерзімдерін қысқарту, сондай-ақ ресурстарды ұтымды пайдалану есебінен әзірленетін стандартты енгізудің әлеуетті техникалық-экономикалық әсері;

► стандарттың адамдардың өмірі мен денсаулығы қауіпсіздігінің деңгейін арттыруға, қоршаған ортаны, жануарлар, өсімдіктер дүниесі объектілерін және басқа да табиғи ресурстарды қорғауға, заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, мемлекеттік және муниципалдық мүліктерді қорғауға жәрдемдесу қабілеті;

► стандартта белгіленген өнім номенклатурасын оңтайландыру және біріздендіру дәрежесі;

► әзірленетін стандартты қолдану кезінде өнімнің үйлесімділігі мен өзара алмастырылуын қамтамасыз ету;

► стандарттау мақсаттарын орындау және оның міндеттерін шешу үшін ең аз қажеттіліктен гөрі өнімді өндіру мен айналысқа (жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету) стандарт бойынша кедергілер жасау мүмкіндігі;

► әзірленіп жатқан стандарттың осыған ұқсас халықаралық (өңірлік) стандартпен үйлестіру деңгейінің толықтығы мен жеткіліктілігі.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларында сақталуына тексеру жүргізу кезінде осы жобаның мазмұны:

- осы объектіге және стандарттау аспектісіне қатысты жасалған Қазақстан Республикасының халықаралық, өңірлік шарттары мен келісімдеріне;
- осы объектіге және стандарттау аспектісіне қолданылатын бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін белгілеу;
- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарына;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларына;
- мемлекеттік атқарушы билік органдарының нормативтік құқықтық актілеріне;
- техникалық регламенттерге, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкестігіне тексеріледі.

Стандарттау жөніндегі құжаттар жобаларының Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық стандарттарында белгіленген қағидаларға сәйкестігіне тексеру жүргізу кезінде:

► қазірдің өзінде стандартталған немесе мемлекетаралық деңгейде стандартталуы мүмкін

объектілер мен стандарттау аспектілері бойынша стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеуге жол бермеу қағидатының сақталуын бақылау;

-▶ осы объектілерге (аспектілерге) қойылатын талаптардың келісілуі және стандарттау жөніндегі құжатты әзірлеу және қолданысқа енгізу мерзімдерін байланыстыру жолымен бір деңгейде стандартталатын өзара байланысты объектілер мен аспектілерді стандарттаудың кешенділігі қағидатының сақталуын тексеру;
-▶ стандарттау жөніндегі әзірленетін құжаттың құрылымына, баяндалуына, ресімделуіне және мазмұнына ҚР СТ 1.5, ҚР СТ 5.1, ҚР СТ 5.2 және (немесе) ГОСТ 1.5 талаптарының сақталуын бақылау;
-▶ халықаралық, өңірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану негізінде стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын әзірлеу кезінде ҚР СТ 1.9 немесе ГОСТ 1.3 белгіленген ережелердің сақталуын бақылау;
-▶ ҚР СТ 1.2, ҚР СТ 1.23, ҚР СТ 5.1, ҚР СТ 5.0 белгіленген стандарттау жөніндегі құжат жобасын әзірлеу қағидаларының сақталуын бақылау;
-▶ ҚР СТ 1.22 сәйкес стандарттау жөніндегі құжат ісінің толықтығын тексеру;
-▶ стандарттау жөніндегі әзірленетін құжат пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарттарының талаптары мен ұлттық деңгейде қолданылатын стандарттау жөніндегі басқа да құжаттар арасындағы қайшылықтарды анықтау;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы ұлттық стандарттарымен, осы сапада қолданылатын мемлекетаралық стандарттармен қайталануын анықтау және стандарттау жөніндегі осы құжаттарға сілтемелермен қайталанатын ережелерді ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;
- әзірленіп жатқан стандарттау құжатының бір мезгілде әзірленіп жатқан және қолданылып жүрген басқа ұлттық стандарттармен өзара байланысын айқындау;
- әзірленіп жатқан стандартта стандартталған материалдар мен бұйымдардың (оның ішінде реактивтердің, өлшем құралдары мен сынақ жабдықтарының), сынау әдістерінің, буып-түюдің, таңбалаудың, технологиялық тәсілдер мен құжаттама нысандарының қолданылуын тексеру;
- стандарттау құжатының жобасында Ұлттық стандартталған терминдердің қолданылуын тексеру, сондай-ақ стандартталған терминдер мен әзірленіп жатқан стандартта айқындалған және (немесе) пайдаланылған терминдер арасында қайшылықтардың болмауы;
- ГОСТ 8.417-де белгіленген шама бірліктерінің атаулары мен белгілеулерінің қолданылуын тексеру жүзеге асырылады.

Стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын баяндау және ресімдеу қағидаларының сақталуын бақылау кезінде:

- стандарт атауын баяндаудың дұрыстығына;

-● стандарттау жөніндегі құжат жобасының құрылымы мен (немесе) мазмұнының оның атауындағы субтитрге сәйкестігіне;
-● «Қолданылу саласы» бөлімінде келтірілген тұжырымдамалар және олардың стандарттау объектісі мен аспектісін біржақты көрсету қабілетіне;
-● стандарттау жөніндегі құжат жобасының мазмұнының ішкі келісімділігі және бөлімдердің (кіші бөлімдердің) мазмұнының олардың тақырыптарына сәйкестігіне;
-● стандарттарға және басқа құжаттарға сілтемелерді қолданудың негізділігі, сондай-ақ ҚР СТ 1.51 және ҚР СТ 1.5 сәйкес сілтеме құжаттарының қолданылуына;
-● тармақтар мен тармақшалардың, қосымшалар белгілеулерінің (олардың мәртебесін көрсете отырып) нөмірлеудің, кестелерді, графикалық материалдарды, формулаларды нөмірлеудің дұрыстығына;
-● кестелерді, сілтемелерді, ескертпелерді, графикалық материалдар мен формулаларды ресімдеу қағидаларын сақталғанына;
-● стандарт мәтінінде қосымшаларға, кестелерге, графикалық материалдар мен формулаларға сілтемелердің болуына;
-● осы өнімге, көрсетілетін қызметтер мен процестерге Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұлттық және мемлекетаралық стандарттарда белгіленген өнім атауларын (оның ішінде шикізат, материалдар мен бұйымдар), көрсетілетін қызметтер мен

процестерді стандарттау жөніндегі құжат жобасының мәтінінде пайдалану қажеттілігіне;

- стандарттау құжатының жобасында қолданылатын белгілік және тілдік құралдардың орыс тілінің нормалары мен қағидаларына (лексикалық, сөзжасамдық, синтаксистік және стилистикалық) сәйкестігіне;

- жобада стандартталған терминдердің, техницизмдердің және кәсіпқойлықтардың синонимдерін стандарттау жөніндегі құжатты пайдалануға жол бермеушілікке;

- жобада қысқартуларды пайдаланудың негізділігіне;

- нысан мен стандарттау аспектісінің библиографиялық деректерде көрсетілген топтың немесе кіші топтың МК (ISO/ИНФКО МК) 001 сәйкес кодына сәйкестігіне ерекше назар аударылады.

Жобада географиялық атауларды (топонимдерді) стандарттау жөніндегі құжат болған кезде олар ҚР ҰК 06 ISO 3166-1, ҚР ҰК 06 ISO 3166-2 енгізілген географиялық атауларға сәйкестігіне тексеріледі.

Жобада күннің немесе уақыттың сандық көрінісін стандарттау жөніндегі құжатты пайдаланған кезде ГОСТ ISO 8601 сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын әзірлеу қағидаларының сақталуын бақылау кезінде ҚР СТ 1.2, ҚР СТ 1.23 сәйкес осы жобаны әзірлеу және оны жариялау мен талқылау үшін ұсынылатын мерзімдердің сақталуы туралы хабарламаны жариялауға ерекше назар аударылуға тиіс.

Стандарттарды әзірлеу қағидаларының сақталуын бақылау кезінде стандарттың пысықталған жобасында мүдделі тұлғалар мен ұйымдардан алынған ескертулер

мен ұсыныстарды есепке алудың толықтығы бағаланады. Осы мақсатта стандарт жобасының бірінші редакциясы бойынша мүдделі тұлғалар мен ұйымдардың ескертулері мен ұсыныстарының жинағы (пікірлер жинағы) немесе ескертулер мен ұсыныстармен тікелей хаттар (пікірлер) қаралады. Бұл ретте әзірлеушінің қорытындысы мен онда баяндалған мүдделі тұлғалар мен ұйымдардың алған ескертулері мен ұсыныстарының негізділігіне, сондай-ақ стандарт жобасының соңғы редакциясын әзірлеу кезінде немесе оны пысықтау кезінде оларды есепке алудың толықтығына ерекше назар аударылуға тиіс.

Стандарттау объектілеріне қойылатын талаптарды стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларда белгіленуінің толықтығын бағалау кезінде:

- ▶▶ ҚР СТ 1.5, ГОСТ 1.5 белгіленген стандарттардың мазмұнына қойылатын талаптардың сақталуын тексеруді;
- ▶▶ Стандартта белгіленген барлық талаптардың орындалуын бақылау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қағидалар мен әдістердің болуын тексеру және толықтығын бағалауды;
- ▶▶ әзірленіп жатқан стандарт пен қолданыстағы ұлттық және мемлекетаралық стандарттардың талаптары, ұлттық деңгейде қолданылып жүрген қағидалар жиынтығы және стандарттау жөніндегі басқа да құжаттар арасындағы қайшылықтарды анықтауды;
- ▶▶ Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген ұлттық және мемлекетаралық стандарттармен қайталануын анықтауды;
- ▶▶ әзірленіп жатқан стандарттың бір

мезгілде әзірленіп жатқан басқа ұлттық және мемлекетаралық стандарттармен және қағидалар жинақтарымен өзара байланысын айқындауды;

►► әзірленіп жатқан стандартта стандартталған материалдар мен бұйымдардың (оның ішінде реактивтердің, өлшем құралдары мен сынақ жабдықтарының), сынау әдістерінің, буып-түюдің, таңбалаудың, технологиялық тәсілдер мен құжаттама нысандарының қолданылуын тексеруді;

►► ГОСТ 8.417-де белгіленген шама бірліктерінің атаулары мен белгілеулерінің қолданылуын тексеруді жүзеге асырады.

Стандарттау жөніндегі құжаттарда стандарттау объектілеріне қойылатын талаптарды белгілеудің толықтығын бағалау кезінде стандарттау жөніндегі құжаттың жобасында ұлттық деңгейде стандартталған терминдерді пайдалануға, сондай-ақ стандартталған терминдер мен стандарттау жөніндегі әзірленіп жатқан құжатта айқындалған және (немесе) пайдаланылған терминдер арасындағы қайшылықтардың болмауына тексеру жүргізіледі.

Стандарттау объектісіне қатысты ұлттық немесе мемлекетаралық стандарт болмаған кезде терминдер мен анықтамаларға стандарттау жөніндегі осындай құжатты әзірлеудің немесе стандарттау жөніндегі әзірленетін немесе жаңартылатын құжатта стандартталмаған терминдердің анықтамаларын белгілеудің орындылығы бағаланады.

Стандарт жобасын терминдер мен анықтамаларға сараптау процесінде мыналар қарастырылады:

► стандартталатын терминологиялық жүйенің ғылыми білім мен техникалық дамудың қазіргі деңгейіне сәйкестігі;

► стандарттау жөніндегі құжаттың жобасына енгізілген

терминдер мен анықтамалардың стандарттың атауына және оның қолданылу саласына сәйкестігі;

- осы стандарттау жөніндегі осы құжат қолданылатын пәндік саланың терминдерімен және анықтамаларымен қамтудың толықтығы;
- ұғымдар жүйесін дұрыс ұйымдастырудан тұратын жүйелілік қағидатын сақтау және ұғымдар арасындағы байланыстарды ескере отырып, стандарттау құжатындағы терминдердің орналасуы;
- жаңа және қазірдің өзінде стандартталған терминдер арасында қайшылықтардың болмауы;
- шет тілдеріндегі терминдердің баламаларының теңтүпнұсқалығы;
- стандарт атауын ағылшын тіліне аударудың теңтүпнұсқалығы;
- стандарт жобасында синоним терминдердің болмауы;
- стандарттау құжатының жобасында келтірілген алфавиттік көрсеткішті құрудың және ресімдеудің дұрыстығы.

Шет тілінен орыс тіліне мәтінді аударудың теңтүпнұсқалығын жүргізу кезінде ұлттық стандарт (өзгерістер) жобасы қаралады:

- аударма мәтінінен сөйлемдерін (абзацтарын) түпнұсқамен салыстыру;
- басқа аудармашы жасаған аударманың әрбір фразасының түпнұсқаға сәйкестігін тексеру;
- қолданылатын терминологияның біркелкілігі, жазу логикасы;

- аударма мәтінін тілге тән емес сөздер мен сөзорамдарын алып тастау;
- мағыналық және стилистикалық түзетулер енгізу;
- ұсынылған аудармада және аударылған стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың түпнұсқасында бірдей құрылымдық элементтердің болуын салыстыру.

Ұлттық стандарт жобасы (өзгерісі) мәтінінің орыс тілінен мемлекеттік тілге аударманың теңтүпнұсқалығын тексеру кезінде мыналар қаралады:

- аударма мәтінінің сөйлемдерін (абзацтарын) түпнұсқамен салыстыру;
- басқа аудармашы жасаған аударманың әрбір фразасының түпнұсқаға сәйкестігін тексеру;
- салалық нормативтік құжаттар бойынша қолданылатын терминологияның, жазу логикасының және тексерудің біркелкілігі;
- аударма мәтінінен тілге тән емес сөздер мен сөзорамдарын алып тастау;
- мағыналық және стилистикалық түзетулер енгізу;
- ұсынылған аудармада және аударылған стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың түпнұсқасында бірдей құрылымдық элементтердің болуын салыстыру.

Сараптама жүргізу нәтижелері бойынша тиісті ұсыныммен сараптамалық қорытынды жасалады:

- ▶ ескертулер жойылғаннан кейін СҰО стандарттау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің (бұдан әрі – СҰО ҒТК) қарауына стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын шығару қажеттілігі туралы;
- ▶ сараптаманы қайта жүргізуге стандарттау жөніндегі құжаттың ескертулерін жою және жобасын жіберу қажеттілігі;
- ▶ себептерін көрсете отырып, стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын әзірлеудің орынсыздығы.

Стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларына сараптама ҚР СТ 1.33 «Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау жөніндегі құжаттарға сараптама жүргізу тәртібі» сәйкес СҰО-ға түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

ҚР СТ 1.2-де белгіленген қағидаларға сәйкес метрологиялық сараптама сәйкестікке стандарттау жөніндегі құжаттың жобасын келісу сатысында жүргізіледі [9], ҚР СТ 2.71.

Ұйым стандарттарының жобаларына сараптаманы оларды бекіту алдында осы ұйымдардың бастамасы бойынша СҰО-мен шарттық негізде немесе [2] сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандары бар басқа құзыретті ұйымдар жүргізеді.

5.2. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

«Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалғандай стандарттау саласындағы қызмет – бұл стандарттау жөніндегі құжаттарды жоспарлау, әзірлеу, бекіту, тіркеу, есепке алу, жариялау, тарату, қолдану,

мониторингілеу және жаңғырту [2]. Тиісінше, стандарттау саласындағы қызмет бағыттарының бірі жоспарлау болып табылады.

Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін арттыруға, азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және елдің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған мемлекеттік жоспарлаумен тікелей байланысты.

Жоспарлау Ұлттық стандарттау жоспарын әзірлеу, яғни ұлттық, мемлекетаралық стандарттарға, техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық жіктеуіштеріне және стандарттау жөніндегі ұсынымдарға әзірлеуді (қайта қарауды), өзгерістер енгізуді көздейтін құжатты әзірлеу түрінде жүзеге асырылады.

2022 жылдан бастап жоспарлау қағидаттары өзгертілді. Осы уақытқа дейін стандарттарды әзірлеу үш жылдық бюджеттік бағдарламаның қалыптасуына байланысты болашаққа жоспарланған болатын.

Бұл норма тиімсіз болды: стандарттау субъектілері тарапынан екінші және үшінші жылдарға өтінімдер түскен жоқ, осыған байланысты келесі жылдардың жоспарларын түзете отырып, жыл сайынғы негізде стандарттарды әзірлеу жоспарланды. Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеде дамыған елдердің көптеген ұлттық стандарттау органдарында орта мерзімді жоспарлау жоқ.

Жаңа қағидаттарды ескере отырып, жоспарлауға баса назар нақты сұранысқа ие стандарттарды әзірлеуге аударылады.

Біріншіден, жоспарлау мерзімдерінің қысқаруы белгілі бір саланың дамуы туралы нақты түсінік берді және өнімнің жаңа түрлеріне стандарттардың дамуына әсер етті. Екіншіден, бюджеттік қаржыландыру тәсілі өзгертілді.

Жоспарлаудағы маңызды фактор сонымен қатар елдің

даму қағидаттарын сақтау, экономикалық ресурстарды шоғырландыру және өмір сапасының базалық стандарттарын қамтамасыз ету болып табылады.

Мысалы, Президенттің елдегі жағдай және ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары, сондай-ақ Президенттің тапсырмалары жоспарлаудың негізгі басымдықтары мен бағыттарын айқындау үшін негіз болып табылады.

Жалпы, стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарына жауап беруге, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарды ескеруге тиіс [2].

Ұлттық стандарттау жоспарын қалыптастырудың рәсімдік бөлігіндегі өзгерістерге аздап тоқталайық.

Жоспарлаудағы негізгі өзгеріс процесті автоматтандыру бөлігінде болды – бұл «Е-жоспарлау» модулімен жаңадан құрылған ақпараттық жүйе.

Енді стандартты әзірлеуге өтінім ақпараттық жүйеде 1 тамызға дейінгі мерзімде беріледі. Өтінім берудің міндетті шарты өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы болып табылады, ол барлық берілген құжаттарды куәландырады.

Ұлттық стандарттау жоспарының жобасы осы жүйеде әзірленеді және келісіледі. «Е-жоспарлау» жүйесі барлық жоспарлау процестерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Ұлттық стандарттау жоспарын бекіту мерзімі жоспарды іске асыру жылының алдындағы жылдың 20 қарашасына дейін өзгеріссіз қалады.

2022 жылға арналған ұлттық стандарттау жоспарының нысаны 5.3-суретте көрсетілген.

Ұлттық стандарттау жоспарының нысаны

p/c №	МСЖ коды (МЖ/МСЖ/АҚП бойынша) 001 - 96)	Стандарттау жөніндегі құжаттар бойынша жобасының атауы	Әзірлеу негіздемесі	Негізгі нормативтік база	Жұмыстарды орындау мерзімдері		Қаржыландыру көзі	Усыныс берген өтінім беруші ұйым	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімді жіктеу коды	Стандарттау жөніндегі құжаттарды әлеуетті пайдаланушы ұйымдардың тізбесі
					әзірлеудің басталуы	жобаның түпкілікті редакциясын уәкілетті органға бекітуге ұсыну				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1-бөлім. Республикалық бюджет қаражаты есебінен әзірленетін стандарттар										
1.1 Негізге алынатын стандарттарды әзірлеу										
1.2 Өзара байланысты ретінде техникалық регламенттердің тізбесін енгізген ұлттық және мемлекетаралық стандарттар										
1.3 Экономика секторларындағы ұлттық және мемлекетаралық стандарттар										
1.4 Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауыштары										
2-бөлім. Бастамашылық тәртіпте әзірленген стандарттар (өңге де қаржыландыру көздері есебінен)										

5.3-сурет - Ұлттық стандарттау жоспарының нысаны

Жоғарыда келтірілген ережелер ұлттық немесе мемлекетаралық стандарттарды әзірлеуге жатады.

Халықаралық стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлауға келетін болсақ, бүгінгі күні халықаралық стандарттар бойынша ұлттық стандарттау жоспарында бөлім жоқ. Қазіргі жағдай, жалпы алғаш рет өз жетістіктері, практикалық тәжірибесі мен ғылыми зерттеулері негізінде әзірленген ұлттық стандарттар халықаралық стандарттар үшін негіз бола алатындығын көрсетеді.

Сонымен қатар, көптеген қазақстандық сарапшылар мысалы, көмір немесе тамақ өнеркәсібі сияқты белгілі бір салалардың мамандары болып табылады. Бұл бағытта Қазақстанның өз мақсаттары мен даму перспективалары бар.

5.3. Экономика салаларында стандарттау жөніндегі құжаттарды қолдану және енгізу

Стандарттарды қолдану – бұл оларды қолдану кезеңі, яғни, сыртқы әлеуметтік-өндірістік және ішкі

өндірістік қатынастарды реттеу арқылы қоғамның өндірістік-шаруашылық және өзге де өмірінің сыртқы және ішкі процестерінде оларда белгіленген императивті (барлық жағдайларда міндетті) және диспозитивті (нақты жағдайлар үшін міндетті) талаптарды пайдалану және сақтау.

Қазақстан Республикасының аумағында стандарттың түпнұсқасын ұстаушының тиісті рұқсатынсыз халықаралық, өңірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттарын қолдану авторлық құқықты бұзу болып табылады, оларды сақтау туралы талаптар Заңның 26-бабының 4-тармағында және 27-бабының 2-тармағында белгіленген.

Авторлық құқықты сақтау шеңберінде стандарттарды қолдану кезінде стандарттау жөніндегі құжаттардың ресми басылымдарын тарату Стандарттау жөніндегі ұлттық органның құзыретіне кіреді. Стандарттау жөніндегі ұлттық органның бүгінгі таңда халықаралық ұйымдармен ұйымдардың мақсаттарын іске асыруға бағытталған 50-ден астам келісімі бар.

Сондай-ақ, кәсіпорындар стандарттау жөніндегі құжаттарға өзгерістердің қолданысын және уақтылы енгізуді жүзеге асырылуын тексеру, осылайша ҚР СТ 1.48 «Стандарттарға өзгерістер енгізу тәртібі» сәйкес белгіленген тәртіппен қабылданған өзгерістерді, толықтыруларды, түзетулерді және олардың қолданылу мерзімдері, шектеу, ауыстыру немесе күшін жою туралы ақпаратты олардың даналарына енгізу жолымен стандарттарды жаңғыртылған күйде ұстау маңызды.

Қазақстан Республикасының стандарттау саласындағы заңнамасы ұйымдарға халықаралық, өңірлік стандарттарды және шет мемлекеттердің стандарттарын қолдануға мыналар арқылы мүмкіндік береді:

► Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 918 бұйрығымен бекітілген Ұлттық стандарттарды (әскери ұлттық стандарттарды қоспағанда), ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, келісу, сараптама жасау, бекіту, тіркеу, есепке алу, өзгерту, қайта қарау, күшін жою және қолданысқа енгізу қағидаларына сәйкес **ұлттық және мемлекетаралық стандарттар ретінде қабылдау арқылы.**

Халықаралық, өңірлік стандарттарын және шет мемлекеттердің стандарттарын ұлттық стандарттар ретінде қолдану үшін шет мемлекеттің стандарты негізінде ұлттық стандартты әзірлеуге және Стандарттау жөніндегі жоспарға енгізуге ресми өтінім-хат жолдау қажет. Бұл ретте **түпнұсқаны ұстаушыдан** ұлттық стандарт ретінде шет мемлекеттің стандартын қолдануға рұқсат алу қажет;

► **тікелей қолдану арқылы.** Тікелей қолдану тәртібі Халықаралық, өңірлік стандарттарды (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында мемлекетаралық стандарттарды келісу, қолданысқа енгізу және күшін жою) және шет мемлекеттердің стандарттарын, стандарттау жөніндегі халықаралық ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі өңірлік ұйымдардың техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидалары мен ұсынымдарын, шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын, стандарттау жөніндегі қағидаларын, нормалары мен ұсынымдарын қолдану қағидаларында келтірілген, (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің

2021 жылғы 15 маусымдағы № 411-НҚ бұйрығымен бекітілген).

Халықаралық, өңірлік стандарттардың және шет мемлекеттердің стандарттарын тікелей қолданудың неғұрлым толық тәртібі ҚР СТ 1.9 «Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, өңірлік стандарттардың және шет мемлекеттердің стандарттарын қолдануға қойылатын жалпы талаптар» (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 01.07.2021 ж. № 239-НҚ бұйрығымен бекітілген) келтірілген.

Қазақстан Республикасының ұлттық стандартымен ұлттық стандарттарды қолдану мониторингі **сияқты заңнамалық жаңа құрал енгізілгенін атап өткен жөн.**

Мониторинг нәтижелерін есептеу 2020 жылдан бастап жыл сайынғы негізде ҚР СТ 1.62 «Ұлттық стандарттау жүйесі. Стандарттау саласында мониторинг жүргізу тәртібі» белгіленген ұлттық стандарттардың өлшемшарттарына сәйкес жүргізіледі.

Қолдануды бағалаудың негізгі өлшемшарттары мыналар болып табылады:

- стандарттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдау;
- стандарттардың техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігі;
- аккредиттеу салаларын және сәйкестікті растау бойынша берілген құжаттарды талдау;
- мемлекеттік сатып алуларда стандарттардың қолданылуын талдау;

● салалық нормативтік құқықтық актілерде сілтемелік ретінде стандарттарды қолдану бойынша мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарға сауалнама жүргізу.

Ұлттық стандарттарды қолдану мониторингі отандық тауар өндірушілердің бәсекелестік артықшылықтарын қорғау тәсілдерін дамытуға, сатып алулардағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға және бюджет қаражатының тиімділігіне бағытталған.

Нысаналы индикатор көрсеткішін есептеу күнтізбелік жылдың қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

Мониторинг қорытындылары шығарылғаннан кейін субъектілер қолданатын стандарттар санын есептеуді жүзеге асырады.

Бұдан әрі мынадай формулаға сәйкес «Ұлттық стандарттарды қолдану деңгейі» индикаторының көрсеткіші анықталады:

$$L_i = \frac{n}{N} \times 100\%.$$

Қолданылатын стандарттардың олардың жалпы санына қатынасы анықталады, мұнда:

L_i – нысаналы индикатор көрсеткіші, %;

n – ұлттық стандарттардың қолданылуын мониторингілеу қорытындылары бойынша қолданылатын стандарттар саны;

N – қолданысқа енгізілген стандарттардың жалпы саны.

Осылайша, белгілі бір мақсаттарға сәйкес

мониторинг ұлттық стандарттар талаптарының өзектілігін сақтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мониторингті енгізу ұлттық стандарттардың нақты пайдаланушыларын және олардың стандарттар талаптарын өзгерту қажеттіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда стандарттау саласындағы мониторинг шеңберінде Қазақстан Республикасының ұлттық стандарттарын қолдану деңгейіне талдау жүргізілді. Салаларға сәйкес стандарттар Мемлекетаралық стандарттар сыныптауышының кодтары бойынша жіктеледі. Стандарттардың қолданылмайтын тізбелері бойынша салалық мемлекеттік органдармен, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттермен және «Атамекен» ҰКП-мен қолдану деңгейін арттыру жөніндегі шаралар көзделген. Жыл сайын уәкілетті органның, қауымдастықтар мен бизнестің міндетті қатысуымен экономиканың түрлі салаларында Стандарттарды қолдану деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Стандарттарды қолдану деңгейінің артуы тиісті салада стандартты енгізумен тікелей байланысты. Өз кезегінде, стандартты енгізу рәсімі стандарттау құжаттарының жобаларын әзірлеу кезеңінен басталады.

Соңғы жылдары стандарттарды әзірлеуді қаржыландыру мәселесі ерекше маңызды болып табылады. «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бюджеттік қаржыландыруға жол берілетін стандарттардың түрлері айқындалғанын еске саламыз.

Алайда, бюджет қаражаты есебінен әзірленетін стандарттардан басқа, Қазақстан Республикасының

әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған:

- ▶▶ өнімнің жаңа түрлеріне, оның сапалық көрсеткіштерін анықтауға,
- ▶▶ экспорттық және (немесе) инновациялық қызметті дамытуға,
- ▶▶ отандық өндірушілерге бағытталған қосымша нормаларды белгілеу мүмкіндігіне,
- ▶▶ сәйкестікті растаудың ерікті саласын дамытуға арналған стандарттарды әзірлеу қажеттілігі бар.

Бүгінгі таңда Стандарттау жөніндегі ұлттық органы бизнес-қоғамдастықты қолдау және ынталандыру құралдарын пысықтайды және стандарттарды өндіріске кейіннен енгізу арқылы әзірлеу үшін жұмсалған шығындардың бір бөлігін өтеу тетігін оларды ұсынады.

Шығындардың бір бөлігі өтелген жағдайда кәсіпорындар бәсекеге қабілетті отандық өнім өндірісін ұлғайта отырып және стандарттардың қолданылу деңгейін арттыра отырып, өнімнің жаңа түрлеріне арналған өзекті стандарттарды әзірлей алады.

Біздің еліміздегі экономикалық және әлеуметтік дамуға деген өсіп келе жатқан сұранысқа сүйене отырып, қолданыстағы стандарттау жүйесі мен стандартталған басқару жүйесі енді социалистік нарықтық экономиканың даму қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды және қандай да бір дәрежеде экономикалық және әлеуметтік дамуға әсер ете алмайды.

Біріншіден, стандарттар тез ескіреді, экономикалық жаңғырту мен тиімділік қажеттіліктерін қанағаттандыру

қиын. Қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы мен көрсетілетін қызметтер саласына қойылатын талаптарды белгілейтін стандарттар әлі де өте аз. Әлеуметтік басқару мен мемлекеттік қызметті стандарттау енді ғана басталды. Тіпті өнеркәсіп саласында да белгілі бір дәрежеде стандарттардың болмау проблемасы бар. Атап айтқанда, энергияны үнемдеу, жаңа урбанизация, ақпараттандыру және индустрияландыру, электрондық коммерция, сауда және логистика саласындағы стандарттарға сұраныс қазіргі уақытта өте үлкен, бірақ бұл сұранысты қанағаттандыруда әлі де үлкен алшақтық бар.

Екіншіден, «стандарттар қақтығысы» бірыңғай нарықтық жүйені құруға ықпал етпейді. Стандарттар өндірістік және іскерлік қызметтің негізі болып табылады және маңызды нарықтық қағидалар болып табылады. Стандарттардың біркелкілігі мен беделін арттырған жөн.

Үшіншіден, стандарттау жүйесі нарықтық экономиканың қажеттіліктерін жеткілікті түрде ескермейді. Ұлттық стандарттарды үкімет (басқару органдары), ал олардың көп бөлігі – бұл өнімдер мен көрсетілетін қызметтерге арналған жалпы стандарттарды белгілейді. Осы стандарттардың көпшілігі нарық қағидаларына сәйкес нарық қатысушылары қалыптастыруға тиіс. Нарық өз шешімдерін қабылдай алады.

Осылайша, ұлттық стандарттау жүйесінде жоғарыда аталған басымдықтарды іске асыру арқылы стандарттау жөніндегі құжаттарды қолданудың және енгізудің жоғары деңгейіне қол жеткізуге болады.

6-ТАРАУ

СТАНДАРТТАУДЫҢ ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН АРТТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ

6.1. Стандарттау жөніндегі жұмыстардың тиімділігі

Стандарттаудың экономикалық тиімділігін анықтау – ел экономикасының белгілі бір бағыттарына қатысты күрделі міндет. Стандарттаудың экономикалық проблемалары ғылыми-техникалық прогреспен және әртүрлі салалардың экономикасымен тығыз үйлеседі.

Орындалатын міндеттердің көп қырлығының арқасында стандарттау жекелеген салалардың және жалпы экономиканың дамуына елеулі әсер етеді.

Өте жоғары сапалы стандартталған өнімді өндіру көбінесе айтарлықтай қосымша шығыстарды талап етеді және өндірістің өзіндік құнын арттыруға әкеледі, бұл өндіруші үшін экономикалық тұрғыдан тиімді емес. Алайда, сапасы мен тұтынушылық қасиеттерінің жақсаруына байланысты мұндай өнім пайдалану кезінде қолайлы болады және тұтынушылар арасында жоғары сұранысқа ие болады. Дайындаушы стандартты қолданудан біршама артықшылыққа ие болған кезде кері жағдай туындауы мүмкін (мысалы, өндірістік процестерді кеңінен біріктіру), ал тұтынушы бұйымның

сапасына риза болмауы мүмкін.

Стандарттау экономиканың әртүрлі салаларын ұтымды ұйымдастыруға және құзыретті басқаруға ықпал етеді.

Бұл жалпы елде де, жекелеген салаларда да өндірістің дамуына әсер етеді, бұл оның жан-жақты табиғаты мен мүмкіндіктеріне негізделген. Стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, әсіресе стандарттарды әзірлеу және енгізу барлық экономика үшін экономикалық, техникалық және әлеуметтік салдарлары бар. Сонымен қатар, бұл салдар әртүрлі салаларда өте қарама-қайшы және қарама-қарсы бағытта болуы мүмкін.

Алайда, көбінесе стандарттарды енгізу және жоғары сапалы стандартталған өнімдерді шығару өндірушіден біршама қосымша шығындарды талап етеді, өндіруші үшін тиімсіз болуы мүмкін.

Сонымен қатар, пайдалану кезінде мұндай өнімдер тиімді, өйткені оның жоғары тұтынушылық қасиеттері бар. Керісінше, өндіруші біршама артықшылыққа ие бола алады, мысалы, өндірістік процестерді кеңінен біріктіру кезінде, ал тұтынушы бұл артықшылықтарды сезінбейді.

Стандарттау жөніндегі шараларды жүргізу салдарының мұндай күрделі және қарама-қайшы сипаты оның экономикалық тиімділігін анықтау қағидаттары мен әдістеріне біршама әсер етеді.

Стандарттарды әзірлеу мен қолданудан жалпы еліміздің кәсіпорындары мен экономикасы қандай нәтиже немесе пайда алады?

Стандарттаудан әсердің жарқын мысалы

ҚР СТ 3361-2022 «Сәйкестікті бағалау. Цемент және портландцемент клинкерінің сәйкестігін растау тәртібі» ұлттық стандартын әзірлеу болып табылады.

Осы стандартты енгізу арқылы ҚР аумағына әкелінетін контрафактілік цемент саны азайды:

- 2021 жылы 10 ай ішінде цемент өндірісінің тарихи рекорды - 11.2 млн. тонна цемент;
- өндіріс 19%-ға өсті;
- үшінші елдерден (ЕАЭО емес) импорт 60%-ға төмендеді.


6.1-6.4-суреттерде цемент, табиғи тас, бояу өнімдері мен радиаторлардың сертификаттарын әзірлеу және енгізу нәтижелері көрсетілген.

Бүгінгі таңда стандарттау өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, өнеркәсіптік қайта құрулар мен жаңғыртуды ынталандыруда, экономикалық тиімділікті арттыруда және өндіріс тиімділігін арттыруда, сондай-ақ сыртқы саясат пен сыртқы саудаға қызмет көрсетуде маңызды рөл атқарады.

Стандарттарды қолданудың экономикалық әсері стандарттау бойынша жүйелі зерттеулердің пәні болып табылады және көптеген жылдар бойы есептеу әдістерінің де, осындай зерттеулердің нәтижелерінің нақты материалының да біршама көлемі жинақталды.

Қазақстандық цементті сертификаттау жөніндегі шаралар кешенін енгізудің әсері

ЦЕМЕНТ



1. Шымкент қ. – 29,5 %
2. Ақмола облысы – 6,9 %
3. Алматы облысы – 1,1 %
4. Жамбыл облысы – 14,7 %
5. Қарағанды облысы – 15,2 %
6. Қостанай облысы – 0,3 %
7. Қызылорда облысы – 4,7 %
8. Түркістан облысы – 0,8 %
9. Маңғыстау облысы – 8,1 %
10. ШҚО – 18,8 %

Өндіріс көлемі –
15 зауыт



**16,5 млн.
тонна**

Өткізу нарығы

1 879 691,4 т.
791 455,1 т.

ҚР және ТМД



Өзбекстан, Түрменстан, Қырғызстан, Ресей, «КаспийЦемент» ЖШС, «Central Asia Cement» АҚ, «Қарағанды цемент зауыты» «Шымкентцемент» зауыты, «Бұқтырма цемент компаниясы»

Иран және РФ

Нормалау

Қауіпсіздік талаптары

«Гимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» ҚР техникалық регламенті 2010 ж. 17.11 №1202. Міндетті сертификаттау

Сапа талаптары

ГОСТ 31108-2016, ГОСТ 22266-2013 (EN197-1:2011), ГОСТ 30515-2013 (EN197-1:2011, EN197-2:2000) және басқа да стандарттау жөніндегі құжаттар

СРО/СЗ

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ (УССО) және оның филиалдары, «Парасат 2050» ЖШС СЗ, «Жол» ЖШС СЗ және т.б.

Проблемалар



- Импортталатын цементтің үлкен көлемі.
- Бұрмаланған цементтің нарықта болуы
- РФ-да цемент экспортының қиындығы

Шешу жолдары



- «Гимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» ҚР ТР-ға ұлттық стандарттар негізінде сәйкестікті растау жөніндегі нормаларды енгізу қажет;
- ҚР СТ 3361-2019 «Гимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» ҚР ТР-ға енгізу;
- «САПА ИНТЕРЖУЙЕ» ЖШС ЗО ГОСТ Р 56836-2016 сәйкестік сертификаттарын беруге аккредиттеу;
- Мем.сатып алу шеңберінде СВО ай сайын техникалық спецификацияларға талдау жүргізу;
- ГОСТ 30515-2013, ГОСТ 22266-2013 қайта қарау, ГОСТ 6139-2003-не өзгерістер енгізу, ГОСТ 31108-2020 қолданысқа енгізу;
- ЦЕМЕНТТІ үлгілерді кейіннен іріктеу және өнімді сынау үшін ҚР ТР талаптарына оның сәйкестігін мем.бақылау жүргізу үшін өнім тізбесіне енгізу;
- Қазақстандық цементтің ерікті сертификаттау жүйесін құру

Нәтижелер



- Отандық цементтен ішкі нарықта толық толтыру;
- Цемент импортының көлемін 2 есеге азайту және саланың жыл сайынғы өсімін 15 млрд.т.
- Жаңа ірі өндірісті құру;
- Жаңа жұмыс орындарын құру – 2 мың астам;
- Көлік-сауда секторын дамыту;
- Перспективада цемент экспортын 2 есеге көбейту

6.1-сурет - Қазақстандық цементті сертификаттау жөніндегі шаралар кешенін енгізудің әсері

Табиғи тасты сертификаттау бойынша шаралар кешенін енгізудің әсері



ТАБИҒИ ТАС

ӨНДІРУШІЛЕР

«Караван-Темір» ЖШС, «Яровит» ЖШС, «Verona Stone» ЖШС, «Vills Stone» ЖШС, «Кристал» фирмасы» ЖШС, «Мультиплекс Групп» ЖШС, «Қарағанды Гранит» ЖШС, «Қазпромкірпіш» ЖШС, «Бумеранг Company LTD» ЖШС, «Turan Industry» ЖШС

ӨНДІРІС КӨЛЕМІ

90 730 тонна

ӨТКІЗУ НАРЫҒЫ

Қазақстан (мем.сатып алулар, «Самұрық Қазына» АҚ, екі жақты келісімдер), Ресей.



Импорт

69 415,85 тонна

Иран, Қытай, Өзбекстан, Тәжікстан, Грузия, Әзірбайжан және т.б.



Экспорт

4 309,09 тонна

Ресей

Нормалау

Қауіпсіздік талаптары
Реттелмейді

Сапа талаптары
ГОСТ 9479-2011, ГОСТ 9480-2012, ГОСТ 23342-2012, ГОСТ 32018-2012, ҚР СТ 3619-2020 және басқа да стандарттау жөніндегі құжаттар

СРО/СЗ
«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ (ҰССО) ӨЖҚ СРО, және оның филиалдары, «Astana stroi control» ЖШС СЗ, «Аналитик АФ» ЖШС ӨЖҚ СРО және т.б.

Проблемалар

- Ішкі нарықта бұрмаланған **табиғи тастың** болуы;
- Сұр сәйкестік сертификаттарының болуы;
- Төмен бағада импорттың үлкен көлемі.

Шешу жолдары

- «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» ҚР ТР-ға **табиғи тас** объектісін енгізу;
- ҚР ТР жобасына ҚР СТ 3619-2020 енгізу;
- Мем.сатып алу шеңберінде СҰО мем.сатып алу және Самұрық Қазына порталында тех.спецификацияларға ай сайын талдау жүргізу;
- Мем.бақылау - үлгілерді кейіннен іріктеу және өнімді сынау үшін ҚР ТР талаптарына оның сәйкестігін мем.бақылау жүргізу үшін өнім тізбесіне енгізу;

Нәтижелер


- Ішкі нарықта отандық өндірушілер өнімдерінің үлесін көбейту бюджетке салықты көбейтуге ықпал етеді;
- Табиғи тас** импорты көлемін азайту;
- Перспективада **табиғи тас** экспортын арттыру

6.2-сурет - Табиғи тасты сертификаттау бойынша шаралар кешенін енгізудің әсері

Лак-бояу өнімдерін сертификаттау жөніндегі шаралар кешенін енгізудің әсері



ЛАК-БОЯУ ӨНІМІ



1. Қостанай облысы – 4%
2. Қызылорда облысы – 1%
3. Маңғыстау облысы – 1%
4. ОҚО – 6%
5. Павлодар облысы – 15%
6. СҚО – 2%
7. ШҚО – 15%
8. Нұр-Сұлтан – 3%

9. Алматы – 8,1%
10. Ақмола облысы – 3%
11. Ақтөбе облысы – 4%
12. Алматы облысы – 4%
13. Атырау облысы – 5%
14. БҚО – 2%
15. Жамбыл облысы – 3%
16. Қарағанды облысы – 19%

ӨТКІЗУ НАРЫҒЫ

ҚР (мем.сатып алулар, «Самұрық Қазына» АҚ, екі жақты келісімдер), ТМД.

74 447 тонна

64 205 т.
92 176 т.

Экспорт

Импорт

ТМД елдері, Тәжікстан, Үндістан, Ауғанстан және басқа да әлем елдері. («Белый дом» КТ, «Saudi Paint» ЖШС, «Дермава» ЖШС, «Аліна» КТ, «МАИ» ЖШС, «Nanotech Paints» ЖШС, «Алматы бояулары» ЖШС және т.б.

Ресей Федерациясы, Қытай халық республикасы, Түркия, Польша, Финляндия, Германия, Швейцария, Италия және басқа да әлем елдері

Нормалау

Қауіпсіздік талаптары

«Лак-бояу материалдары мен еріткіштерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» ҚР техникалық регламенті 2007 ж. 29.12 №1398. Міндетті және ерікті сертификаттау

Сапа талаптары

ҚР СТ 3262-2018, ГОСТ 30884-2003, ГОСТ 28196-89 және басқа да стандарттау жөніндегі құжаттар

СРО/СЗ

«АССО» АҚ, және ҚР бойынша филиалдары, «сервис-М» ЖШС, «Сертификат және сынау орталығы» ЖШС, «Тарту-Стандарт» сертификаттау орталығы ЖШС, «Принсипский центр сертификации» ЖШС, «ҚазОңтүстікҚұрылысСертификат» ЖШС, «КазСертификат» ЖШС, «Kamkor Service» ЖШС СЗ және т.б.

Проблемалар



- Контрафактілі өнімнің болуы;
- Жоғары құны және шикізаттың жетіспеушілігі;
- ГОСТ талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің болуы;
- Карантиндік шектеулермен шығарылатын өнімдердің көлемі азайтды;
- ҚР ТР еуропалық стандарттарға сәйкес келмейді

Шешу жолдары



- «Лак-бояу материалдары мен еріткіштерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» ҚР ТР оны Еуропалық стандарттарға сәйкес **кетіру** үшін қайта қарау;
- Жалпы талаптарды белгілеу үшін «Лак-бояу материалдарының қауіпсіздігі туралы» ЕАЭО ТК қабылдау;
- Үгіліерді кейіннен іріктеу және өнімді сынау үшін ҚР ТР талаптарына сәйкестігіне сынау жүргізу үшін өнім тізбесіне енгізу;
- Мем.сатып алу шеңберінде СҮО тек.спецификацияларға ай сайын талдау жүргізу;
- Талаптары ескірген және қазіргі заманғы талаптар мен техникалық нормаларға сәйкес келмейтін мемлекетаралық стандарттарды қайта қарау қажет. Стандарттарды жаңырту;
- ЕАЭО ТР 041/2017 қолданысқа енгізу мерзімін 2022 жылдың 30 қарашасына жоспарланған ауыстырылуына байланысты «Химиялық өнім қауіпсіздігі туралы» ҚР ТР қайта қарау қажет (Қазақстан республикасының 2007 жылғы 21 шіңбердегі №302 Заңы)

Нәтижелер



- Отандық **ЛБМ** ішкі тартықта толық толтыру;
- **ЛБМ** импорттың көлемін 2 есеге азайту;
- Саланың **10 млрд теңгеге** жыл сайынғы өсімі;
- Жаңа ірі өндірістерді және жұмыс орындарын құру;
- Көлік-сауда секторын дамыту;
- ЛБМ экспортын **2 есеге** көбейту.

6.3-сурет - Лак-бояу өнімдерін сертификаттау жөніндегі шаралар кешенін енгізудің әсері

Стандарттау жөніндегі жұмыстардың тиімділігі стандарттар салыстырмалы түрде төмен құны бар құжаттар ретінде жүзеге асырылған кезде қызметті, өнімдерді, көрсетілетін қызметті жақсартуға мүмкіндік беретіндігінде көрінеді, яғни сатып алынған стандарттың құнынан бірнеше рет жоғары пайда табуға болады.

Радиаторларды сертификаттау жөніндегі шаралар кешенін енгізудің әсері



РАДИАТОРЛАР

Өндірушілер



«Сантехпром», «СКЛАД ОВ», «Шойын-темір КЗ», «ПО ҚазМетСервис»

Өткізу нарығы



Қазақстан (мем.сатып алулар, «Самұрық Қазына» АҚ, екі жақты келісімдер),



Импорт



21 381 876.00 \$

KERMI FKO (Ресей), ELSER ERK(Чехия), PURMO COMPACT (Польша), BUDERUS LOGTREND, VK-PROFIL (Германия), «Лидея» Беларусь, Қытай радиаторлары

Нормалау

Қауіпсіздік талаптары
Қолданыстағы НҚА бойынша жүзеге асырылмайды.

Сапа талаптары
ГОСТ 31311-2005, ҚР СТ 3623-2020 (ЖШС СТ 990640000392-003-2018)

Өндіріс көлемі

31 210 600 \$

Ішкі нарықтағы отандық радиаторлардың үлесі
30% кем



Экспорт

212 665 \$

Ресей

СРО/СЗ

«Сантехпром» ЖШС СЗ, «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ (ҰССО) ӨзЖ СРО Алматы филиалы (Алматы және Қарағанды филиалдары)

Проблемалар



- техникалық регламенттермен реттелмейді;
- міндетті сертификаттау бойынша талаптар жоқ;
- төмен бағада сапасыз өнімнің салмағы;
- импортталатын радиаторлардың үлкен көлемі.

Шешу жолдары



- Радиаторларды «ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» КО ТР жобасына енгізу;
- Радиаторларды сертификаттау қағидалары мен сынау әдістеріне ҚР СТ әзірлеу;
- Мем.сатып алу шеңберінде СГО тех.спецификацияларға ай сайын талдау жүргізу;
- Мем.бақылау - үлгілерді кейіннен іріктеу және өнімді сынау үшін ҚР ТР талаптарына оның сәйкестігін мем.бақылау жүргізу үшін өнім тізбесіне енгізу;

Нәтижелер



- Ішкі нарықта отандық өндірушілер өнімдерінің **50 % дейін үлесін** көбейту бюджетке салықты көбейтуге ықпал етеді;
- Радиаторлар импортының көлемін **3 есеге** азайту
- Жаңа ірі өндірісті құру;
- Жаңа жұмыс орындарын құру – **2 мың адам**;
- Көлік-сауда секторын дамыту;
- Перспективада радиаторларды экспорттау

Ресей Федерациясының тәжірибесі – радиаторлардың сәйкестігін растаудың міндетті сертификаттауы қолданылады

6.4-сурет - Радиаторларды сертификаттау жөніндегі шаралар кешенін енгізудің әсері

Д.Ю. Тусинаның, А. Ю. Микитчактың «Стандарттаудың экономикалық әсерін анықтау» зерттеулеріне сәйкес стандарттау жөніндегі жұмыстардың тиімділігін анықтау мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

- мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттау жоспарларына стандарттау жөніндегі нақты жұмыстарды (жаңа стандартты әзірлеу, қолданыстағы стандартқа қайта қарау немесе өзгерістер енгізу) енгізудің орындылығы негіздемесі;
- стандарттарға енгізілген талаптардың өте оңтайлы нұсқаларын таңдау;
- стандарттау саласындағы қызметтің нәтижелілігін бағалау.

Стандарттау жұмыстарының тиімділігі оның келесі негізгі түрлерінде көрінеді:

- ▶ экономикалық;
- ▶ техникалық;
- ▶ ақпараттық;
- ▶ әлеуметтік.

Стандарттау жөніндегі жұмыстардың экономикалық тиімділігі нақты стандартты (стандарттар тобын) қолдануға байланысты өндірісті жобалау, дайындау кезінде, өндіріс, айналым, қолдану (пайдалану) және кәдеге жарату процесінде шығындарды (шығыстарды) азайту нәтижесінде қол жеткізеді.

Стандарттау жөніндегі жұмыстардың техникалық тиімділігі стандартты қолдану нәтижесінде алынған техникалық әсерлердің салыстырмалы көрсеткіштерінде: мысалы, қауіпсіздік деңгейінің жоғарылауында, зиянды әсерлер мен шығарындылардың (ағындардың) төмендеуінде, өндірістің немесе пайдаланудың материал немесе энергия сыйымдылығының төмендеуінде, ресурстың жоғарылауында, сенімділікте және т.б. көрсетілуі мүмкін.

Стандарттау жөніндегі жұмыстардың ақпараттық тиімділігі өзара түсіністік үшін қажетті ақпаратты ұсыну мен қабылдаудың бірлігіне қол жеткізуде (терминдер мен анықтамаларға арналған стандарттар және т.б.), оның ішінде шаруашылық субъектілерінің бір-бірімен және мемлекеттік басқару органдарымен шарттық-құқықтық қатынастарында, халықаралық ғылыми-техникалық және сауда-экономикалық қатынастарда көрініс табуы мүмкін.

Әлеуметтік тиімділік іс жүзінде іске асырылатын өнімге қойылатын міндетті талаптар халықтың денсаулығы мен өмір сүру деңгейіне, сондай-ақ басқа да әлеуметтік маңызды аспектілерге оң әсер ететіндігі болып табылады. Бұл өндірістік жарақат деңгейінің төмендеуі, науқастық деңгейі, өмір сүру ұзақтығының артуы, әлеуметтік-психологиялық климаттың жақсаруы және т.б. көрсеткіштерінде көрінеді.

Стандарттаудың экономикалық әсері бұл үшін қажетті шығындарды ескере отырып, стандартты енгізу нәтижесінде қоғамдық өндірістегі еңбек үнемдеуі деп түсініледі. Ол ақшалай

немесе заттай (материалдарды үнемдеу, еңбек сыйымдылығының төмендеуі, жабдықтар мен аудандарға қажеттіліктің төмендеуі, жобалау және өндіріс циклдерінің ұзақтығының қысқаруы) түрде көрсетілуі мүмкін.

Стандарттаудың экономикалық әсеріне екі негізгі дереккөз есебінен қол жеткізуге болады:

- 1 оны пайдалану саласында шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту нәтижесінде қол жеткізілетін үнемдеу, сондай-ақ әлемдік нарықтарда өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру нәтижесінде валюталық түсімнің өсуі;
- 2 өте ұтымды шешімдердің минимумы барлық мүмкін болатын нұсқалардан іріктеу нәтижесінде қол жеткізілетін үнемдеу. Бұйымның әртүрлі нұсқаларының санының азаюы арқылы шығарылатын өнімді біріздендіру бұйымның көп мөлшерін шығаруға мүмкіндік береді. Стандарттаудың арқасында сала қажетсіз және жиі кездейсоқ қалыптасқан әртүрліліктен арылады және материалдар мен бұйымдар өндірісін шоғырландыруға мүмкіндік алады.

Стандарттау үздік халықаралық стандарттарды үйлестіру есебінен жаңа өнімдер мен технологияларды енгізу мерзімдерін едәуір қысқартуға мүмкіндік береді.

Стандарттарды енгізуден экономикалық әсердің негізгі дереккөздері:

- өндірушіде өнімнің өзіндік құны мен келтірілген шығындарының төмендеуі;
- ресурстардың қызмет ету мерзімін ұлғайту, өтемпұлдық аударымдарды азайту;
- өнімнің сенімділігін арттыру;
- сынау ұзақтығын және ақаулы өнімді азайту, оның сапасын жақсарту және сақтау мерзімін арттыру;
- еңбек өнімділігін арттыру.

Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO) стандарттардың экономикалық тиімділігін бағалауға арналған сенімді құралдар жинағын ұсынатын ISO Guide 2.0 «Стандарттаудан экономикалық пайдалар» кезеңдік әдіснамасын әзірледі.

Осы әдіснамаға сәйкес ИСО 20-дан астам елден 30-дан артық кәсіпорынның стандарттарын қолданудан экономикалық пайдасын бағалауды жүргізді.

Осы әдіснама бойынша жүргізілген ISO зерттеулерінің нәтижелері стандарттар әлемге оң үлес қосатындығын, сауданы жеңілдететінін, білімді тарататындығын, технологияның инновациялық жетістіктерін тарататындығын, басқарудың және сәйкестікті бағалаудың әділ практикасымен бөлісетіндігін, сондай-ақ барлық қызмет салаларында, оның ішінде ауыл шаруашылығы, құрылыс, машина жасау, өңдеуші өнеркәсіп, көлік, денсаулық сақтау, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, қоршаған орта, энергетика, күзет және қауіпсіздік, сапаны басқару және көрсетілетін қызметтер саласында шешімдер мен пайда жетістіктерін көздейтінін көрсетеді.

Британия стандарттар институтының (BSI)

зерттеулері шеңберінде 2000, 2010 және 2015 жылдары үш зерттеу жүргізілді.

Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі экономикасының стандарттарынан (2018 ж.) экономикалық тиімділікті зерттеуге сәйкес, өнімділікке стандарттардың оң және елеулі үлесі – 1921-2017 жылдар аралығында Ұлыбритания экономикасындағы еңбек өнімділігінің жылдық өсуінің 37,4% – қолдауы дәлелденді, ол мынадай пропорцияда көрсетіледі: ЖІӨ-нің жылдық өсуінің 28,4%.

Неміс стандарттау институтының (DIN) стандарттау саласындағы зерттеулері Германиядағы жыл сайынғы стандарттау шығындары 700 миллион еуроға бағаланатынын көрсетті, ал стандарттаудан түскен экономикалық пайда 17 миллион еураны құрайды, бұл жалпы ішкі кірістің 0,7% құрайды.

Жалпы, осы зерттеулердің нәтижелері бойынша стандарттар экономикалық өсуге тұрақтандырушы әсер етеді деп айтуға болады, стандарттау үлесі ЖІӨ-нің 0,2% (Канада) – ЖІӨ-нің 0,8% (Франция, Австралия) деңгейінде бағаланады.

Сонымен қатар, стандарттау еңбек өнімділігінің өсуіне елеулі және оң әсер етеді (үлес 13%-дан 27%-ға дейін).

Қазақстан қызметінің түрлі салаларында стандарттауды енгізудің экономикалық әсері былайша бөлінеді:

- ▶▶ ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және жобалау-конструкторлық жұмыстар – 30-35% жуық;
- ▶▶ өндіріс саласы – 15-20% жуық;
- ▶▶ пайдалану және көрсетілетін қызмет – 50% жуық.

6.2. Стандарттауды дамытудың жаңа бағыттары

Өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мен қамтамасыз етудегі стандарттаудың рөлі адамның өмір сүру сапасын қамтамасыз етудің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

Стандарттау саласы стандарттау объектілері мен субъектілерін біріктіреді.

Стандарттау объектілері стандарттауға жататын немесе стандартталған өнімдер, процестер мен көрсетілетін қызметтер болып табылады.

Ұлттық стандарттау жүйесінің субъектілері мемлекеттік органдар, сондай-ақ стандарттау саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

Экономикалық қызметтің белгілі бір саласы ретінде стандарттауды түрлерге екі белгі бойынша бөлуге болады: қамту кеңдігі және функционалдық мақсаты.

Қамту кеңдігі мыналарды қамтиды: халықаралық, өңірлік және ұлттық.

Стандарттау – бұл техникалық реттеу жүйелерінің қозғаушы элементі және өлшем бірлігін қамтамасыз ету.

Сәтті стандарттау негізі стандарттау жөніндегі ұлттық органдарының тиімді жұмысы болып табылады. Өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мен қамтамасыз етудегі және Қазақстанда стандарттауды дамытудағы мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай іс-шараларды жалғастыру қажет:

● сұраныс пен қажеттілікке негізделген тәсіл;

- нәтижеге бағдарлану, нәтижелерді мониторингілеу;
- іс-шаралар кешені арқылы нәтижелерге қол жеткізу, тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- үнемі жетілдіру, нәтижелерді мониторингілеу және тәжірибе алмасу.

Бағыттардың бірі халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, перспективалы стандарттарға көшу болып табылады.

Бүгінгі таңда ДСҰ, ISO, ЕАЭО шеңберінде қауіпсіздікті, сапаны арттыруды, жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуді қамтамасыз ететін бірыңғай стандарттар пайдаланылады.

ЕАЭО шеңберінде бірыңғай стандарттар міндетті салада қауіпсіздіктің қажетті деңгейін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ артық реттеуді болдырмау және бизнеске жүктемені азайту үшін оңтайлы талаптарды белгілейді. Ерікті салада халықаралық және өңірлік стандарттарды ескере отырып, барынша жоғары талаптар белгіленеді, сондай-ақ жоғары бәсекеге қабілеттілікті және өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің перспективалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Стандарттар бірыңғай халықаралық және өңірлік талаптарды іске асыру тиімділігін арттырудың негізгі тетігі ретінде қолданылады

Әлем халқы өнім, өнімдер мен процестердің қауіпсіздігі, өнім шығару, өнімнің өмірлік циклі, көрсетілетін қызмет сияқты терминдерді күн сайын кездестіреді. Бұл стандарттау саласындағы заңнамада белгіленген бірыңғай терминдер мен анықтамалар шеңберінде екенін нақтылау қажет.

Өнім – материалдық-заттай нысанда ұсынылған және шаруашылық және өзге де мақсаттарда одан әрі пайдалануға арналған қызметтің нәтижесі.

Өнімдер мен процестердің қауіпсіздігі - өмірге, адам денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне зиян келтіруге байланысты жол берілмейтін тәуекелдің болмауы.

Өнімді айналымға шығару – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағында тарату мақсатында өнімді жеткізу (өткізу) немесе әкелу (оның ішінде дайындаушының қоймасынан жөнелту немесе қоймаға жинамай тиеу).

Өнімнің өмірлік циклі – өнімді жобалау (іздестіруді қоса алғанда), өндіру, салу, монтаждау, жөндеу, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу және кәдеге жарату процестері.

Көрсетілетін қызмет – нәтижелері материалдық көрінісі жоқ жеке және заңды тұлғалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Әлемде стандарттаудың түрлері бар екенін атап өтуге болады, мысалы: озық, кешенді және инновациялық.

Озық стандарттау – бұл қазіргі уақытта көптеген ұйымдар үшін қол жетпейтін объектілерге қойылатын талаптарды, нормалар мен қағидаларды, практикада қол жеткізілген деңгейге қатысты жоғары деңгейлерді белгілеу бойынша стандарттау түрі.

Озық стандарттау оның объектілерінің сапасын жақсартуға тиіс бағдарлар береді. Озық стандарттау саласындағы құжаттарды әзірлеу

кезінде ғылымды, техниканы, технологияны дамытудың перспективалық бағыттары, ғылыми болжау нәтижелері, қолда бар өнертабыстар мен патенттер ескерілуге тиіс.

Озық талаптар оларды қолдану мүмкіндіктеріне қол жеткізген кезде енгізілетін сатылы стандарттарда белгіленуі мүмкін. Мысалы, ЕО директиваларында белгіленген автомобильдердің зиянды шығарындыларының мөлшеріне қойылатын талаптар біртіндеп қатая түсті. Сонымен, пайдаланылған газдардағы тұншықтырғыш газ мөлшері 1992 жылы 4,5%-дан (Еуро 1) 2005 жылы 1,5%-ға дейін (Еуро 5) қысқарды. Еуро 5 және Еуро 6-да қауіпсіздіктің жаңа көрсеткіші – түтін енгізілді.

Кешенді стандарттау – кешен түрінде келісілген стандарттарды белгілеуге арналған өзара байланысты объектілерді стандарттау түрі. Стандарттар кешенін жобалау және әзірлеу кезінде дайын өнімге ғана емес, сонымен қатар шикізатқа, материалдарға, шала өнімдерге, жиынтықтаушы бұйымдарға, жабдыққа, процестерге, буып-түюге, бақылау әдістеріне қойылатын талаптар ескерілуге тиіс. Сонымен қатар, стандарттарды қолдану мерзімі бір-бірімен байланысты болуға тиіс.

Кешенді стандарттаудың мысалы ретінде негізгі және қосалқы шикізатқа, буып-түюге, таңбалауға және басқа да өзара байланысты объектілерге арналған стандарттар тізбесін ұсынатын өнімдерге арналған стандарттар (жалпы техникалық шарттар) бола алады. Стандарттаудың көрсетілген түрі бойынша жұмыстарды ұйымдастыру кешенді стандарттау бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

Инновациялық стандарттау – инновацияларды кеңінен тарату және қолдану тетігін құру мақсатында ғылым, техника және технология жетістіктерінің нәтижелерін стандарттарда регламенттеу жолымен стандарттау объектілерін ретке келтіру жөніндегі қызмет.

Ғылым мен технологияның жетістіктерін талдау және жалпылау, оларды стандарттарда реттеу инновацияларды кеңінен тарату мен қолданудың тиімді тетігін жасайды. Стандарттаудың жаңа инновациялық түрі пайда болды, оның маңызды қағидаттарының бірі ғылымның техника мен технологияның перспективалық жетістіктерін ескере отырып, әр 5 жыл сайын стандарттарды қайта қарауды көздейтін динамикалық, перспективалық және озықтық болып табылады.

Инновациялық стандарттауды әзірлеу мынадай схеманы іске қосудың ғылыми-әдістемелік тетігін жасайды: инновация - инновациялық стандарттау – инжиниринг – ұйымдарды дамытудың инновациялық жолы – ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігі – алдын ала ұлттық стандарттар.

Инновациялар экономикалық және/немесе әлеуметтік әсері бар инновациялар болғандықтан, инновациялық стандарттауды әзірлеу және қолдану ел экономикасының өрлеуін, сондай-ақ оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда әлем стандарттаудың мынадай негізгі бағыттарын анықтайды:

► ерікті негізде талаптарды белгілейтін және техникалық регламенттердің талаптарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін қолданыстағы

стандарттарды жетілдіру және жаңа стандарттарды әзірлеу;

▶ ұлттық стандарттау жүйелерін басқа елдердің халықаралық, өңірлік және прогрессивті ұлттық стандарттау жүйелерімен үйлестіру;

▶ стандарттау жөніндегі өңірлік және халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу арқылы стандарттау саласындағы халықаралық ынтымақтастық;

▶ стандарттарда тұтынушылар мен қоғамның сұраныстарына жауап беретін талаптарды белгілеу арқасында өнімдер мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

▶ ғылымды, экономиканы, техника мен технологияны дамытудың инновациялық жолын қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда ашықтық пен есеп беру сұраныс үнемі өсіп келе жатқан ақпараттандырылған тұтынушылық таңдаудың негізгі элементтері болып табылады. Мұндай жағдайда тұтынушыға өзі таңдаған өнімдер мен қызметтердің дәл өзі үшін берілетініне сенімділік бере отырып, стандарттар белгілі бір тәртіп пен әдіснаманы қамтамасыз ете алады. Бұған дұрыс сақтаған кезде жаңылысу тәуекелін азайтатын және тұтынушыларға берілген ақпаратты дұрыс, дәл, этикалық және оңай тексеруге көмектесетін онлайн шолулар, таңбалау және мәлімдемелерге арналған стандарттар кіреді. Қазақстан ISO мүшесі бола отырып, ISO президентінің «ISO жүйесінің

әдемілігі оның барлық мүдделі тараптарды, соның ішінде әртүрлі тәжірибесі, білімі мен көзқарасы бар тұтынушыларды жалпыға бірдей қабылданған озық тәжірибелер мен шешімдерді әзірлеу үшін біріктіру қабілетінде жатыр» деген сөзін қолдайды.

Әлемдегі өзгеріп жатқан демографиялық жағдайды, өсіп келе жатқан урбанизациялуды және ғаламдық жылынудың салдарын ескере отырып, біздің болашағымыз өте көңілсіз болып көрінетіні сөзсіз. Осы бір күрделі мәселенің мәнісі адамзат акценттерді бұрып жіберуге және өте икемді болуды үйренуге және үнемі өзгеріп отыратын ортаға тез әрекет жасай және бейімделе білуге тиіс дегенді білдіреді. Алдағы онжылдықты айтпағанда, ұйымның келесі жылға арналған стратегиялық жоспарын әзірлеу кезінде бұл оңай ерлік емес және өте қиын міндет.

Қоғамның өзгертін үміттері ISO және басқа стандарттау жөніндегі ұлттық органдарының (СҰО) бүгінгі күні қалай жұмыс істейтініне және қоғамның стандарттаудағы қажеттіліктерді ең жақсы қанағаттандыру үшін 2030 жылы қалай жұмыс істейтініне сөзсіз әсер етеді. Бұл үлкен ашықтыққа ұмтылуды және бұрын-соңды мұндай күшті болмаған стандарттарға әсер ететіндердің барлығының кеңірек қатысуын қамтиды. Мысалы, бұған жауап ретінде ISO өзінің ынтымақтастығын кеңейтті – және мұны салалық қауымдастықтар мен стандарттау органдары сияқты басқа ұйымдармен жалғастырады.

Бүгінгі таңда ISO ұйымдарға жоғарыда аталған мәселелерді шешуге және жетілдірілген әлем құруға арналған түрлі құралдарды ұсынуға дайын. Стандарттаудың болашағы зор болып табылады.

Соңғы 70 жыл ішінде ISO өнеркәсіптік прогреске ықпал ететін, әлемдік сауданы ілгерілететін және денсаулық сақтау жүйесін, қауіпсіздікті және қоршаған ортаның денсаулығын жақсартатын стандарттарды әзірледі. Бірақ бұл тек ISO және басқа СҰО үшін бастама болып табылады.

Болашаққа көз жүгіртсек, онда біздің әлем ұлттық шекарадан тыс көптеген қиындықтарға тап болатыны белгілі болады. Климаттың өзгеруі, су тапшылығы, киберқауіпсіздік және ірі масштабты көші-қон біз бүгінгі күнге дейін кездесетін және өзара байланысты және халықаралық әрекеттерді қажет ететін мәселелердің бір бөлігі ғана болып табылады.

Осы мәселелердің көпшілігі БҰҰ әзірлеген және 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты дамудың бөлігі болып табылатын 17 Тұрақты даму мақсатына енгізілген. 2015 жылы іске қосылған ТДМ келесі 15 жылға үлкен жоспарлар жасайды және кедейлікпен күресу, планетамызды қорғау және қоғамның өркендеуі сияқты халықаралық қызмет бағыттарын анықтайды.

ТДМ бейбітшілік пен өркендеуді нығайту, кедейлікті жою және планетаны қорғаудың өршіл жоспарын ұсынады. Олар бүкіл әлемде біздің әлемнің болашақ тұрақтылығы үшін қажет деп танылды.

Бұл іс-қимыл жоспары қоғамның барлық элементтерінің, соның ішінде жергілікті және ұлттық үкіметтердің, бизнестің, өнеркәсіптің және жеке тұлғалардың үлесін талап етеді. Сәтті болу үшін процесс консенсус, ынтымақтастық және инновацияны талап етеді.

ISO дүниежүзілік танылған басшылық қағидаттар мен халықаралық ынтымақтастыққа негізделген

қағидаттарды ұсынатын халықаралық стандарттар мен онымен байланысты құжаттарды жариялады. Консенсус негізінде құрылған олар инновациялардың өркендеуіне берік негізді қамтамасыз етеді және үкіметке, өнеркәсіпке және тұтынушыларға әрбір ТДМ-ға қол жеткізуге үлес қосуға көмектесетін маңызды құралдар болып табылады.

ISO SDG құралының көмегімен идеяларды іске асырады

Әрбір мақсат үшін ISO ең маңызды үлес қосатын стандарттарды анықтады. Бұл сайт өз ұйымының рөл атқаруының нақты жолын іздейтіндер үшін ресурс ретінде қызмет етеді. ИСО стандарттары техникалық шешімдерден бастап процестер мен рәсімдерді ұйымдастыратын жүйелерге дейін елестететін барлық салаларды қамтитындықтан, ТДМ әрқайсысына сәйкес келетін көптеген ИСО стандарттары бар.

Сондай-ақ, МЭК халықаралық стандарттары да, МЭК сәйкестігін бағалау жүйелері де барлық 17 ТДМ қол жеткізуге ықпал етеді. Олар барлық елдер мен салаларға тұрақты технологияларды енгізуге немесе құруға және озық тәжірибелерді қолдануға мүмкіндік беретін негізді қамтамасыз етеді, сондай-ақ инновациялар үшін де, сапа мен тәуекелдерді басқару үшін де негізді қалыптастырады.

Қазақстан Стандарттау жөніндегі ұлттық орган атынан ISO-ның толыққанды мүшесі бола отырып, 17 Тұрақты даму мақсаты шеңберінде жұмыс жүргізуде.

Әлемдік қоғамдастықтың алдында әлеуметтік, экономикалық және экологиялық проблемалардың тұтас кешені тұр және олардың саны өсуде. Біріккен

Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) инклюзивті экономикалық өсуді, адамдардың әлауқатын және планетаны қорғауды ынталандыру арқылы халықаралық деңгейде осы мәселелер бойынша ұжымдық жұмыс істеу және болашақта тұрақтылықты арттыру үшін алаң ретінде қызмет етеді. Олар жасыл және инклюзивті экономикаларды, сондай-ақ күшті және тұрақты қоғамдарды құру мүмкіндігі мен ұмтылысын көрсетеді.

Бүгінгі таңда ISO стандарттары даму мақсаттарына қол жеткізуде маңызды рөл атқарады: олар еркін және әділ халықаралық сауда, инновациялар мен технологиялық дамуды ынталандыру, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі келісілген ерекшеліктерді ұсыну арқылы сенімді нығайту үшін жағдай жасайды.

Қазақстан ISO стандарттарын қолданудан елеулі артықшылықтарға ие бола алады. Мемлекеттік деңгейде стандарттарды мемлекеттік саясатты және нормативтік реттеудің тиісті тәжірибесін қолдау үшін пайдалануға болады. Жеке сектор деңгейінде кәсіпорындар өз процестерінің, тауарлары мен көрсетілетін қызметтерінің мақсатқа сай пайдалануға жарамдылығын, сондай-ақ олардың өзара алмастырылуы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін стандарттарды қолдана алады. Егер тауарлар мен қызметтер бірыңғай стандарттар бойынша әзірленсе, тұтынушылар да ұтады, өйткені осылайша олар осы тауарлар мен қызметтердің сапалы, қауіпсіз және экологиялық таза екендігіне сенімді бола алады.

Стандарттарды енгізу техникалық мәселелерді шешумен шектелмейді, сонымен қатар тұрақты дамудың экономикалық, экологиялық және


әлеуметтік аспектілерінде оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда 17 ТДМ халықаралық стандарттар картасы шеңберінде СҰО ұйымдарға әр мақсатқа жетуге ең маңызды үлес қосуға көмектесетіндерді анықтады. ТДМ картаға түсіру құралы әлеуетті арттыру үшін ақпараттық негіз жасайды және мүдделі тараптар үшін маңызды ресурс ретінде қызмет етеді.

Мысалы, 17 ТДМ тұрақты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру шеңберінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін стандарттарды бейімдеу бойынша бірлескен жұмыс жүргізу ұсынылады. Бүгінгі таңда талдау ISO 27060 халықаралық стандарт әзірлегенін, оның ішінде 3375 ұлттық және мемлекетаралық стандарттар үйлестірілгендігін (2463 ҚР СТ, 912 ГОСТ) көрсетті.

Алайда, ESG қағидаттары бойынша ISO халықаралық стандарттарының тізбесі – 35 бірлікті; парниктік газдар саласында – 17 бірлікті; әзірлеу сатысында – ISO стандарттарының 29 жобасын құрайды. Ұлттық және тиісінше мемлекетаралық стандарттардың тізбесі: көміртегі ізіне – 31 ҚР СТ; атмосфераға зиянды заттардың шығарындыларына – 46 ҚР СТ (17 ГОСТ); энергия тиімділігі саласында – 34 ҚР СТ (31 ГОСТ) құрайды. 6.5-суретте бейімделген стандарттар санын көрсете отырып, 17 тұрақты даму мақсаты келтірілген.

Алдағы онжылдықта Жасанды Интеллект (ЖИ) дамыған елдердің экономикасын дамытудың басты драйвері болғандығына және жаһандық еңбек бөлінісінде жаңа нарықтарды бағындыру кезінде бірегей артықшылықтар жасауға мүмкіндік бергендігіне назар аударған жөн.

Тұрақты даму мақсаттары және оларды бейімдеу



6.5-сурет - Тұрақты даму мақсаттары және оларды бейімдеу

2018 жылдың басында Қытай «Жасанды интеллектіні стандарттау жөніндегі ақ кітап» жариялады. Құжатта Қытайда да, басқа елдерде де ЖИ реттейтін қолданыстағы стандарттар сипатталған. «Ақ кітап» ЖИ негізгі ұғымдарын, түпкілікті өнімдерді және технологияны қолдану

салаларын реттейтін стандарттарды әзірлеудің жаңа жан-жақты қамтылған жүйесін ұсынады. ЖИ стандарттарын әзірлеу үшін алты санатты жаңа құрылым ұсынылды:

- 1 ► негіздер (негізгі ұғымдар, эталондық сәулет);
- 2 ► платформалар мен қолдау (ақылды сенсорлар, чиптер, бұлтты есептеу, үлкен деректер);
- 3 ► негізгі технологиялар (бетті тану, дауысты тану, компьютерлік көру, толықтырылған шынайылық және т.б.);
- 4 ► өнімдер мен көрсетілетін қызметтер (ақылды роботтар, автономды дрондар, өзін-өзі басқаратын автомобильдер);
- 5 ► қолданбалар (ақылды өндіріс, ақылды логистика, ақылды қалалар және т.б.);
- 6 ► қауіпсіздік және этика – барлық санаттар үшін өтпелі болып табылады. Жоғарыда аталған бес санаттағы стандарттарды әзірлеумен қатар, оларға осы технологиялардың қауіпсіздігі мен этикалық қолданылуын қамтамасыз ететін стандарттар бөлек әзірленуге тиіс.

Этика саласында құжат төрт негізгі қағидатты ұсынады:

- адам мүдделері;
- жауапкершілік;
- ашықтық;
- құқықтар мен міндеттердің келісімділігі.

Соңғы қағидат, бір жағынан, компаниялардың коммерциялық мүдделерін келісуге, ал екінші жағынан, ЖИ жүйелерінің ашықтығын сақтауға бағытталған. Қытайлық «Ақ кітап» осы технологиялардың одан әрі қалыпты дамуы үшін шұғыл түрде әзірленуі және қабылдануы қажет ЖИ саласындағы 23 стандартты ұсынды. «Ақ кітаптан» 20-ға жуық стандарттар ISO қабылдауға қарастырылады, атап айтқанда, нейрожелілердің деректерін ұсыну нысанының тілі, модельдер компрессия стандарттары, білім карталары. Мұны халықаралық ЖИ стандарттарын белгілеудегі алғашқы жетістік деп санауға болады [14, 15].

Қазақстан ESG-стратегияларын әзірлеуге және енгізуге баса назар аударады. Бүгінгі күні ESG-дің бірыңғай жалпыға бірдей қабылданған анықтамасы жоқ, өйткені ESG-интеграциясының жалғыз сенімді тәсілі жоқ. Бұл процесс көбінесе ұйымның жеке ерекшеліктеріне, оның ресурстарына және клиенттеріне байланысты. Дегенмен, бірте-бірте – ESG бағалауын талдауға қосатын кәсіби инвесторлар саны өскен сайын инвестициялық практикаға осындай тәсілдерді тиімді енгізу тәжірибесі жинақталады.

ESG-интеграция әдісі талданатын компания немесе ел үшін материалдық маңызды болып табылатын экологиямен (E – environmental), әлеуметтік саламен (S – social) және (немесе) басқарумен (G – governance) байланысты факторларды талдау нәтижесінде анықталған тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалауды болжайды.

Компаниялардың ESG-ақпаратын талдайтын басты себептерінің бірі тәуекелдерді бағалау қажеттілігі болып табылады. Алайда, кейбір инвесторлар ESG-ақпаратын талдау қосымша инвестициялық

мүмкіндіктер ашуы мүмкін деп санайды. Нарықтан оза алатын және қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және басқару саласында көрсеткіштері өсіп келе жатқан компанияларды таба алатын инвесторлар ақыр соңында жеңіске жетуі мүмкін. Ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибенің көптеген мысалдары ESG-факторларын бағалауды дәстүрлі қаржылық талдауға қосудың артықшылықтарын растайды.

Анықтамалық:

Мысалы, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін 17 ТДМ тұрақты даму мақсаттарын енгізу және іске асыру шеңберінде стандарттарды бейімдеу бойынша іс-шаралар жүргізілуде. Бүгінгі таңда талдау ISO 27060 халықаралық стандарт әзірлегенін, оның ішінде 3375 ұлттық және мемлекетаралық стандарттар үйлестірілгендігін (2 463 ҚР СТ, 912 ГОСТ) көрсетті.

Алайда, ESG қағидаттары бойынша ISO халықаралық стандарттарының тізбесі – 35 бірлікті, парниктік газдар саласында – 17 бірлікті, әзірлеу сатысында – 29 ISO стандарттарының жобасын құрайды. Ұлттық және тиісінше мемлекетаралық стандарттардың тізбесі: көміртегі ізіне – 31 ҚР СТ, атмосфераға зиянды заттар шығарындыларына – 46 ҚР СТ (17 ГОСТ), энергия тиімділігі саласында – 34 ҚР СТ (31 ГОСТ) құрайды.

ESG - компаниялар тұрақты дамуды басқаруды қамтамасыз ететін үш параметр.

ESG өлшемшарттар (қағидаттар)

Экологиялық өлшемшарттар (Е – ағылш. environmental) компанияның қоршаған ортаға

қаншалықты көңіл бөлетінін анықтайды. Бұған парниктік газдар шығарындылары, қоршаған ортаның ластануы және табиғи ресурстарды пайдалану, экологиялық заңдарды сақтау сияқты мәселелер кіреді.

Тиімді ESG-стратегиясы компанияның пайдасына оң әсер етуі мүмкін шикізатты, суды немесе көміртекті тұтыну сияқты операциялық шығындармен күресуді болжайды.

Әлеуметтік өлшемшарттар (S – ағылш. social) компанияның қызметкерлерге, жеткізушілерге, клиенттерге және серіктестерге деген көзқарасын көрсетеді. Бұған сонымен қатар жұмысшылардың денсаулығы мен қауіпсіздігі, балалар мен құлдық еңбегін пайдалану, жұмысшылардың кәсіби дамуы, зиянды еңбек жағдайлары, адам құқықтарының сақталуы, тауарлардың сапасы үшін клиенттер алдындағы жауапкершілік жатады.

Ойластырылған ESG-стратегиясы компанияға құзыретті қызметкерлерді тартуға және сақтауға, қызметкерлердің ынтасын арттыруға және еңбек өнімділігін арттыруға көмектесетіні анықталды.

